ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университеті

М.Ө. Карамендина

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

(050729,050731,050420 мамандықтары
бойынша оқитын студенттер үшін)

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2012

ЖОК 811.512.122:69 (075.8)
Қ 41

**Қ 41** Карамендина М.Ө. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. – 206 б.
ISBN 978–601–228–338–9

*Ұсынылып отырған «Қазақ тілі» оқу құралы техникалық жоғары оқу орындарының сәулет және құрылыс мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған.*

*Оқу құралының басты мақсаты – мемлекеттік тілді техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне бағдарлы оқыту арқылы техникалық терминдердің мән-мағынасын түсіндіріп, меңгерту және оларды тәжірибеде еркін қолдану дағдысын қалыптастыру. Сонымен қатар, кәсіби бағдарлы мәтіндердің мазмұнын түсініп оқуға машықтандыру.*

ЖОК 811.512.122:69 (075.8)

Пікір жазғандар:
*Ерназарова З.Ш.,* пед. ғыл. докторы, Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ профессоры;
Сабитова З.К., фил. ғыл. докторы, әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы жоспары бойынша басылды

ISBN 978 – 601 – 228 – 338 – 9

© Карамендина М.Ө., 2012
© ҚазҰТУ, 2012

# КІРІСПЕ

Бүгінгі білім беру саласында көкейтесті мәселелердің бірі – мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту, оның іс жүзіндегі пайдалану мүмкіндіктерін жасау болып табылады. Осыған орай, жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін жоғары дәрежеге жеткізу міндеті көзделіп, мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер, тілашарлар көбейіп, әр түрлі бағыттағы әдістемелер ұсынылып отыр.

Ұсынылып отырған оқу құралы сәулет және құрылыс мамандықтары бойынша білім алатын техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Оқу құралының мазмұны мен құрылымы келесі шарттарға сай жазылған:

- студенттің мемлекеттік тілде оқытудың қатысымдық жағын күшейту арқылы түсінуіне ықпал ету;
- студенттің рухани, танымдық өресінің кеңеюіне мүмкіндік жасау.

Оқытудың кредиттік жүйесіне сай жасалған оқу құралы мазмұнының өзектілігі, түсініктілігі, берілген материалдардың жүйелілігі және танымдылығымен ерекшеленеді.

Оқу құралын пайдалану студенттерге оқу уақытын дұрыс өткізу, өздік жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру, сонымен қатар, танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, оқу құралында сәулет, құрылыс мамандықтарына қатысты негізгі мәтіндер, тапсырмалар, сұрақ-жауап үлгілері, танымдық-тәрбиелік бағыттағы материалдар, термин сөздердің түсініктемелері, аудармалары, оларға қатысты нақты тапсырмалар берілген.

Танымдық-тәрбиелік бағытта ғибратты, қанатты сөздер, ұлы тұлғалардың ой толғамдары, шешендік сөздерге мән берілген.

Ұлттық болмысты ұлықтау мақсатында студенттерге мамандығына сәйкес материалды меңгертумен қатар, олардың жалпы дүниетанымы, рухани әлемі, логикасын қалыптастыру жұмыстарына да көңіл бөлінді. Студенттердің ғылыми білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында «толық адам болу» концепциясынан да мәлімет берілген.

«Қазақ тілі» оқу құралында берілген жаттығулар студенттердің сәулет-құрылыс саласындағы мамандықтарға қатысты білімін жетілдіреді, сөздік қорын байытады, терминдермен жұмыс істеуге, оларды түсініп меңгерулеріне, болашақта мамандықтары бойынша пікір алмасып, тілдік қарым-қатынас жасауларына бағыт береді.

## ФОНЕТИКА
## Дыбыс және әріп

Сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылысты **дыбыс** дейді. Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді.

Дыбысты таңбалау үшін алынған белгіні әріп дейді. Яғни әріп – дыбыстың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді.

Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынын алфавит дейді. Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады және олардың тізбектелген қатары мынадай: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я.

Қазақ тілінде дыбыс саны – 37.

Қазақ тіліне тән әріптер (9): ә, ө, ү, ұ, і, қ, ғ, ң, һ.

### Дауысты дыбыстар

| 1.Тілдің қатысына қарай | | 2. Еріннің қатысына қарай | | 3. Жақтың қатысына қарай | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жуан<br>а, о,<br>ы, ұ, у | Жіңішке<br>ә, ө, ү, і,<br>е, и | Еріндік<br>о, ө, ұ,<br>ү, у | Езулік<br>а, ә, е, ы,<br>і, и | Ашық<br>а, ә, о,<br>ө, е | Қысаң<br>ұ, ү, ы,<br>і, и |

**Дауыссыз дыбыстар үн мен салдардың қатысына қарай ұяң, үнді және қатаң болып 3-ке бөлінеді**

| | | |
|---|---|---|
| **1** | Ұяң | б, в, г, ғ, д, ж, з, һ |
| **2** | Үнді | й, л, м, н, ң, р, (у) |
| **3** | Қатаң | қ, к, х, ц, п, т, ф, с, ш, щ, ч |

### Буын

• Буын – сөзді айтқан кездегі дауыстың толқыны.

• Буынды сөздегі дауысты дыбысқа негізделеді. Яғни, сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.

• Қазақ тілінде буынның 3 түрі бар:
1. ашық буын
2. тұйық буын
3. бітеу буын

**Буынның түрлері**

| Түрлері | Мысалдар | |
|---|---|---|
| 1. Ашық буын | Бір дыбысты | Екі дыбысты |
| | а-та, ә-ке, а-па, і-ні<br>а-на-ла-ры-мыз-ға | ба-ла, қа-ла-ға |
| 2. Тұйық буын | Екі дыбысты | Үш дыбысты |
| | От, ат, ет, ер, ел<br>Ұн, ін, ол, іс, үш | Ант, өрт, ұлт |
| 3. Бітеу буын | Үш дыбысты | Төрт дыбысты |
| | тас, тіс, қыс, гүл<br>күш, тіл, мыс, жаз | қант, жент, тарс, тұрс<br>жұрт, төрт, құрт, бұлт |

**Үндестік заңы**

Үндестік заңы дегеніміз – сөз ішіндегі дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, біркелкі болып қолданылуы.

Үндестік заңының 2 түрі бар: буын үндестігі және дыбыс үндестігі.

**Буын үндестігі**

Буын үндестігі – сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың біріңғай жуан не жіңішке болып үндесуі.

**Дыбыс үндестігі**

**Дыбыс үндестігі дегеніміз – қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі. Оның 2 түрі бар:**

1. ілгерінді ықпал
2. кейінді ықпал

## Ілгерінді ықпал

Ілгерінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың біріншісінің өзінен кейінгі дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Ілгерінді ықпалдың кездесетін орындары:

1) Сөз бен қосымша арасында: қаш-са (қашша)

2) Екі сөз арасында: ақ балық (ақ палық)

3) Күрделі сөздерде:

а) біріккен сөз: көзқарас (көзғарас)

ә) тіркескен сөз: ала кел (ала гел)

б) қос сөз: құрбы-құрдас (құрбы-ғұрдас)

## Кейінді ықпал

Кейінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың соңғысының өзінің алдыңғы дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Кейінді ықпалдың кездесетін орындары:

1. Түбір мен қосымша арасында: бас + шы – башшы;

2. Екі сөз арасында: ақ лақ (ағ лақ)

3. Күрделі сөздерде:

а) біріккен сөз: Есенгелді (Есеңгелді)

ә) тіркескен сөз: он бес (ом бес)

б) қос сөз: астан-кестен (астаң-кестең)

## ЛЕКСИКА

**Жаңа сөз (неологизм)** – ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданысқа енген жаңа сөз. Мысалы: кеден, ұшақ, жарнама, делдал, кешен, құжат, т.б.

**Термин сөз –** ғылым, техника, спорттың белгілі бір салаларына жататын сөз. Термин бір ғана тура мағыналы сөз болып келеді. Мысалы:

1. Лингвистикалық терминдер: дыбыс, фонетика, лексика.
2. Физикалық терминдер: оптика, энергия, қуат, күш.

**Кәсіби сөз** – белгілі бір кәсіп, шаруашылық, өнерге байланысты қолданылатын және негізінен сол кәсіппен айналысатындарға ғана түсінікті сөз. Мысалы: жылым, ау, атыз, тоспай.

**Тұрақты тіркес** – сөздердің орны әбден қалыптасқан және құрамындағы сөздерден мүлдем басқа мағына беретін тіркес.

Тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге, басқа сөзбен ауыстыруға келмейді. Мысалы: тілді үйіреді (тәтті), көз шырымын алу (ұйықтау), тайға таңба басқандай (анық), ит өлген жер (алыс).

**Антоним** – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Мысалы: аласа-биік, ұзын-қысқа, ақ-қара, жақын-алыс, су жүрек-жүрек жұтқан.

**Омоним** – дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер. Мысалы: «Жақ» омоним сөзінің мағыналары:

Адамның жағы /От жақ /Оң жақ / Маған жақ бол /

Қара бояу жақ

Омонимдердің жасалу жолдары:

1. Жұрнақ арқылы: шығыс (шық + ыс), жастық (жас+ тық);
2. Кірме сөз арқылы: бақ (парсы. «бақт»), сап (араб. «саф»);
3. Сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы: біз (бігіз);

**Синоним** – айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер. Мысалы: сабырлы, байсалды, төзімді, ұстамды, салмақты.

## ГРАММАТИКА




### Сөз таптары

***Сөздердің білдіретін мағынасына, тұлғасына, сөйлемдегі жеке қызметіне қарай топтарға бөлінуін сөз таптары дейміз.***

Қазақ тілінде 9 сөз табы бар. Олар:

1. Зат есім (адам, арман, еңбек, т.б.)
2. Сын есім (қызық, көк, ұзын, т.б.)
3. Сан есім (адам, арман, еңбек, т.б.)
4. Есімдік (ол, не? әлденеше, т.б.)
5. Етістік (күл, тыңда, ойла, т.б.)
6. Үстеу (кеше, жоғары, көп, жорта, т.б.)
7. Шылау (соң, үшін, сайын, да, т.б.)
8. Еліктеу (гүрс, желп-желп, жарқ, т.б.)
9. Одағай (пah, қап, шөре-шөре, т.б.)

## Зат есім

Сөз таптары ішінде ең көлемдісі – зат есім. Себебі, оның құрамына *кім? не? кімі? несі? кімдер? нелер?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздер яғни барлық айналаны қоршаған ортадағы зат, құбылыс атауы боп танылатын сөздер енеді.

| Ережесі | Түрлері | Мысал |
|---|---|---|
| Біркелкі заттарды, құбылыстарды жаппай атайтын сөздер | жалпы зат есім | Тау, құс, адам, өсімдік, т.б. |
| Жеке адамдарды, жеке заттарды, құбылыстарды жекелеп (даралап) атайтын сөздер | жалқы зат есім | Алатау, аққу, Ақерке, алабота, т.б. |
| Нақтылы тануға болатын зат атаулары | деректі зат есімдер деп аталады | Кітап, маман, дос, су, т.б. |
| Көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары | дерексіз зат есімдер деп аталады | Ауа, ой, бақыт, арман, т.б. |

## Зат есімнің түрлері

| Негізгі зат есім | Туынды зат есім | Күрделі зат есім |
|---|---|---|
| Тек түбірден жасалған зат есімдер | Жұрнақ жалғану арқылы жасалады | Екі не бірнеше сөздің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруынан жасалады. |
| Отан, ер, есім, т.б. | Қуан+ыш, шаттық, т.б. | Аққу, дос-жаран, ҚазҰУ |

## Сын есім

**Сын есім** – заттың сапасы мен сынын, көлемі, түр-түсі, сипатын білдіретін сөздер. Сын есім **қандай? қай?** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *ақылды жан, көрікті мекен, жазғы түн, темірдей төзім.*

Сын есім тұлғасына қарай негізгі және туынды сын есімдер, ал құрамына қарай дара және күрделі сын есімдер болып бөлінеді.

| **Сын есімнің белгілері** | |
|---|---|
| 1. Заттың түрін, түсін білдіреді | Ақ, қара, т.б. |
| 2. Заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді | Ұзын, аласа, кең, ауыр, т.б. |
| 3. Заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді | Әдемі, жақсы, жалқау, т.б. |
| 4. Заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді | Қышқыл, жұмсақ, тәтті, т.б. |
| 5. Затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді | Таулы, білімді, жазғы, жерсіз, ертеңгі, айдай, т.б. |

Сын есім мағынасына қарай сапалық және қатыстық сын есімдер болып бөлінеді.

## Сын есімнің жасалуы

Сын есім құрамы жағынан негізгі сын есім және туынды сын есім болып екіге бөлінеді.

| | |
|---|---|
| Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде жұмсалатын сын есімді негізгі сын есім дейді. | Сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған (өзге сөз табынан да) сын есімді туынды сын есім дейді. |
| Жақсы, әсем, асыл, ақ, сұлу, т.б. | Арыстан-дай, су-лы, тер-шең, ағаш-ты, ауыс-палы. |

| **Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар** | | **Етістіктен сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар** | |
|---|---|---|---|
| 1 | -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: үй-лі, өнер-лі, сән-ді, т.б. | 1 | -ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ, -ек: тырыс-қақ, тоң-ғақ, үр(і)к-ек, т.б. |
| 2 | сыз, -сіз: ойсыз, елсіз, жан-сыз, т.б. | 2 | -ық, -ік, -қ, -к: сын-ық, и(і)ре-к, біт-ік, т.б. |
| 3 | -ғы, -гі, -қы, -кі: сырт-қы, соң-ғы, түн-гі, т.б; | 3 | -ғыш, -гіш -қыш, -кіш: сен-гіш, айт-қыш, т.б. |
| 4 | -лық,-лік, -дық, -дік, -тық: азамат-тық, мәрт-тік, өлке-лік, т.б. | 4 | -ғыр, -гір, -қыр, -кір: ұш-қыр, ал-ғыр, біл-гір, т.б. |
| 5 | -шыл, -шіл: ұйқы-шыл, үй-шіл, сыр-шыл, т.б. | 5 | -шақ, -шек: ұрын-шақ, жасқан-шақ, сүрін-шек, т.б. |
| 6 | -шаң, -шең: сөз-шең, ашу-шаң, т.б. | 6 | -ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі: көтер-іңкі, шаш-ыңқы, салбыра-ңқы, т.б. |
| 7 | дай, -дей, -тай, -тей: үй-дей, ай-дай, ат-тай, т.б. | 7 | -ынды, -інді, -нды, -нді: асыра-нды, түй-інді, т.б; |
| 8 | -кер, -гер, -қой, -қор, -паз (-ымпаз, -імпаз): айла-кер, шай-қор, әсем-паз, т.б. | 8 | -малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі: көтер-мелі, жылжы-малы, көш-пелі, т.б. |
| 9 | -и, -ы, -і: тарих-и, қазақ-ы, араб-ы, т.б. | 9 | -ымды, -імді, -мды , -мді: шыда-мды, қон-ымды, келіс-імді, т.б; |
| Ескерту*:*<br>-лық, -лік,-дық,-дік, -тық, -тік жұрнағы зат есім де жасайды.<br>Салыстырыңдар: орам-дық (қағаз), адал-дық<br>-сыз, -сіз, -дай,-дей, -тай, -тей, -шаң, шең жұрнақтары үстеуде кездеседі.<br>Салыстырыңдар: тер-шең (жігіт), көйлек-шең (отырды). | | 10 | -ағаң, -еген: қаш-ағаң, сүз-еген, теб(п)-еген, қаб(п)-аған, т.б; |
| | | 11 | -улы, -үлі: қаңтар-улы, іл-улі, ая-улы, ас-улы, т.б; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: қыз-ба, бұра-ма, ес-пе, боя-ма, т.б. |
| | | 12 | -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, т.б.: боя-ма, кес-пе, қыз-ба. |

## Сын есімнің мағыналық түрлері

Жоғарыда сын есімдердің мағынасына қарай сын есім **сапалық сын есім** және **қатыстық сын есім** болып екіге бөлінетінін айтқанбыз. Сапалық сын есім мен қатыстық сын есімнің айырмасы, ең алдымен, білдіретін мағынасына байланысты болады.

| | |
|---|---|
| Негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайтын сын есім – **сапалық сын есім** | Заттың сын-сипатын басқа сөз табының (зат есім, есімдік, етістік, үстеулерге жұрнақ жалғанып жасалған туынды сын есім) қатысы арқылы білдіретін сын есім – **қатыстық сын есім** |
| Жасыл (ағаш), қызғылт (көйлек), ыстық нан, әдемі зат, т.б. | Темірдей (тәртіп), сусыз (жер), толық (жан), кестелі (орамал), т.б. |

## Сан есім

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешеу? нешінші? тәрізді сұрақтарға жауап беретін сөз табын сан есім дейді.

Сан есім дара сан есім, күрделі сан есім, құрамына қарай негізгі сан есім, туынды сан есім болып бөлінеді.


| **Құрылысына қарай** | | **Құрамына қарай** | |
|---|---|---|---|
| **Дара сан есім** | **Күрделі сан есім** | **Негізгі сан есім** | **Туынды сан есім** |
| Бір, мың, жүз, мил-лион, т.б. | Мың-мыңдап, екі-үштен, бір мың, т.б. | Он, бес, жүз, тоғыз, т.б. | Алт(ы)ау, жүз мың, сексен (сегіз он) он-оннан, т.б. |

Сан есім мағынасына қарай алтыға бөлінеді.

| **Мағыналық түрлері** | **Мысал** | **Мағынасы** |
|---|---|---|
| Есептік сан есім | *Бір* сағат өтті | Уақыт мөлшерін |
| Реттік сан есім | *Екінші* үйде тұрады | Заттың реттік санын |
| Жинақтық сан есім | *Бесеуі* жолға шықты | Заттық ұғымды (Кімдер?) |
| Болжалдық сан есім | *Жетпістей* адам келді | Зат (адамдардың) мөлшері |
| Топтау сан есім | *Бес-алтылардағы* бала | Зат (жас) мөлшері |
| Бөлшектік сан есім | *Екінің бірі* ән айтады | Заттық ұғымды білдіруде |

## Сан есімнің түрлері

Сан есімдер мағынасына қарай алты түрге бөлінеді: *есептік сан есім, реттік сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, жинақтық сан есім, бөлшектік сан есім.*




## Есептік сан есім

**Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп, қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді.**

| Дара | Күрделі |
|---|---|
| Елу, алты, жүз, алтау, миллион, миллиард, т.б. | Он жеті, жүз жиырма, бір-екі, бір милион екі жүз жетпіс мың, т.б. |

Берілген мәтіндегі заттың саналудағы ретін (қатарын) білдіріп тұрған сан есімдер **реттік сан есімдер** деп аталады. Олар **нешінші?** деген сұраққа жауап береді.

| | | |
|---|---|---|
| Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнағының орнына дефис (-) қойылады | Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе, жұрнақтың орнына дефис қойылмайды | Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есім араб цифрымен берілсе де, одан кейін дефис қойылмайды |
| 6-сынып, 2-орын, 5-қатар, т.б. | Энциклопедияның II томы, V бөлім, т.б. | 2010 жыл, 22 наурыз, т.б. |

Нешеу? деген сұраққа жауап беретін сан есімдер заттың жинақталған санын білдіріп**, жинақтық сан есімдер деп аталады**. Олар бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ау, -еу жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

| | | |
|---|---|---|
| Бір | -еу | Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. |
| Ек(і) | -еу | Екеу – жарасқан жұп. |
| Үш | -еу | Үшеу – ынтымақ, бірлік, татулық өрімі. |
| Төрт | -еу | Төртеу – түгелденер тұсың. |
| Бес | -еу | Бесеу – белін бекем буған ердің қаруы. |
| Алт(ы) | -ау | Алтау – алаштың туын тік көтерер елдің саны. |
| Жет(і) | -еу | Жетеу – сырын түсініп, ұғына білсең – киелі сан. |

Заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжалдап көрсетіп, қанша? неше? қай шамалы? қаншадай? деген сұрақтарға жауап беретін сан есімдер **болжалдық сан есімдер деп аталады.**

Болжалдық сан есімдердің жасалу жолына назар аударыңдар:

| 1. Есептік сан есімдерге -лаған (-леген), -даған (-деген), -таған (-теген), -лап (-леп), -дап (-деп), -тап (-теп), -дай (-дей), -тай (-тей) жұрнақтары жалғану арқылы жасалады | 2. Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады | 3. Есептік сан есімдерге шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады |
|---|---|---|
| Мысалы: мыңдаған, жүздеп, елудей, т.б. | Мысалы: он-он екілерде, қырық-елулердей, мың-мыңдаған, т.б. | Мысалы: жүзге тарта, мыңға жуық, елулер шамалы, т.б. |

**Нешеден? қаншадан?** деген сұрақтарға жауап беріп, заттың санын жекелеп емес, топтап көрсететін сан есім түрлері **топтау сан есімдері деп аталады.**

Жасалу жолы:

| Дара сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады | Күрделі сан есімдерге шығыс септігі жалғану арқылы жасалады |
|---|---|
| Екі+ден, жүз+ден, бес+тен, т.б. | Он бес+тен, екі-екі+ден |

Бүтін заттардың бөлшектік санын білдіретін сан есімдер **бөлшектік сан есімдер деп аталады**. Мысалы: *0,25 немесе төрттен бір (ширек), 0,50 немесе екіден бір (жарты), т.с.с.*

## Есімдік

Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретін сөз табы **есімдіктер** кейде орынбасар сөз табы деп аталады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді:

*1. Жіктеу есімдігі*: мен, сен, сендер, сіз, сіздер, ол, олар, біз, біздер.

*2. Сілтеу есімдігі*: ол, сол, бұл, осы, ана, анау, сонау, сона, әне, міне, әнеки, мінеки.

*3. Сұрау есімдігі:* кім? не? қалай? қашан? қандай? т.б.

*4. Өздік есімдігі*: өз, өзім, өздері, өзіміз, өзінен, өзімнің, өздеріңіз.

*5. Жалпылау есімдігі:* бар, барша, барлық, бәрі, күллі, бүтін, тегіс, түгел, (тамам, дүйім, мұқым, әмбе).

*6. Болымсыздық есімдігі:* ештеңе, ештеме, дәнеңе, дәнеме, ешкім, ешқашан, түк, дым.

*7. Белгісіздік есімдігі:* әр, қай, бір, біреу, әлде, кей (әркім, қайбір, әлдебіреу, әлдебір).

## Жіктеу есімдігі

**Белгілі бір (затқа, адамға қатысты) жақтық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі жіктеу есімдігі деп аталады.**

Жіктеу есімдіктерінің үш жағы және жекеше, көпше түрі бар.

| **жақ** | **Жекеше** | | **жақ** | **Көпше** | |
|---|---|---|---|---|---|
| I | Мен (**айтушы, сөйлеуші**) | | I | Біз **(айтушылар, сөйлеушілер)** | |
| II | Сен (**тыңдаушы**) | | II | Сендер **(тыңдаушылар)** | |
| II (сыпайы түрі) | Сіз (**тыңдаушы**) | | II | Сіздер **(тыңдаушылар)** | |
| III | Ол (**бөгде** жақ.) | | III | Олар (**бөгде** жақ) | |

| **жақ** | | | **жақ** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| I | сұрадым | | I | сұрадық | |
| II | сұрадың | | II | сұрадыңдар | |
| II (сыпайы түрі) | сұрадыңыз | | II | сұрадыңыздар | |
| III | сұрады | | III | Сұрады | |

## Сілтеу есімдігі

Сілтеу есімдіктері нәрсені, құбылысты, оқиғаны нұсқау, меңзеу, сілтеу сияқты мағынаны білдіреді. Сілтеу есімдіктері мыналар: бұл (бұ), осы, осынау, (осына), сонау (сона), ол, сол, мына, мынау, (мына), анау, (ана), әне, әнеки, міне, мінеки. **Қай? қайсы?** деген сұрауларға жауап береді.

## Сұрау есімдігі

**Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған барлық сұрақтар сұрау есімдігі болып саналады.**

Сұрау есімдігі: кім? не? қай? қандай? қанша? неше? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы? қашанғы? және т.б.

Зат есімге және зат есім орнына қолданыла алатын (заттанған) сөздерге қойылатын кейбір сұрақтарға көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар қосыла алады. Мысалы: кімім? кімдер? кіммін? кімге?

Сұрау есімдігі сөйлемде барлық сөйлем мүшесі қызметін де атқарады.

## Өздік есімдігі

**Өз** есімдігі түбір тұлғада басқа сөздермен тіркесіп келіп иемдену мағынасын береді. Түбір тұлғада өздік есімдігі зат есімді анықтап тұрады. Мысалы, өз үйім, өз балам, өз еңбегім, өз жұмысым, өз жұртың, өз табысың, өз ақылың, өз елі, өз жері, өз топырағы, т.б.

**Өз** есімдігі қосарланып та жұмсалады. Мысалы: өз-өзіне, өзімен-өзі, өзді-өзіне, өздерімен-өздері.

## Жалпылау есімдігі

Мағыналық жақтан кем дегенде екі я одан көп заттар мен құбылыстарды жинақтап, жалпылап айтатын есімдік түрі **жалпылау есімдігі** деп аталады.

Жалпылау есімдігіне: бәрі, бар (бар адам), барлық, барша, бүкіл, (бүтін, бүткіл) күллі, түгел, тегіс деген сөздер жатады.

## Белгісіздік есімдігі

**Белгісіздік есімдігі** деп заттар мен құбылыстарды, сындық белгі мен сан-мөлшерін нақты емес, жорамалдап нұсқап, меңзейтін есімдік түрін атаймыз.

Белгісіздік есімдігіне *(кей) бір, әр, әлде* деген сөздерден жасалған есімдіктер жатады:

| | |
|---|---|
| *Әлде, әр, кей, қай, бір* есімдіктері өзге есімдіктермен тіркескенде бірге жазылады. *Әлде-қашан, кейбіреу, т.б.* | *Әлде, әр, кей, қай, бір* есімдіктері зат есіммен тіркескенде бөлек жазылады. *Әр* жан, *кей* кісі, т.б. |
| Біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме (бірдеңе), әрне, әлдекім, әркім, әлдене, әрбіреу, әркайсысы, әлдебіреу тәрізді белгісіздік есімдіктері **зат есім** орнына жүреді. | Әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан есімдіктері **үстеу** мәнінде мезгілдік, мекендік мағынаны білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. |
| Қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір, әлдебір, әлдеқандай есімдіктері **сын есім** орнына жүреді. | Бірнеше, әлденеше есімдіктері **сан есім** орнына жүреді. |
| Жоғарыдағы мысалдардан байқалып тұрғандай, белгісіздік есімдігі түбір тұлғада да (бір, әр, кей, әлде) және туынды тұлғада да (біреу, әркім, кейбір, әлдеқашан, т.б.) келе береді. | |

## Болымсыздық есімдігі

Есімдіктің болымсыздық мағынаны білдіретін түрі **болымсыздық есімдігі** деп аталады.

| Болымсыздық есімдіктері | |
|---|---|
| **Еш, еш**-кім-нің**, еш**-кімге, **еш**-кімді, **еш**-кімде, **еш**-кім-нен, **еш**-кіммен (септеліп тұр), **еш**кім-ім, **еш**кім-ің, **еш**кім-іңіз, **еш**кім-і, **еш**кім-іміз (тәуелденіп тұр) | **Еш**-бір, еш-қандай, еш-қайсысы, (-ның, -на, -н, -нда, -нан, -мен) ештеңе, ештеме-м, ештеме-ң, ештеме-ңіз, ештеме-міз, ештеме-сі, дәнеңе-лер-і, дәнеме-лер-і, түк, дым, бірде-бір, кімде-кім, еш-қайдан |

## Етістік

**Етістік** – **заттың қимылын**, іс-әрекетін, жай-күйін **білдіретін** сөз табы. Етістік не істеді? не істейді? не істемек? не қылды? не қылады? қайтті? қайтеді? қайтпек? т.б. сұрақтарға жауап береді. Етістіктер **тұлғасына** қарай **негізгі, туынды** етістік болып бөлінеді.

| **Негізгі етістік** | **Туынды етістік** |
|---|---|
| Жеке тұрып сұраққа жауап бере алатын және өз алдына сөйлем мүшесі бола алатын толық мағыналы етістіктер | Басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалатын туынды түбір етістіктер |
| Кел, бар, бер, ал, т.б. | Ой(ы)н+а, шеге+ле, бас+қар, т.б. |

## Болымды етістік пен болымсыз етістік

Етістіктер, негізінен, іс-әрекеттің болуын, орындалуы мен жүзеге асырылуын білдіретін болымды мәнге ие. Олар – **болымды етістіктер.** Бұл етістіктер түбірі бұйрық райдың жекеше анайы II жақ тұлғасымен сәйкес келеді.

Ал қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіретін етістікті **болымсыз етістік** деп атайды.

**Болымсыз етістіктердің жасалуы:**

**1.** Болымсыз етістік негізгі я туынды түбір етістіктерге **-ба, -бе, -па, -пе, - ма, -ме** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы:

құшақта+ма, түкір+ме, бұз+ба, үз+бе, жыпылықтат+па, дандайсы+ма, өкпеле+ме, өрекпі+ме, өкін+бе, көрсет+пе, шула+ма, айқайла+ма, бөгел+ме, күл+ме, жазғыз+ба, мақтан+ба, сез+бе, көргіз+бе, кет+пе, сеп+пе, айт+па, сат+па, т.б.

**2**. Белгілі шақ тұлғасындағы болымды етістікке **жоқ, емес** сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Айтқан емес, кеткен жоқ, келмекші емеспін, т.б.

## Етістер

Іс-әрекет пен оны жүзеге асырушы арасындағы қатынасты білдіретін (белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын) етістік түрі **етіс** деп аталады.

Қазақ тіліндегі етістер ***4 түрге*** бөлінеді.

1. ***Өздік етіс*** (іс-әрекетті өзі істейді)
2. ***Өзгелік етіс*** (біреуге істеткізеді)
3. ***Ырықсыз етіс*** (өзінен-өзі істеліп дайын тұрады)
4. ***Ортақ етіс*** (екі немесе бірнеше адамға ортақ іс-әрекет)

## Өздік етіс

Өзіне тән істі, қимылды басқа біреу арқылы істемей, тікелей өзі істейтіндігін я өзі істегендігін білдіретін етістіктің түрі **өздік етіс** деп аталады.

**Өздік етістің жасалу жолдары:**

1. **-ын:** жу-ын, қу-ын, су-ын, т.б.
2. **-ін:** ки-ін, көр-ін, сез-ін, т.б.
3. **-н:** (дауыстыдан кейін жалғанады) тара-н, қара-н, ора-н.

## Өзгелік етіс

Іс-әрекет, қимылдың өзі емес, өзге біреу арқылы іске асатындығын білдіретін етістің түрі **өзгелік етіс** деп аталады.

Өзгелік етістің жасалу жолдары:

1) **-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз.** Мысалы: сыз-ғыз, жаз-ғыз, ал-ғыз, ки-гіз, кір-гіз, бер-гіз, айт-қыз, аш-қыз, жат-қыз, ек-кіз, күт-кіз, жек-кіз, т.б.

2) -**<u>дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір</u>**. Мысалы: ал-дыр, сал-дыр, сен-дір, біл-дір, айт-тыр, ас-тыр, кел-тір, тік-тір, бат-ыр, жат-ыр, кет-ір, біт-ір, т.б.

3) **<u>-т</u>**. (дауыстыдан кейін) оқы-т, таны-т, панала-т, дүрілде-т, арала-т.

## Ырықсыз етіс

Істі кімнің істегендігі көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістіктің түрі **ырықсыз етіс** деп аталады.

Ырықсыз етістің жасалу жолы:

1. ***-ыл, -іл, -л:*** жу-ыл-ды, жи-ыл-ды, тер-іл-ді, шеш-іл-ді, тара-л-ды, күре-л-ді (іс-әрекетті кім істегені белгісіз, әйтеуір, өзінен-өзі істе-лін-іп қой-ыл-ған).

2***. -ын, -ін, -н:*** (өздік етісте де бар) етістік негізінде ***-л*** дыбысы болса, онда ырықсыз етіс болады: ал-ын-ды, сал-ын-ды, әкел-ін-ді, іл-ін-ді, бөл-ін-ді, сөйле-н-ді, тазала-н-ды, сарала-н-ды, т.б.

## Ортақ етіс

Біреу емес, бірнеше адам арқылы ортақ істелетін я болатын іс-әрекет, қимылды білдіретін етіс түрі **ортақ етіс** деп аталады.

Ортақ етістің жасалу жолы:

1***. -ыс, -іс, -с*** (айт-ыс, таны-с, шығар-ыс, ал-ыс, жи-ыс, әкел-іс, іл-іс, бөл-іс, көр-іс, сүй-іс, хабарла-с, құшақта-с, сөйле-с, сыйла-с, сырла-с (айтысып, хабарласып, сөйлесу үшін де екі не одан да көп адам керек). Ақындар айтысты. Екеуі таныстық. Бір-бірімен қол алысты. Таңға дейін сырласты.

## Есімше

Есімдер сияқты түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі **есімше** деп аталады.

Ол – етістіктің ерекше түрі. Оның ерекшелігі – әрі есім (заттануында, субстантивтенуінде), әрі етістік қызметінде жұмсалуында.

Заттану дегеніміз – зат есімнің жалғауларын қабылдауы.

Есімше тұлғаларына **«емес», «жоқ»** сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына беріледі: барған емес, барған жоқ, барар емес, бармақ емес, баратын емес.

Есімшелер көптеледі, тәуелденеді, жіктеледі, септеледі.

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етіс және болымсыз етістік тұлғаларына төмендегідей жұрнақтар жалғануы арқылы жасалады.

| | |
|---|---|
| **I топ** | 1**. *-ған, -ген, -қан, -кен*** – **бұрынғы өткен шақ** – күткен, күтпеген, күткізген, күткіздірмеген, сыйлаған, сыйламаған, сыйласқан, сыйлатқызған |
| **II топ** | 2**. *-атын, -етін, -йтын, -йтін*** – (құранды жұрнақ, -а-тын, -е-тін, -й-тын, -й-тін), шығу тегі бара+тұрған, баратұғын, баратын – **ауыспалы өткен шақ** – жазатын, сызатын, кесетін, тесетін, ойлайтын, ойнайтын, сөйлейтін, сөйлемейтін (келер шақтық мағынада да қолданылады. Ертең, кейін жазатын, сызатын, сөйлейтін еді. Келер шақтық мағына беріп тұрған көсемшенің -а, -е, -й жұрнағы) |
| **III топ** | 3 ***-ар, -ер, -р*** – **болжалды келер шақ**. Мысалы: ал-ар, бар-ар, бағ-ар, бол-ар, қал-ар, бер-ер, біт-ер, жүр-ер, кел-ер, өт-ер, түс-ер, ер-ер, қара-р, сана-р, жаса-р, ойна-р, сөйле-р |
| **IV топ** | 4**. *-с*** (**болымсыз етістіктен** кейін жалғанады) – болымсыздық мағына беретін **болжалды келер шақ.** Мысалы: бар-ма-с, сал-ма-с, кел-ме-с, көр-ме-с, бер-ме-с, жаз-ба-с, қаз-ба-с, сез-бе-с, без-бе-с, тап-па-с, бас-па-с, кет-пе-с, кеп-пе-с (ортақ етістің – **с** жұрнағымен тұлғалас, жаса-с, қара-с, сөйле-с, айырмашылығы – болымды етістіктен кейін келуі, шақтық мағына бермейді, қимылдың иесі) |

## Көсемше

Негізгі қимыл, амалды және негізгі қимылды айқындайтын қосымша қимылды білдіретін етістіктің түрі **көсемше** деп аталады.

**Көсемше** етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мына жұрнақтар жалғану арқылы жасалады, бұл жұрнақтар шақтық мағына береді, жіктеледі.

1**. *-а, -е, -й*** – ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақ жасалады (жіктеледі )

2**. *-ып, -іп, -п*** – бұрынғы өткен шақ жасалады (жіктеледі)

3**. *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі*** (шақ жасамайды, жіктелмейді)

**Көсемше** тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды.

## Етістіктің өткен шақ категориясы

Қимыл іс-әрекеттің өткен уақытта болғандығын көрсететін етістіктің түрін өткен шақ деп атайды. Өткен шақтың 3 түрі бар:

1. Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время).

2. Бұрынғы өткен шақ (давно прошедшее время).

3. Ауыспалы өткен шақ (переходное прошедшее время).

***Жедел өткен шақ: -ды, -ді, -ты, -ті*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *жаз+ды+м* (написал), *айт+ты+м* (сказал).

***Бұрынғы өткен шақ*: *-қан, -кен, -ған, -ген*** тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: Мен *бар+ған+мын, кел+ген+сіз*; 2. бұрынғы (ежелгі) өткен шақ; ***-ып, -іп, -п*** тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: мен *бар+ып+пын,* (сен) *кел+іп+сің,* (ол) *оқы+п* ***еді***.

***Ауыспалы өткен шақ:*** есімшенің ***-атын, -етін, -йтын, -йтін*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. *Қазір, бүгін, ертең, келесі күні* үстеулері арқылы айтылса, онда етістік келер шақта болады. Мысалы: Мен бұрын хат *жаз+атын+мын* (өткен шақ). Ол қалаға ертең *бар+атын* ***еді*** (келер шақ).

## Етістіктің келер шағы

Келер шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатынын білдіреді. М.: Сәуле ертең келеді, әнші өлең айтады, биші би билейді, т.б.

***Келер шақтың 3 түрі бар:***

***1. Ауыспалы келер шақ*** (переходное будущее время). Ауыспалы келер шақ: а) ***-а, -е, -й*** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. М: *ертең кел+е+мін, кешке кет+е+сің, бүгін қайт+а+мыз, тойда жырла+й+мыз.* ә) ***-атын, -етін, -йтын, -йтін***. М.: *бар+атын (екен), кел+етін сияқты, қайт+атын көрінеді.*

***2. Болжалды келер шақ*** (будущее предположительное время). Қосымшалары: ***-ар, -ер, -р, -с***. М: *бар+ар, кет+ер, сана+р, санама+с, білме+с, т.б. Мен кел+ер+мін.*

**3. *Мақсатты келер шақ*** (будущее время намерения). Қосымшалары:

***-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек***. М: *қайт+пақ+пын, жаз+бақ+пыз, кел+мек+сіз, т.б.*

## Етістіктің осы шақ категориясы

### Осы шақ

Шақ – етістіктің негізгі категорияларының бірі. Шақ қимылдың жасалып жатқанын, келешекте жасалатынын, жасалып қойғанын білдіретін категория.

***Шақтың үш түрі болады: осы, келер, өткен шақ.***


Осы шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлау кезінде болып жатқанын білдіреді. М.: *Мен тыңдап отырмын. Далада қар жауып тұр.*

### Осы шақтың 2 түрі бар:

1. ***Нақ осы шақ*** (собственно-настоящее время).
2. ***Ауыспалы осы шақ*** (переходное настоящее время).

Нақ осы шақ қимылдың сөйлеуші хабарлап тұрғанда болып жатқанын білдіреді.

**Нақ осы шақтың 2 түрі бар:**




***Нақ осы шақтың дара түрі*** *отыр, жүр, жатыр, тұр* етістіктеріне жіктік жалғауының тікелей жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *мен отыр+мын, сен жатыр+сың, сіз тұр+сыз, сендер жүр+сіңдер, біз тұр+мыз, олар отыр.*

***Нақ осы шақтың күрделі түрі*** лексикалық мағыналы етістікке: ***-ып, -іп,-п*** жұрнақтары жалғанып***, тұр, жүр, жатыр, отыр*** етістіктеріне жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Мен оқы+п отыр+мын. Сен көр+іп жатыр+сың. Сіз ал+ып тұр+сыз. Сендер біл+іп жүр+сіңдер.*

***Ауыспалы осы шақ*** қимылдың үнемі болып тұратынын білдіреді. Ауыспалы осы шақ етістіктің түбіріне ***-а, -е, -й*** жұрнақтарының жалғанып, одан соң жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

## Етістіктің райлары

**Етістіктің райлары орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді. Етістіктің 4 рай түрі бар:**

| Рай түрлері | Ереже | Жасалу жолы |
|---|---|---|
| **Ашық рай** | Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді | Үш шақтың жасалу жолдары арқылы |
| **Бұйрық рай** | Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді | Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы<br>(Мен бар-айын<br>Сен бар<br>Сіз бар-ыңыз<br>Ол бар-сын |

| | | |
|---|---|---|
| **Шартты рай** | Іс-қимылдың орындалу, орындалмау шартын білдіреді | Етістік **(-са, -се)** жіктік жалғауы. Күн ашық болса тауға шығамыз. |
| **Қалау рай** | Қалау, тілекті білдіреді | Етістік **(-ғы,-гі, -қы, -кі)** + тәуелдік жалғауы/ кел етістігі. Біздің сабақ оқығымыз келеді |

## Етіс категориясы

Етіс деп қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің категориясы аталады. ***Етіс бес түрге бөлінеді:*** *1) негізгі етіс), 2) ортақ етіс, 3) өзгелік етіс, 4) ырықсыз етіс, 5) өздік етіс.*

***Негізгі етіс*** – етістің түрлеріне құбылмай тұрғандағы түбір қалпы жатады. **Мысалы:** *жат, оқы, ойла, әзірле, жақ, т.б.*

***Өздік етіс*** – негізгі етістен ***-ын, -ін, -н*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың субъектінің өзіне жасалатынын білдіретін етістің түрі өздік етіс деп аталады: *жу+ын, ки+ін, тара+н.*

***Өзгелік етіс*** – негізгі етістен ***-тыр, -тір, -дыр, -дір, -ыр, -ір, -т, -қыз, -кіз, -гыз, -гіз*** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, қимылдың бөгде адам арқылы жасалуын білдіреді: *айт+**тыр**, сөйле+**т**, жаз+**гыз***.

## Ортақ, ырықсыз етіс категориялары

***Ортақ етіс***. Негізгі етістен ***-ыс, -іс, -с*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіретін етістің түрі ортақ етіс деп аталады: айт+***ыс***, кел+***іс***, жақта+***с***.

***Ырықсыз етіс***. Негізгі етістен ***-ыл, -іл, -л***, кейде түбір ***л*** дыбысына аяқталса, онда ***-ын, -ін, -н*** жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың жасаушысы белгісіз болып, қимыл өзінен-өзі жасалғандай болып көрінуін білдіретін етістің түрі ырықсыз етіс деп аталады: орындық қой+***ыл***+ды, су құй+***ыл***+ды, киім іл+***ін***+ді.

## Тұйық етістік

Тұйық етістік ***-у*** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың атын білдіреді: бар+у, кел+у, оқы+оқу.

## Салт және сабақты етістіктер

Табыс септіктегі сөзге мағынасы сабақталып тұратын етістік сабақты етістік деп аталады. Ал керісінше, табыс септіктегі сөзге мағынасы сабақталмай, салт күйінде істің өзін, жай күйді білдіретін етістіктерді салт етістік дейміз.

***Оз, оқы*** деген екі етістікті алсақ, ***оқы*** етістігі табыс септікті талап етіп тұр: кітапты оқы, хатты оқы. Ал ***оз*** етістігі объектіге сабақталмай, жадағайланып салт тұр, яғни ***оз*** етістігіне сабақталынып тұрған объекті жоқ.

## Тұйық етістік

Жақтық (жіктелмейді), шақтық мағынада (шақтың түрін жасамайды) қолданылмайтын, зат есімдерше түрленіп, қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіретін етістіктің ерекше түрін **тұйық етістік** дейміз.

Тұйық етістік бір ғана **-у** жұрнағы арқылы жасалады

| **Есіңе сақта!** | | **Әр сөздің дыбысталуына зер сал:** |
|---|---|---|
| **1.** | Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің **-у** жұрнағы дауысты ретінде жалғанады. | Айт-у, ас-у, аш-у, жар-у, жаз-у, күл-у, кір-у, көн-у, ер-у, ес-у, жел-у, біл-у. |
| **2.** | Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге жалғанған тұйық етістіктің **-у** жұрнағы дауыссыз болып табылады. | Қала-у, ауна-у, домала-у, жатта-у, сөйле-у, күркіре-у, де-у, т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| **3.** | Дауысты *ы, і* дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы -ы, -і дыбыстары түсіріліп жазылады. Айтылғанда -у дыбысының құрамында естіліп, дауысты дыбыс болып есептеледі. | Оқы+у – оқу, тасы+у – тасу, жібі+у – жібу, кемі+у – кему, ері+у – еру, иі+у – ию, кейі+у – кею, (кейінді ықпал). |
| **4.** | Қатаң **п, к, қ** дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістік жұрнағы жалғанғанда, түбір соңында ұяң дыбыстарға айналу (**к-г; қ-ғ )** өзгерістері байқалады. | Тап+у –табу, кеп+у – кебу, ақ+у – ағу, үк+у – үгу, т.б. |

## Үстеу

**Үстеу – қимыл, іс-әрекеттің, сын-сапаның әртүрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіретін сөздер. Олар өзгертуге келмейді, грамматикалық тұлғалармен түрленбейді.** Мысалы, *Кеше* (қашан?) күн ашық болды. Ол *соншалық* (қаншалық?) қинала, *зорға, әрең* (қалай?) сөйледі. Мен *кеше* (қашан?) барып келдім.

Үстеулер құрамына қарай: **негізгі түбір үстеулер**, **туынды үстеулер** және **күрделі үстеулер** болып үшке бөлінеді.

| **Үстеулер** | | |
|---|---|---|
| **Негізгі үстеулер** | **Туынды үстеулер** | **Күрделі үстеулер** |
| Қазіргі кезде құрамы жағынан түбір және қосымшаға бөлшектеуге келмейтін үстеулер | Жұрнақ арқылы жасалған туынды үстеулер | Екі я одан да көп түбірдің, я сөздің бірігуінен, қосарлануынан, тіркесіп тұрақтануынан жасалады |
| қазір, дереу, үнемі, орасан, талай, *мана, әуелі, енді, кейін, әлі* | соншалық, құсша, қырандайын, күзде, кенеттен, жөнімен | әлдеқайда, ертелі-кеш, анағұрлым, бүгін (бұл+күн) |

**Туынды үстеу тудыратын жұрнақтар**

**1. -ша, -ше:** балаша (қуанды), ескіше (оқу), біздіңше (бұлай ғой), әзірше (шыдай тұр), т.б.

**2. -лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей**: кимелей (кірді), солай, осылай (жаз), ақшалай (берді), екіншілей (қайталама), аюдай (ақырып), күздей (жинады), астықтай (алды), желімдей (жабысып), т.б.

**3. -дай, -дей, -тай, -тей (омонимдес жұрнақ):** жаздай, қыстай (дайындалды) – етістікпен тіркесіп үстеу болады, жаздай (әдемі), қыстай (қаһарлы) – есім сөзбен тіркесіп келіп сын есім болады.

**4. -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** (құранды жұрнақ), бүркіттейін (шүйілген), тотыдайын (таранған), түлкідейін (қуланып), бұлақтайын (сылдырап), т.б.

**5. -ша-ма, -ша-лық** – құранды жұрнақтар: соншама, мұншама, осыншама (сөйледі), осыншалық, мұншалық, соншалық (қуанды), т.б.

**6. -майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше** құранды жұрнақтар: оқымайынша, жазбайынша, айтпайынша (білмейді), т.б.

**Күрделі туынды үстеулер**

1. ***Бірігу арқылы жасалған күрделі үстеулер***: таң+ертең, әлде+кімше, бір+қатар, бір+қыдыру, т.б. (белгісіздік, болымсыздық есімдіктері үстеу мағынасында қолданыла береді).

Түбір тұлғасын сақтамай ***кірігу*** арқылы жасалған күрделі үстеулер: бүгін – (бұл күн), биыл – (бұл жыл), жаздыгүні, (жаздың күні ), ендігәрі – ( ендігіден әрі), бүрсігүні – (ертеңнен арғы күн), сөйтіп, өйтіп, бүйтіп – (солай, олай, былай етіп), т.б.

***2. Қосарлану арқылы жасалған күрделі үстеулер:*** күні-түні, енді-енді, бір-бірлеп, анда-санда, оқта-текте, зорға-зорға, тектен-текке, жапа-тармағай, алды-артына, өте-мөте, ілгері-кейін, өле-өлгенше, т.б.

***3. Тіркесу арқылы жасалған күрделі үстеулер:*** күні кеше, күндерде бір күн, күні ілгері, ала жаздай, ертеден қара кешке, алдын ала, қай күні, т.б.

## Үстеудің мағыналық түрлері

**Үстеулер** білдіретін мағынасына қарай жеті түрге бөлінеді:

| Үстеудің түрлері | Сұрақтары | Мысалдар |
|---|---|---|
| **1. Мезгіл үстеу** | қашан?<br>қашаннан?<br>қай уақытта? | бүгін, былтыр, жаңа, енді, биыл, таңсәріде, кейін, баяғыдан, кешелі-бүгінді, әнеугүні, әзір, қазір, ендігәрі, қыстыгүні, екіншігәрі, әуелде, ежелден, баяғыдан, бұрыннан, жаздай, бағана, әлгінде, күні бүгін, жыл бойы, кеше, таңертең, таң ата, күн бата, ауық-ауық, әсте, т.б. |
| **2. Мекен істеу** | қайда? қайдан? | ілгері, кейін, кері, әрмен, тысқары, артта, жоғары, төмен, тұс-тұстан, асты-үстінен, арттан, алға, тысқары, шеткері, осында, сонда, әрі, бері, бермен, т.б. |
| **3. Сын-қимыл (бейне) үстеу** | қалай?<br>қайтіп?<br>қалайша?<br>кімше? | ақырын, бірден, бірге, бірте-бірте, кенет, біртіндеп, бетпе-бет, жайдан-жай, қолма-қол, құсша, қазақша, орысша, ағылшынша, баяу, адамша, қамзолшаң, әрең, азар, дереу, шапшаң, дәл, әншейін, өйтіп-бүйтіп, лезде, тез, жедел, жылдам, емін-еркін, қаннен-қаперсіз, т.б. |
| **4. Мөлшер үстеу** | қанша?<br>қаншама?<br>қаншалық?<br>қаншалап? | мұнша, біраз, недәуір, онша, сонша, анағұрлым, неғұрлым, азғана, солғұрлым, оншама, соншама, оншалық, осыншалық, соншалық, сондайлық, әжептәуір, қыруар, бірқыдыру, бірен-саран, талай, бірталай, бірқатар, азғантай, осындайлық, т.б. |

| | | |
|---|---|---|
| **5. Күшейткіш үстеу** | қалай? қандай? | әбден, тым, ең, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті, нақ, ыңғай, мейлінше, тәтенше, әнтек, аса, нағыз, ерен, кіл, айрықша, өте-мөте, өте, орасан, керемет, мүлдем |
| **6. Мақсат үстеу** | (қандай?) қалай? не мақсатпен? | әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана, біле тұра |
| **7. Себеп-салдар үстеу** | не себепті? неге? қалай? | босқа, бекерге, жоққа, құр босқа, текке лажсыздан, амалсыздан, шарасыздан |

## Мезгіл үстеу

| **Сұрақтары** | **Мезгіл үстеуге тән белгілер** | | |
|---|---|---|---|
| Қашан? қашаннан? қай уақытта? | **Мезгіл үстеу** қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді | Мезгіл үстеу етістікпен тіркесіп қолданылады. Бүгін келді, ертең барады | Мезгіл үстеулері құрамы жағынан негізгі я туынды түбір немесе күрделі түбір бола береді |
| Бүгін, былтыр, мезгілі, кешке, баяғыда, ендігәрі, таң сәріде, ала жаздай, бағана, бұрын, т.б. | | | |

## Мекен үстеу

| **Сұрақтары** | **Мекен үстеуге тән белгілер** | | |
|---|---|---|---|
| Қайда? қайдан? | Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіреді. | Мекен үстеулері де, негізінен, етістікпен тіркеседі | **Мекен үстеулері** де құрамы жағынан **негізгі я туынды** түбір немесе **күрделі** түбір бола береді |
| Осында, мұнда, ілгері, жоғары, әрі-бері, арттан, т.б. | | | |

## Сын-қимыл (бейне) үстеу

**Сын-қимыл (бейне) үстеуі іс-әрекет, қимылдың амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, қалай? қайтіп? қалайша? кімше? неше? деген сұрақтарға жауап береді.**

Сын-қимыл (бейне) үстеуі көбінесе етістікпен тіркесіп жұмсалады.

**Сын-қимыл** (бейне) үстеулері де құрамы жағынан **негізгі я туынды** түбір немесе **күрделі** түбір бола береді.

Сын-қимыл үстеулері: лезде, тез, ақырын, әзер-әзер, бірте-бірте, қолма-қол.

## Мөлшер үстеу

**Мөлшер үстеуі қимылдың немесе сынның мөлшерін, көлемді дәрежесін, шама-шарқын білдіреді де, қанша? қаншама? қаншалық? қаншалап? сияқты сұрақтарға жауап береді.**

Мөлшер үстеулері бірде етістіктермен тіркесіп, қимылдың мөлшерін, шама-шарқын білдірсе, енді бірде сын есімдермен тіркесіп, сынның мөлшерін білдіреді. Мысалы: с*онша күлкілі емес, әжептеуір биіктепті* дегенде, с*онша, едәуір* мөлшер үстеулері *күлкілі емес, биіктепті* деген етістіктермен тіркесіп, *қалай? қанша?* деген сұраққа жауап беріп, қимылдың шама-шарқын білдіріп тұр.

**Мөлшер үстеуі** де құрамы жағынан **негізгі я туынды** түбір немесе **күрделі** түбір бола береді.

## Күшейткіш үстеу

**Заттың сынын немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін я сапасын күшейтіп немесе солғындатып көрсететін үстеу түрі *күшейткіш үстеу* деп аталады.**

| Күшейткіш үстеулер көбінесе сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады | Біразы етістікпен тіркесіп, қалай? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың сипатын күшейте я солғындата көрсетеді | Құрамы жағынан күшейткіш үстеулер **негізгі түбір** болып келеді. |
|---|---|---|
| Ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор, т.б. | мүлдем шаршаған, керемет сөйлейді, т.б. | Аса, тым, ең, өте, т.б. |

### Мақсат үстеу

| Қимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіреді. | Қалай? не мақсатпен? деген сұрақтарға жауап береді | Әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана сөздері жатады. Мысалы, әдейі келдім, жорта айтты, әдейілеп шақырды, қасақана үндемеді, т.б. |
|---|---|---|

### Себеп-салдар үстеу

**Себеп-салдар үстеу қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді де не себепті? неге? қалай? деген сұрақтарға жауап береді.**

Себеп-салдар үстеуіне: әдейі, құр босқа, жорта, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, бекерге, сияқты сөздер жатады. Мысалы, амалсыздан келіп отыр, бекерге айтқансың, т.б.

### Еліктеу сөз

**Айналадағы (табиғаттағы) әртүрлі құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеуден туған немесе қимыл әрекетті бейнелеп тұратын сөздер *еліктеу сөздер* деп аталады.**




## Одағай

**Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әртүрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер одағай деп аталады.**

Одағайда лексикалық (негізгі) мағына болмайды.

Сөйлемде одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады. **Сондықтан да одағай сөйлем мүшесі бола алмайды.**

Одағайлар ойға үстейтін мәніне қарай төмендегідей үш түрге бөлінеді.

| **1. Көңіл-күй одағайлары** шаттану, таңырқау, аңсау, қуану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, назар аудару сияқты мәнді білдіреді. | **2. Жекіру одағайлары** жекіру, тыйым салу, бұйыру сияқты мәнді білдіреді. | **3. Шақыру одағайлары** мал, ит-құсты шақыру, қуумен байланысты мәнді білдіреді. |
|---|---|---|
| Мысалы: пәлі, ойпырай, алақай, пай-пай, бәрекелді, туу, уһ, аһ, әй, ehe, әттең, өй, ой, қап, әттеген-ай, беу, қап, ау, шіркін, т.б. | Мысалы: тәйт, тек, жә, т.б. | Мысалы: құрау-құрау, шөре-шөре, көс-көс, айт, моһ-моһ, пұшайт-пұшайт, өк, кә-кә, пырс, т.б. |

## Шылау

**Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және өзі тіркескен сөзге қосымша мән үстеп тұратын *көмекші сөздер* шылаулар деп аталады.**

Шылау сөздер білдіретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай **септеулік шылау**, **жалғаулық шылау** және **демеулік шылау** болып үшке бөлінеді.




## Көмекші сөздер

Көмекші сөздер – жеке тұрып, дербес, толық мағынаға ие бола алмайтын, тек басқа сөздердің жетегінде жұмсалатын сөздер.

Сөйлем ішінде оның белгілі бір мүшесі бола алмайды.

*Сырт, іш, аст, үст, қас, маң, тыс, түп, алд, жан* деген сөздердің жеке тұрғанда мағыналары айқын болмай, көмескіленіп, солғындап көрінеді. Ал негізгі есімдерге тіркесек, тіркелген сөзіне көлемдік мағына үстеп, оның мекенін, айналасын дәлелдеп көрсетіп тұрады. Мысалы: университеттің маңы, үйдің іші, кітаптың тысы, жердің үсті, қазанның түбі.



## Синтаксис

**Сөз тіркесі** – кемінде екі сөздің мағыналық әрі тұлғалық жақтан байланысуы.

### Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері

Қазақ тілінде сөйлемдер мағынасы мен мақсатына, айтылу сазына қарай 4 түрге бөлінеді:

1. Хабарлы сөйлем
2. Сұраулы сөйлем
3. Бұйрықты сөйлем
4. Лепті сөйлем

***Хабарлы сөйлем.*** Белгілі бір оқиға, құбылыс туралы ойды екінші біреуге жай хабарлап айтылған сөйлемді ***хабарлы сөйлем дейміз***. *Мысалы: Қазақ ауыз әдебиетінде Төле би туралы ауыз әңгімелер, шешендік сөздер көп. Төле би ақылды, әділ, шешен, әрі халық қамын ойлайтын қайраткер бейнесінде суреттеледі.*

***Сұраулы сөйлем.*** Бір нәрсе жайында сұрай айтылған *сөйлемді сұраулы сөйлем дейді.* Сұраулы сөйлем 2 жолмен жасалады:

***1. Сұраулық шылаулар -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*** жалғаулары арқылы. Мысалы: *Сен келдің бе? Жанат үйде ме? Жұмысқа барасың ба?*

***2. Сұрау есімдіктері (қай? қашан? кім? қайда? не? қайдан? неге?)*** арқылы жасалады. Мысалы: *Студенттер қайда? Мына бала кім? Қашан келді?*

Кейде сұраулық шылаулары түбір сөз бен жіктік жалғауларының арасынан келіп ***-мы, -мі, -бы, -бі, -сы, -ні*** формасында да кездеседі. Мысалы: *Сен немене тоңып қалған**бы**сың? Бұл қай**сы**ң, Мұрат**пы**сың?*

***Лепті сөйлем.*** Адамның әртүрлі көңіл-күйін білдіру мақсатымен қолданылатын сөйлем ***лепті сөйлем деп аталады.*** Лепті сөйлемдердің мағыналары көңіл-күйіне, қуану, ренжу, таңдану, аяу, өкіну, қорқу сияқты мақсатта айтылады да, айтылу әуені, интонациясы өте асқақ, көтеріңкі болады. Мысалы: *Пай-*

*пай, мына аттың жорғасын-ай! Туған күніңмен! Жолдастар!*

***Бұйрықты сөйлем.*** Біреуге бұйыру, зеку, тілек, өтініш немесе бір нәрсені талап ету мақсатымен айтылған сөйлем ***бұйрықты сөйлем деп аталады.*** Мысалы: *Балам жөніңді айтшы.*

1. Бұйрықты сөйлем бәсең дауыспен айтылып, жазуда соңына нүкте қойылады.

2. Ал кейбір бұйрықты сөйлемдер бұйыру, талап ету мағынасында көтеріңкі дауыспен айтылғанда, соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: *Көрсетпе көз жасыңды! Жүр жарысайық!*

Бұйрықты сөйлем әртүрлі дауыс ырғағымен айтылады да, II жақта тұрады. Мысалы: *Маған кел! Жоғал! Кет әрі! Сөзді доғарыңыздар! Сыпыр еденді! Сабағыңды дайында! Шық үйден!*

Сөз тіркесі – кемінде екі сөздің мағыналық әрі тұлғалық жақтан байланысуы.

Сөз тіркесінің айрықша белгілері:

1. Ең кемі толық мағыналы екі сөзден тұрады.

2. Өзара грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағына (сабақтаса) байланысады.

3. Зат, құбылыс жайында кеңірек, нақтылы түсінік береді.

Сөз тіркесінің бірінші сыңары <u>бағыныңқы сөз,</u> ал екінші сыңары <u>басыңқы сөз</u> деп аталады:

1. Бағыныңқы сөз – тіркес сөздің мағынасын нақтылап, даралап сипат беретін <u>бірінші сөз (әдемі</u> киіну).

2. Басыңқы сөз – сөз тіркесін жасауға тірек болатын <u>екінші сөз</u> (үш <u>бала).</u>

## Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері – сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы, белгілі бір сұраққа жауап беретін және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысып тұратын сөздер.

Сөйлем мүшелері құрамына (құрылысына) қарай 3 топқа бөлінеді: дара мүше, күрделі мүше және үйірмелі мүше.

## Тұрлаулы мүшелер
## Бастауыш

**Бастауыш –** сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүше.

Сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі?

Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады:

| Сөз табы | Мысалы |
|---|---|
| **Зат есім** | Күн жылынды. Досым келді. |
| **Есімдік** | Бұл – үлкен үй. Өзің кел. Ешкім жоқ. |
| **Сын есім** | Ақылды ісіне сенеді. Сыпайы сырын сақтар. |
| **Сан есім** | Үшеуі сыртқа шықты. Төрт екіге бөлінеді. |
| **Етістік** | Іздеген жетер мұратына. Оқу инемен құдық қазғандай. |

Бастауыш құрылысына қарай 3-ке бөлінеді:

1. **Дара бастауыш** – бір сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Біз алғашқыда өз көзімізге өзіміз сенбедік. Жігіттер аттарын жетектеп, бұлақ басына жақындай береді.

2. **Күрделі бастауыш** – кемінде екі сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Кеншілер сарайы адамға лық толы. Ырыс алды – ынтымақ.

3. **Үйірлі бастауыш –** үйірлі сөздерден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Уайымы көптер тез қартаяды.

## Баяндауыш

**Баяндауыш –** бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше.

Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.

Баяндауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады.

| Етістік | Күн жылынды. Досым келді. |
|---|---|
| **Зат есім** | Бұл үлкен үй. Оның алғаны кітап. |
| **Сын есім** | Дала тап-таза. Күн ыстық. |
| **Сан есім** | Екі жерде екі төрт. Оның жасырғаны бес. |
| **Есімдік** | Менің айтарым осы. Біздің ауыл әне. |

Баяндауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

1. **Дара баяндауыш** – бір сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы: Олар алыс жерден келді.
2. **Күрделі баяндауыш** – кемінде екі сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы, Ауыл мәдениеті өсіп келеді.
3. **Үйірлі баяндауыш** – үйірлі сөздерден тұратын баяндауыш. Оның ең үлкен кемшілігі сабақ оқымау.

## Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері
## Анықтауыш

**Анықтауыш –** зат есімнен болған мүшенің сын-сипатын анықтап тұрады.

Сұрақтары: қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қайдағы? қашанғы?

Анықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

| Сын есім | Олар шалғай ауылдарды аралады. |
|---|---|
| **Есімдік** | Кейбір аңдар ертерек азықтануға шығады. |
| **Зат есім** | Өзен бойында қора-қора қой жайылып жүр. |
| **Сан есім** | Оныншы сыныпта бұл тақырыптарды өткен едік. |
| **Есімше** | Айтқан сөзің дәл келсе, саған сыйлығым бар. |

Анықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

1. **Дара анықтауыш** – бір сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Сары жапырақтар жерге түсіп жатыр.
2. **Күрделі анықтауыш** – кемінде екі сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Қара торы ат бірінші келді.

3. **Үйірлі анықтауыш** – үйірлі сөздерден тұратын анықтауыш. Мысалы: Ақылы бар жігіт өмірден опық жемейді.

## Толықтауыш

**Толықтауыш** – іс-оқиғаны заттық мағына жағынан сипаттайды.

Сұрақтары: кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?

Толықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

| **Зат есім** | **Қорқақ көлеңкесінен қорқады.** |
|---|---|
| **Есімдік** | Бұл сөз оған қатты әсер етті. |
| **Сын есім** | Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. |
| **Сан есім** | Бестен үшті алса екі қалады. |
| **Етістік** | Оны айтар-айтпасын білмеді. |

**Толықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:**

**1. Дара толықтауыш –** бір сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Оны ешкімге көрсетпе.

**2. Күрделі толықтауыш –** кемінде екі сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Олар аттардың қара торысын таңдап алды.

**3. Үйірлі толықтауыш –** үйірлі сөздерден тұратын толықтауыш. Мысалы: Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас.

**Толықтауыш мағынасына қарай екіге бөлінеді:**

**1. Тура толықтауыш –** табыс септік тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.

**2. Жанама толықтауыш –** барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері тұлғасындағы және, туралы, жөнінде, жайында шылаулармен тіркесіп келген сөздер тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Екі қарт кісімен амандастым.

## Пысықтауыш

**Пысықтауыш –** сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін (мекенін, мезгілін) анықтайтын мүше.

**Сұрақтары**: қайда? қайдан? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен?

Пысықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады

| Үстеу | Ол ілгері басты. |
|---|---|
| **Барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздер** | Балапандардың даусы таяудан естіледі. |
| **Есім сөздер** | Ол екі сөйлемейтін. |
| **Еліктеу сөз** | Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді. |
| **Көсемше** | Анасы баласының жүзіне мейірлене қарады. |

Пысықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

**1. Дара пысықтауыш –** бір сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Ол сұраққа ойланбастан жауап берді.

**2. Күрделі пысықтауыш –** кемінде екі сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Мерей жымың-жымың етіп сахнаға шықты.

3. **Үйірлі пысықтауыш –** үйірлі сөздерден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Уақытым барда сабаққа дайындалсам деймін.

Пысықтауыш мағынасына қарай үшке бөлінеді:

| Түрі | Ережесі | Сұрағы |
|---|---|---|
| **Мекен** | Іс-әрекеттің болу орнын, мекенін білдіреді | қайда? қайдан? қалай қарай? |
| **Мезгіл** | Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді. | қашан? қашаннан бері? |
| **Себеп-салдар** | Іс-әрекеттің себебін білдіреді. | неліктен? не үшін? неге? |
| **Сын -қимыл** | Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, мөлшерін білдіреді. | қалай? қалайша? қайтіп? |

| | | |
|---|---|---|
| **Мақсат** | Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді | неге? не мақсатпен? |
| **Мөлшер** | Іс-әрекеттің мөлшерін білдіреді. | қалай? қанша? |

**Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз.**

1. **Төл сөз** – жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертілмей берілген сөз.

2. **Автор сөзі** – төл сөздің айналасында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері.

3. **Төлеу сөз** – жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертіліп берілген сөзі.

| Төл сөз | Төлеу сөз |
|---|---|
| Мен | Өзінің |
| Сен | Оның/одан |
| Сіз | Оның/ одан |
| Ол | Оның/одан |
| Саған/ сізге | Оған |
| Сенімен | Онымен |

**Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі және тыныс белгілері**

Төл сөз тырнақшаға алынғанда, тыныс белгілері былай болады:

| | |
|---|---|
| **Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді. «Төл сөз», - автор сөзі** | **«Балалармен ақылдасып көрейік», - деді Ақылбай.** |
| **Төл сөз автор сөзінен кейін келеді: «Төл сөз».** | **Балтабай былай деді: «Балалармен ақылдасып көрейік».** |
| **Төл сөз бен автор сөзінің ортасында келеді. Автор сөзі: «Төл сөз», - автор сөзі.** | **Балтабай: «Балалармен ақылдасып көрейік» - деді.** |
| **Төл сөзді автор сөзі ортадан жарып келеді. «Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз»** | **«Балалармен,<br>-деді Балтабай,<br>-ақылдасып көрейік»** |

## Құрмалас сөйлем

**Құрмалас сөйлем** екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді.

Құрмалас сөйлемнің құрылысына қарай үш түрі бар: салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдер. Олардың ерекшеліктері төмендегідей:

| Түрі | Ереже | Мысал |
|---|---|---|
| **Салалас құрмалас** | Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады. | Күз келді. Күн суытты. |
| **Сабақтас құрмалас сөйлем** | Жай сөйлемдердің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады. | Күз келіп, күн суытты. |
| **Аралас құрмалас сөйлем** | Кемінде үш сөйлемнен құралып, бірбірімен салаласа да, сабақтаса да байланысады. | Күз келіп, күн суытқандықтан, ол жылы киінді. |

## Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады.

Құрамындағы жай сөйлемдері екі жолмен байланысады:

1. Құрамындағы жай сөйлемдері көбіне жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

2. Мағыналарының жақындығына қарай іргелес тұрып, интонация арқылы байланысады.

Салалас құрмалас сөйлемнің алты түрі бар:

| Түрі | Ереже | Құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар | Мысал |
|---|---|---|---|
| **Ыңғайлас** | Бір-біріне жақын болған оқиғаларды білдіреді. | Және, әрі, да, де, та, те | Далада жел соғып тұр, әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр. |
| **Қарсылықты** | Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келеді. | Бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда | Есікті жауып қойған, сонда да ол ішке кіруден үмітін үзген жоқ. |
| **Себеп-салдар** | Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіреді. | Өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін | Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды. |
| **Кезектес** | Іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіреді. | Бірде, біресе, кейде | Олар біресе тоқтап демалады, біресе күн ұзақ жүріп алады. |
| **Талғаулы** | Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалады. | Не, немесе, әлде, я, яки, әйтпесе, не болмаса | Ертерек үйге дәрігер шақыру керек немесе ауруханаға бару керек. |
| **Түсіндірмелі** | Соңғы сөйлемі адыңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп тұрады. | Жалғаулығы жоқ | Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды. |

## Сабақтас құрмалас сөйлем

Бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі баяндауышы тиянақсыз болып келген бірінші сөйлемді бағыныңқы сөйлем дейді. Ал баяндауышы тиянақты болып келген екінші сөйлемді басыңқы сөйлем дейді.

| Түрі | Ереже | Сұрағы | Жасалу жолдары мен мысалдар |
|---|---|---|---|
| **Шартты бағыныңқылы** | Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемнің шарты болып келеді | Қайтсе?<br>Не етсе?<br>Қайткенде?<br>Не еткенде?<br>Қайтпейінше? | -са, -се, -май, - ей, -пай, -пей, -бай, -бей, -ғанда, -генде, -қанда, -кенде. Сабақ оқығанда, бес алар едің. |
| **Қарсылықты бағыныңқылы** | Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келеді. | Қайтсе де?<br>Қайткенмен?<br>Не етпестен?<br>Қайткенше?<br>Не еткені болмаса? | ғаны, -гені, -қаны, -кені, -а, -е, -й, -ғанша, -генше, -қанша, -кенше, -са, -се, -да, -де. Қыс келсе де қар жаумады. |
| **Себеп бағыныңқылы** | Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіреді. | Неліктен?<br>Не үшін?<br>Не себепті?<br>Не деп? | -ғандықтан, -гендіктен, -қандықтан, -кендіктен, -ғаны, -гені, -қаны, -кені, -ып, -іп, -п, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ған, -ген, -қан, -кен. Күн жылы болған соң біз серуенге шықтық. |

| **Түрі** | Ереже | Сұрағы | Жасалу жолдары мен мысалдар |
|---|---|---|---|
| **Мезгіл бағыныңқылы** | Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің мезгілін білдіреді. | Қашан? Қай кезде? Қашаннан бері? | ғанда, -генде, -қанда, -кенде, -ған, -ген, -қан, -кен, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -са, -се. Ол келсе, сабақ аяқталыпты. |
| **Қимыл сын бағыныңқылы** | Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіреді. | Қайтіп? Не етіп? Қалай? | -а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ған, -ген, -қан, -кен, -дай, -дей. Екі қолы дірілдегендей болып, Оспан ішке кірді. |
| **Мақсат бағыныңқылы** | Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіреді. | Не мақсатпен? Не үшін? Не етпек болып? | -мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек, -у+үшін, -қы, -кі+тәу.ж. Оның оқығысы келіп, қалаға келді. |

**1-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, орыс тіліне аударып, мазмұндаңыздар.

## Сәулет өнері және оның зерттелуі

Сәулет өнері ескі замандардан бері адамзатпен бірге жасап келеді. Архитектор гректің «архитектон» деген сөзінен алынған. Алғашқы мағынасы құрылыс өнерінің бас шебері деген ұғымды білдірген.

Ал, Даль – архитектор деген терминге «ғалым-құрылысшы», «суретші-құрылысшы» деген анықтама береді. Сәулет өнерінің мақсаты – адам өмірі мен қызметін материалдық құрылым-құрылыс конструкциялары арқылы ұйымдастырып іске асыру.

Өзінің атқаратын қызметіне қарай архитектура негізі үш түрге бөлінеді; көлемдік ғимараттар құрылысының архитектурасы (тұрғын үй, театр, мектеп, дүкен); қаланы

көріктендіру немесе жасыл-желек архитектурасы (бақ-парк, фонтандар); қала құрылысының архитектурасы, яғни қала салу өнері (жаңа қалалар салу, ескі аудандарын жаңарту).

Ғасырдан ғасырға мұра болып келген сәулет өнері туындылары сәулеттік ескерткіштер қатарына жатады. Ондай ескерткіштер өз дәуірінің құрылыс салу тәсіліне сай бітім-пішіні бар белгілі үлгімен салынады. Дүние жүзі халықтарының архитектурасындағы мұндай ерекшелік оның ең бірінші қоғамдық даму сатысына, тұрмыс салты мен мәдени өркендеуіне, ұлттық дәстүріне, табиғаты мен ауа райына, сондай-ақ жергілікті құрылыс материалына байланысты болады.

Құрылыс – жер шарындағы ең ежелгі өнердің бірі. Адам өзінің бірінші үйін ежелгі тас дәуірінің палеолит кезеңінің басында тұрғызған. Түнемелікке жатар жерді қалың шөптесінді немесе қалқалау жерді таңдаған, содан кейін күрке, лашық сала бастады. Қазірдің өзінде өте ежелгі құрылымдар, көне жұрт, баспана-жайлар кейбір жерлерде сақталған.

Алғашқы өркениет пайда болғанға дейін адамдар осындай құрылыстарда тұрып келген. Кейіннен қалалар салынып, әр түрлі құрылыстар жүргізілсе де, сол күркелер мен лашықтар әлі де өз қызметін жалғастырып келе жатыр.


***Сөздік:***
сәулет өнері – архитектура
адамзат – человечество
бас шебер – главный мастер
ежелгі – древний
түнемелік – ночлег
күрке, лашық – шалаш
баспана-жай – жилище, укрытие, убежище

**2-тапсырма.** Төмендегі термин сөздерді жаттап алыңыздар.
ғимарат – здание
жобалау – проектирование
көлемді ғимарат блогы – объемный блок здания
ескерткіш – пандус
пішін – профиль

үлгі, нұсқа – образец
ескерткіш ғимараттар – мемориальные сооружения
ескерткіш саяжайлар – мемориальные парки

**3-тапсырма**. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.
1) «Архитектор» сөзі қайдан шыққан?
2) Осы сөздің алғашқы мағынасы қандай?
3) Даль архитектор деген сөзге қандай анықтама береді?
4) Сәулет өнерінің мақсаты не?
5) Сәулет өнері қай өнермен тығыз байланысты?

**4-тапсырма**. «Өнер» сөзімен қандай сөз ассоциация болады? Жазыңыздар.




**5-тапсырма.** Берілген сөзге синонимдік қатар жасаңыздар. Олармен бірнеше сөз тіркестерін құраңыздар.
*Ежелгі...*

**6-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

Болашақ үйдің іргетасын қалау үшін ең алдымен экскаваторлар үлкен шұңқыр қазады. Ал іргетас үй қабырғасының негізі, тірегі болып табылады. Онсыз үй тұрғызу қиын. Өйткені бос жер үй қабырғасының салмағынан отыруы мүмкін, ондайда үй қисайып, құлап қалады. Сондықтан шұңқырға темір-бетон қалың плиталар, яғни іргетас қаланады. Іргетас дайын болғаннан кейін оның үстіне үйдің қабырғалары тұрғызылады. Терезесі немесе тіпті самалдығы (балконы) бар дайын үй қабырғасын зауыттан тікелей жүк машинасымен алып келеді. Бұл қабырғаларды құрастырушыларды монтаждаушылар

дейді. Көтергіш кран темір-бетон плиталарды іліп алып, қажетті жеріне апарып қояды, ал құрастырушылар оларды бір-бірімен қиюластырып бекітеді. Осылайша үй бөлмелері пайда болады. Оның төбесі, яғни, қабат аралығы тұтас дайын плитамен жабылып отырады. Үй баспалдағын, ваннаны, шатыр бұғатын, күнқағарды қалақшаға дейін көтергіш кранмен автотіркемелерден абайлап көтеріп алады да, керекті жеріне құрастырады. Монтажшы-құрастырушыдан кейін әрлеушілер келеді. Олар үйдің төбесін, есіктер мен терезелерді сырлайды, қабырғаларға тұсқағаз жапсырып, еденге паркет төсейді.

Үй салу да, орасан зор машинаны құрастырғандай, күрделі шаруа. Үй салған кезде аса жаңа материалдар: болат, тұтас темір-бетон, пластмасса, алюминий қолданылады. Үйдің қабырғасымен жылытқыш жүйесінің ыстық және суық судың, газ бен канализацияның құбырлары, электр, телефон, радио желілері жүреді.

***Сөздік:***
іргетас – фундамент
тірек – опора

**7-тапсырма**. Берілген сөздерге қажетті сын есімдерді теріп жазыңыз.

Үй - қазыналық, ...
Пәтер екі бөлмелі, ...

**8-тапсырма.** Ғибрат сөздерді жаттап алыңыздар.

Сәулет – үнсіз музыка

*И.Гете*

Өнер сыры – өрнекте

*Ғ.Мүсірепов*

Архитектура әндер мен аңыздар үнсіз қалып, жер бетінен жойылған халық туралы ештеңе де айтпайтын кездерде де тарих шежіресін жырлап тұрады.

*Н.В. Гоголь*

Ғимарат салғанда адамның тұруына ыңғайлығын әдемілікке ұштастыра білген суретші – мақтауға тұратын сәулетші.

*Д. Бернини*

**9-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

**Ғимараттар мен имараттар түрлері**

Сәулетшілер мен құрылысшылардың жасампаз жұмысының нәтижесі дайын ғимараттар мен имараттар болып табылады. Кең мағынадағы «имарат» деген ұғымға «ғимарат» ұғымы да енеді.

Бөлмелері бар және адамдар тұруға қандай да тұрмыстық, мәдени-қоғамдық, өндірістік немесе шаруашылық қызметтерді орындауға арналған құрылыстар ***ғимараттарға*** жатады.

*Инженерлік имарат – әр* түрлі өндірістік процестерді орындауға, материалды сақтауға арналған және өзге (суқабылдағыш имарат, сұйықты сақтауға арналған резервуар, құбыр, түтін мұржасы, газгольдер, канализациялық тазалағыш имарат, т.с.с.) арнайы қызметтік құрылыстар.

Ғимараттар мен имараттардың қызметтеріне байланысты құрылыс – өнеркәсіптік, азаматтық (тұрғын, қоғамдық, және коммуналдық-шаруашылық ғимараттар мен имараттар), гидротехникалық (теңіз және өзен), теміржол, автомобиль жолы, көпірлер және тоннельдер, ауылшаруашылық, шахталық, құбырлардың сыртқы тораптары**,** энергетика және байланыс тораптары, қорғаныстың түрлері бойынша бөлінеді.

Ғимараттар мен имараттардың жіктелуі оларды жобалау кезінде экономикалық орынды шешімдер қабылдауға мүмкіндік жасау мақсатын көздейді. Жіктеудің негізіне ғимараттар мен

имараттарды, олардың қызметі мен мәнділігіне байланысты сыныптарға бөлу алынған.

Ғимараттар өзінің қызметтеріне қарай – тұрғын, қоғамдық, өнеркәсіптік кәсіпорындар және ауыл шаруашылық ғимараттары болып бөлінеді.

Тұрғын ғимараттарға – қарттарға және орындық-арбаларда жылжитын мүгедектері бар отбасыларына арналған пәтерлік үйлер, биіктігіне 25 қабат кіретін жатақханалар, шаруашылық-тұрмыстық және шағын кәсіпкерліктің өзге құрылыстары қоса кіретін жеке тұрғын үйлер, қонақ үйлер, мүгедек және қарттарға арналған интернат үйлер жатады.

Қоғамдық ғимараттарға – қоғамдық ғимараттар, кешендер және имараттар топтары тізіміне сәйкес жеке тұрған ғимараттар мен имараттар, ғимараттар құрамдарына енгізілген қоғамдық қызметтік бөлмелер кіреді.

**10-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Құрылысшылардың жұмысының нәтижесі не болып табылады?

2) Қандай құрылыстар ғимараттарға жатады?

3) Инженерлік ғимарат дегеніміз не?

**11-тапсырма**. Термин сөздердің қайда қолданылатынын айтып, жаттап алыңыздар.

ғимарат – здание
имарат – сооружение
тұрғын ғимарат – жилое здание
тұрғын кешені – жилой комплекс
имаратты пайдалану – эксплуатация сооружения
суқабылдағыш – водоприемник
су өткізгіш құбыр – водопроводная труба
түтін құбыры – дымовая труба
қорғаныс аймағы – защитная зона

**12-тапсырма**. Ғибрат сөздерді жаттап алыңыздар.

Үй салам десең – көршіңді сайла.

***

Адам болу – ең қиын мамандық.

***

Шын беріле қызықтаған нәрсе ғана адамның жүрегінен орын алады.

*әл-Фараби*

Әр адамның бойында құрылысшының құдіретті күші бар, сол күш жер бетін тағы да үлкен ғажайыптармен байытуы үшін, оның дамуына, гүлденуіне ерік беру керек.

*М.Горький*

**13-тапсырма.** Төмендегі мәтінді оқып, оның тақырыбы мен негізгі ойын анықтаңыздар. Мәтінге ат қойыңыздар. Мәтін арқылы ғалым қандай ой білдіргенін айтыңыздар.

Сөзден құрастырып әңгіме шығару үшін жұмсайтын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалғаны сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалады. Кірпіштен қалап түрлі үй жасағаны сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны – тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіш жақсы болмайды. Кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды.

(*А.Байтұрсынов*)

**14–тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар, негізгі бөлектерге бөліп, ат қойыңыздар.

**Бетон және темір бетон**

Бетоннан – өте берік жасанды тастан ежелгі римдіктер де ғимараттар салған. Оны жасанды деп бекер айтпаған, өйткені табиғаттан дайын бетонды таба алмайсың. Ең алдымен зауытта арнаулы ұнтақты – цементті дайындау керек. Цементті құммен араластырады, содан кейін цемент қоймалжыңына ұсақталған тас қосады. Осыларды араластырғанда дайын бетон шығады.

Бетонның бір ғажап қасиеті бар: жыл өткен сайын, қатайып, бұрынғыдан да беріктене түседі. Ол аязға төзімді, судан «қорықпайды», оған әр түрлі пішін беруге де, тұтас шомбал етіп қоюға да, әр алуан түске бояуға да болады. Алайда оның кемшілігі бар: ол морт сынғыш. Бетон кесегін қатты ұрсаңдар оның күл талқаны шығады. Қазір темір бетон барлық жерде қолданылады. Одан бөгет, қабырға, төбелік тақта және үй төбесі, көпір, мұнара, бағана, стадион сәкілері және көптеген басқа заттар жасайды.


**15-тапсырма.** Төмендегі мәтінді мұқият оқып, түсінгендеріңізді өз көзқарастарыңызбен толықтырып, баяндаңыздар.

**Сәулеттік құрылыс жүйелері**

Сәндік қолданбалы өнер орта ғасырдың дамыған кезінде өркендей бастады. Ол көбінесе металдан жасалған ыдысты өрнектеу ісінде және ғимараттарды сәндеп жасаудан көрінеді. Үйлерді безендіру құрылыс материалдары мен оның сәулеттік жүйесіне тікелей байланысты. Сәндік қолданбалы өнер туындылары жасалып жатқан құрылыстың өз материалдарымен де орындалады. Сары топырақты балшық пен ғаныш қолданбалы өнердің құрылыс материалдары болған. Ғимарат қабырғаларының қалай қалануы оның жобасын жасайтын

шеберге тікелей байланысты болды. Құрылысты жасаушылар сол көрсетілген жоба бойынша қалап шығады. Мәселен, шеберлер кірпішті қырынан немесе көлденеңінен, тігінен қалау арқылы белгілі бір суреттер жасап, безендіріп отырған. Қабырғаны осылай сәндеу қолданбалы өнердің бір тәсіліне жатады. XI ғасырдан бастап сәндік қолданбалы өнерде оюлы және жылтырлаған кірпіштер кеңінен пайдаланылған.


Керамикаға оюлап жануарлардың бейнелерін салу да орын ала бастаған. Қызылөзен қаласының орнын қазғанда арыстан бейнесі бедерленген терракоталық тақталар табылған. Сәндік қолданбалы өнер кейінгі орта ғасырдағы қазақ халқының құрылыс, сәулет өнерінде айқын орын алғандығын байқауға болады. Мәселен, кейбір күмбездердің әшекейленіп жасалуы немесе тұскиіздер мен текеметтегі оюлар қолданбалы өнердің дамығандығын көрсетеді. X-XII ғасырларда сәулетті ірі құрылыстар салына бастаған. Мұндай құрылыс жүйелерінің салынуына Қазақстандағы ислам дінінің нығая бастауы себеп болды. Сәулеттік құрылыс жүйелерінің сыртқы көрініс стилі Орта Азия мен Қазақстанда бірдей болды. Әсіресе діни кешендер салу ісі ерекше дамыды. Діни кешендер орталық алаңдарға салынып, басқа ғимараттардан ерекше оқшауланып тұрған. Бұл кездегі ғимараттарға мешіттер, кесенелер, мазарлар, моншаларды жатқызуға болады.



*Мешіт* – мұсылман дінінің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері орындалатын қасиетті ғимарат. Мешіт, мұнара салдыру билік басындағылардың ислам дініне адалдығының нышанын білдірген. X ғасырдың араб-парсы жазба деректерінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағындағы қалаларда мешіттердің болғандығы айтылған. Олардың кейбіреулері осы күнге дейін сақталған. Мысалы, бір кезде ірі мешіт болған Боран мұнарасы – осының айғағы. Мұнараның жанында төбесі күмбезделіп жасалған кесенелер болған.

Олардың ішкі жағы қызғылт-күрең түске боялған оюлы ғаныш сылақпен безендірілген. Өзінің алғашқы құрылыс жүйесін сақтаған ескерткіштер – Бабаджа-қатын мен Айша-бибі кесенелері. Бұл кесенелер күйдірілген кірпіштен шаршылап салынған порталдары бар, әсем күмбезді ғимарат.

**Бабаджа-қатын кесенесі**



**Айша бибі кесенесі**

Төрт жағында – қабырғалардың ішкі және сыртқы беттерінде сүйірлеу аркалы қуыстары бар. Орта ғасырдың дамыған кезінде құрылыстық сәнділігі ерекше көзге түсетіні монша құрылысы болып табылады.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеген қалалардан шығыс моншаларының орындары белгілі болды. Ғылыми пікірлерге қарағанда, кейбір үлкен қалаларда бірнеше монша салынған. Тараз қаласынан да екі монша орны аршылған. Көлемі 13,4*12,4 м болатын бірнеше моншаның әр түрлі мақсаттарға пайдалануға арналған жеті бөлмесі болған. Табылған қалдықтар: сәкілер, су құятын астаулар, науалар, кертпелер, полихромдық әшекейлер – Тараз моншасының іші бай безендірілгенін дәлелдейді.



**Қожа Ахмет Йассауи кесенесі**

Осы іспеттес шығыс моншасы қазіргі Түркістан қаласында XX ғасырдың 60-жылдарына дейін жұмыс істеген. Монша Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің жанында. Ол қазір мұражайға айналдырылды. Алматы қаласында шығыс моншасының жобасымен салынған «Арасан» моншасы қазіргі кезде қала тұрғындарының демалып-сауығатын орындарының біріне айналған.

**16-тапсырма**. «Сәулеттік құрылыс жүйелері» мәтіні бойынша төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сәндік қолданбалы өнер деп нені айтамыз?
2. Қазақстанда іргелі ғимараттық құрылыстар қай кезде бой көтере бастады? Оған қандай жағдай ықпал етті?
3. Қандай қалаларда мешіт құрылыстарының орны ашылған?
4. Қандай кесенелерді білесіздер?
5. Қай қалалардан моншалардың орны аршылған?
6. X-XII ғасырларда қандай сәулеттік құрылыстар салу ісі ерекше дамыды?
7. Белгілі адамдардың құрметіне қабір басына тұрғызылған діни құрылыс қалай аталады?

**17-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, оларды өткен шақта жазыңыздар.

**18-тапсырма**. Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырыңыздар**.**

1.Тараз ... да екі ... аршылған**.** 2. Археологиялық қазба жұмыстарының ... қалалардан ... орындары белгілі болды. 3. Монша ... кесенесінің жанында. 4. Өзінің алғашқы құрылыс

жүйесін сақтаған ... кесенелері. 5. Төрт жағында ... ішкі және ... беттерінде сүйірлеу арқалы қуыстары бар. 6. Керамикаға ... жануарлардың ... бейнелерін салу да орын ала бастаған. 7. Діни ... салу ісі де ... ерекше дамыды. 8. Бір кезде ... мешіт болған... мұнарасы осының айғағы. 9. Өзінің алғашқы құрылыс ... сақтаған ...- Бабаджа-қатын мен ... кесенелері. 10. Сәндік қолданбалы ... кейінгі орта ... қазақ халқының құрылыс, сәулет... айқын орын алған.

**19-тапсырма.** Берілген даналық сөздерді жаттап, мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Нағыз адамның белгісі – кісілік.
2. Әділ сөз ащы болады.
3. Көңіл аудар даналардың сөзіне,
   Адал жанды өнеге тұт өзіңе.
4. Ақыл, қайрат, білімді
   Тең ұстаған зор болар.
   Ойсыз, жігерсіз, білімсіз
   Өмір кешкен қор болар.
5. Адамның сұлулығы – шыншылдығында.
6. Адал еңбектің абыройы жоғары.
7. Аталы сөз – ақылға көз.

**20-тапсырма.** Сұхбатта келтірілетін төмендегі тұжырымдарды кеңейтіп айтыңыздар.

1. Бүгінгі сәулеттік құрылыстың даму қарқыны.
2. Менің өскен жерімдегі мұражай, кесене, мешіттер және қолданбалы өнер туындылары.
3. Қазақстан мұражайлары.
4. Мен және қазіргі заманғы Қазақстан.
5. Менің арманымдағы Қазақстан.

**21-тапсырма.** Сөз тіркестерінің екінші дұрыс сыңарын табыңыздар.

| | |
|---|---|
| 1. осы уақытқа дейін | 1. салу |
| 2. моншаны | 2. құрылыс |
| 3. пайдалы | 3. бояу |
| 4. қажетті | 4. безендіру |
| 5. ескерткіш | 5. бастау |
| 6. сәулеттік | 6. жұмыстары |
| 7. мұражайды | 7. іс |
| 8. ұйымдастыру | 8. мәлімет |
| 9. ғимаратты | 9. қалпына келтіру |
| 10. пайдалы | 10. даму |
| 11. қуыстары | 11. жасау |
| 12. жүйені | 12. құрметіне |
| 13. өрнектеп | 13. бар |
| 14. кесене | 14. пікір |
| 15. ішкі | 15. сақтау |

**22-тапсырма.** Мәтінге ат қойып, жалғауларды тауып, орыс тіліне аударыңыздар.

1929 жылы Қазақстан астанасы Қызылордадан Алматыға көшіп келді. Алматы – мәдениет пен өнер, білімнің орталығы. Қалада сәулет өнерінің тамаша ескеріткіштері болып саналатын Опера және балет театрының үйі, Республика сарайы, Әуезов атындағы театр, Орталық мұражай, Ғылым академиясының бас ғимараты сияқты т.б. ғимараттар бар. Медеу спорт кешені – бүкіл республика мақтанышы. Қалада 100-ге жуық жоғары оқу орындары, ондаған театр, концерт, кинозалдар бар.

Республика тәуелсіздігінің бесігі – алтын адамның мүсіні алыстан көз тартады.

**23-тапсырма.** Төменде берілген етістіктерден болжалды келер шақта сөйлем құрастырыңыздар.

Ұйымдастыру, пайдалану, сақтау, үнемдеу, мазалау, безендіру, әшекейлеу, салу, сауықтыру, өру, бедерлеу, тұрғызу, құрылымдау, асыру, сәндеу, отырмау, есту, өңдеу, себін тигізу, куәсі болу.

**24-тапсырма.** Сәулет, құрылыс мамандығы бойынша түсіндірме сөздік негізінде 10 терминнің түсініктемесін жазыңыздар.

**25-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

**Тас өңдеу өнері**

Тасқа паналау, тас қалау, тасты құрал-жабдық ретінде пайдалану және өрнектеу, таспен басқа затты өрнектеу, тастан мүсін жасау өнерлерінің ертеден пайда болғаны мәлім.

Қазақ халқы тасты үй, қора, мешіт, зират, мұнара салу, құдық шегендеуге пайдаланады. Халық мұндай шеберлерді тас қалаушылар деп атады. Әр ауылда атақты тас шеберлер болды. Олар тас қалаудың, оны ұқсатып шабудың, өрнектеудің қарапайым болса да тәсілдерін шебер меңгерді. Соның нәтижесінде шеберлер қалаған тас қалалар, бейіттер, әр түрлі мұнаралар мен күмбездер бірнеше жүздеген жылдар бойы сол қалпында сақталды. Тастың қырын келтіріп, берік қалаумен бірге оның сәнді, сәулетті болуын шеберлердің өздері орындады. Мәселен, тасты таңдайлап қалау, белдеулеп қалау, бағандап қалау, әр түрлі тастарды шатыраштап ойыстырып (шахматша) қалау арқылы сәнді өрнектер жасалды.

Қазақ халқының сәулет өнерінде кездесетін тастан еден төсеу, таспен күмбездеу, тас діңгектерін қалау, сәкілер жасау әдістері ертеден келе жатқан тас шеберлерінің өнерін дәлелдейді. Бізге дейін сырын да, сынын да сақтап келген өте ескі заманғы бұл мұнаралардың бірі – Айша бибі, Алашахан, Ахмет Яссауи, т.б. мазарлары.

**26-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер**.**

1. Қазақ халқы тасты неге пайдаланған?
2. Тас қалаушылар қандай тәсілдерді меңгерді?
3. Шеберлер қалаған тас үйлер қанша жыл сақталды ?
4. Шеберлер сәнді өрнектерді қалай қалаған?

5. Сәулет өнерінде қандай дістер тас шебердің өнерін дәлелдейді?

**27-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөз тіркесін қойыңыздар.

1. Тас қалау, таспен басқа затты ернектеу, тастан ..... өнерлерінің ертеден пайда болғаны мәлім.
2. Қазақ халқы тасты....., ...., ..... шегендеуге пайдаланады.
3. Халық мұндай шеберлерді ..... деп атайды.
4. Тастың қырын келтіріп, берік қалаумен бірге оның ....., ..... болуын шеберлердің өздері орындады.

**28-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.

қалаудың айқастыра байлауы – перекресная перевязка кладки
қалаудың ретсіз байлауы – нерегулярная перевязка кладки
қалаудың бір қатарлы байлауы – однорядная перевязка кладки
қалаудың үшкір қыр байлауы – тычковая перевязка кладки
қалаудың көлденең байлауы – поперечная перевязка кладки
қалаудың көп қырлы байлауы – многорядная перевязка кладки

**29-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түсініктемесін біліп алыңыздар.

Сәкі – саты, басқыш, орындық; төр алдында болатын отырғыш тақтай, яғни қалаған кірпіш, нар.

Оба – тастан қалаған қарақшы, меже, белгі.

Баған (бағана) – қора төбесінің арқалығын астынан тіреп тұратын діңгек ағаш.

Белдеу – киіз үйдің туырлығын айналдыра белінен орап байлайтыш арқан.

Сүтін – тіреу, бағана, діңгек.

Ұрма (соқпа) – қалыпсыз кесек былжырдан соққан құрылыс.

Қойма тас – құмнан, цементтен құйып біріктірген тас; жасанды тас.

Шалдуар – тастан, балшықтан қалаған ашық қора.

**30-тапсырма.** Ғибрат сөздерді жаттап алыңыздар.

Көркем өнер біздің ішкі дүниемізге, жан жүйемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді.

*М. Әуезов*

Таза өнердің иесі жомарт келеді

*Сайф Сараи*

Жігіттер, өнер үйрен заманыңда,
Денсаулық, әлің келген аманыңда

*Ақансері Қорамсаұлы*

Осынша өнер тауып асқан-адам
Әлемнің қиын сырын ашар-адам...

*Ш. Құдайбердиев*

Өнерсіздің өнбегі жоқ.

*Ж. Баласағұн*

Қандай болмасын өнердің теориясын меңгеру дегеніміз – бұл өнер мәселелерін ақылмен білу және тану қабілеттілігін меңгеру болып табылады.

*әл-Фараби*

Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

*Абай Құнанбаев*

Дүниеде түрлі өнер көп, өнерді тапқан шебер көп.

*Сәбит Дөнентаев*

**31-тапсырма.** Мәтінді оқып, сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыздар.

Қазақстан аймағында құрылыс ісі жоғарғы палеолит дәуірінде пайда болды. Қаратау, Баянауыл, Ұлытау,

Маңғыстаудағы үңгірлер тұрақтары шағын топтар болып өмір сүрген, бірігіп еңбек еткен алғашқы қауымдық құрылыс аңшыларының, кейінірек ертедегі рулық қауымдарды құраған адамдардың тіршілік жайын сипаттайды. Бұл дәуірде ортасында дөңгелек ошағы бар, тастан немесе топырақтан қалаған, аласа қабырғалы төбесі сырықтармен жабылған алғашқы тұрғын үйлердің іздері сақталып қалды.

**32- тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.
құрылыс – строительство
тұрғын үй – жилой дом
қалау тәсілі – способ кладки
қалау тас – кладочный камень
қабырға – стена
төбе, шатыр – крыша
қорғаныс құрылыс – фортификация
тас құрылыс – дольмен
жылтырату – глянцевать

**33-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдердегі есімше тұлғалы етістіктердің астын сызыңыздар.

Толған ел — тарихын таспен жазады,
Тозған ел – тарихын жаспен жазады.

***

Қатардан ассаң да, халықтан аспақ жоқ.

***

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

***

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз.

***

Көрмес түйені де көрмес.

***

Нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде болар.

**34-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

**Ақыртас**

Ақыртас – Қазақстан жерінде салынған ескерткіш құрылыстардың ішіндегі көзге түсетін ең көрнектісінің бірі.

Ақыртас ескерткіші ғылым дүниесіне XIX ғасырдың ортасынан белгілі болған. Бірақ ол кезде оны қазып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ешкім болған жоқ.

Ежелгі құрылысшылар Ақыртасты салғанда, тастардың арасын біріктіру үшін лай, балшық сияқты ерітінділерді пайдаланбағанға ұқсайды. Сыртқы және ішкі қабырғалар «құрғақтай», яғни ешбір лай, балшықсыз ұштастырылып қаланған. Бірақ қаланған тастардың өзара қиюласқаны соншалық, тіпті жігі де білінбеген. Әрине, мұндай тығыздығымен жекелеген тастарды, блоктарды қашап, қиюластыру нәтижесінде ғана қол жеткен. Тастарды өзара осынша қиюластырып, қалау – ежелгі құрылысшылардың асқан (архитектуралық) сәулет өнерінің айғағы боларлықтай.

Ақыртасты салуға қажетті құрылыс материалдары негізінен тас болған. Ал, бұл тастар сол құрылыстан бір жарым шақырым жердегі тас карьерден тасылып әкелінгенге ұқсайды. Бір тамашасы – карьерден қазылып алынған тас құрылыс орнына жеткенше жол-жөнекей қашалып, егеліп, белгілі бір қалыпқа (пішін) түсіп отырған.

Ақыртас ескерткіші Жамбыл қаласының шығысындағы Ақшолақ атты шағын теміржол станциясынан табылған.

Бұл жерден жағылған от орындары мен металл сынықтарын көптеп кездестіруге болады. Осы жердегі ғасырлар бойы тот басқан балғалар мен қайлалар да – ежелгі тас қалаушылардың құралы болған деп есептеуге толық негіз бар. Ғалымдардың ойынша, ежелгі тас қалаушылар қызған тасқа суық су құйып жіберіп, оның жігін сетінеткен. Осы сетінеген жерге металл сынаны тығып, оны ауыр балғалармен ұрған. Міне, осындай әдіспен алып тастарды айырып, жарып отырған. Ал, тас карьер маңынан табылған кішкене, қашаулармен тасты қашап, жонып, белгілі бір қалыпқа келтірген.

**35-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ақыртас қайда салынған ескерткіш?
2. Ақыртас ғылым дүниесінде қашан пайда болған?
3. Ежелгі құрылысшылар тастардың арасын біріктіру үшін нені пайдаланған?
4. Сыртқы және ішкі кабырғалар қалай қаланған?
5. Тас қалаушылардың негізгі құралы нелер болған?
6. Тас қалаушылар тастың жігін қалай сетінеткен?
7. Тас қалаушылар немен тасты қашап, жонып отырған?

**36-тапсырма.** Берілген етістіктерден сөйлем құрастырыңыздар. Етіс түрін ажыратыңыздар.

Сал, салғызды, салысты, салынды, болғызды, болысты, біріктіртті, пайдаланғызды, қаласты, қаланды, қалатты, білгізді, білдіртті, білісті, қаматты, жеткізді, жеткізілді, тасыт, тасытқызды, тасылды, әкелді, әкелгізді, әкелісті, әкелдірді, әкелінді, тыңдалды, тапқызды, жарылды, жарғызды.

**37-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар**.**

лай су – ильная вода
лай құбыры – грязевая труба
лайлану – заиление
лайлылық – мутность
балшық – глина
балшық ерітіндісі – глинистый бар
(тас) қалаушы – каменщик
қалау тас – кладочный камень
жік – шов
тығыздық – плотность
беріктік – прочность
қашалған тас – тесаный камень
қашау тас – руст
қалып, пішін – форма
осалданған жік – ослабленный шов
тереңдетілген жік – заглубленный шов
сына – клин, нагель

сына ойығы, ұясы – гнездо нагеля
сына қысқыш – клиновый зажим
қашау – долото, стамеска

**38-тапсырма.** Жоғарыда берілген термин сөздермен сөйлемдер құрастырыңыздар.

**39-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

Археологиялық зерттеулерге жүгінсек, қола дәуірінен бастап, соңғы орта ғасыр дәуіріне дейін алып, сән-салтанаты мәрмәр тастан жасалған архитектуралық құрылыстар болмаса да жай тастан, ішкі және күйдірілген кірпіштерден жасалған үлкенді-кішілі құрылыстарды көптеп кездестіреміз.

Орталық Қазақстанда көп жылдар бойы ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізген академик Ә.Х. Марғұлан бұны: «Қола дәуірі кезінде өмір сүрген тайпалардың тастан қаланған қоныс жайларының және жерленген адамдардың бастарына тұрғызған құрылыстарының жүйелері, өз кезіндегі архитектуралық құрылыстардың тамаша көріністері» дейді. Бұл мезгіл қазақ жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, таптық құрылыстың пайда бола бастаған кезін көрсетеді. Құрылыстағы байқалатын көрініс құрылыстың дами бастағанын көрсететін, тайпа немесе ру ақсақалдарының молаларының ерекше құрылыс жүйелерімен салынғандарын көруге болады. Бұл кездегі құрылыс жүйелерінен байқалатын бір көрініс күнге табынудың белгісін білдіреді. Айталық жерленген адамдардың басына тастан бірнеше қатар дөңгелек қоршаулар жасауы.

**40-тапсырма**. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жайтастан ішкі және күйдірілген кірпіштен жасалған құрылыстарды қай дәуірден бастап кездестіреміз?
2. Орталық Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізген академик кім?
3. Дөңгелек қоршаулар ненің белгісін білдіреді?

**41-тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар. Мәтіндегі сөйлемдердің бастауыштары мен баяндауыштарын табыңыздар.

Мәдениет – археологиялық ұғым. Белгілі бір дәуір зерттелгенде, олардың ескерткіштерінің өздеріне тән ұқсастықтары болады. Екіншіден, өсіп-дамуына байланысты ескерткіштер өзгеріске түсіп отырады. Оларды бір-бірімен шатастырмау үшін, әрбір облыста ұқсас ескерткіштерді археологиялық ғылымда мәдениетке бөліп тексереді.

Қазақстанда қола дәуірінің кезінде өмір сүрген рутайпалардан қалған ескерткіштер бірнеше мәдениетке, ал мәдениеттер бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Сол кездегі адамдардың рухани және материалдық мәдениеттері жағынан біртіндеп даму процестеріне орай бөлінудің өзіндік мәні бар. Әр облыстағы жерлеу әдет-ғұрыптардың жергілікті болғанымен, жалпы бірыңғай дәстүр болған. Олар ескерткіштердің сыртқы көріністерінен де және ішкі көріністерінен де толық байқалады.

**42-тапсырма.** Мәтіннен тәуелдеуіш сөздерді табыңыздар.

Мәдениет – адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам және адамның белгілі тарихи даму дәрежесі. Мәдениет ұғымы алғашқы пайда болған кезде, ол адамның табиғатқа ықпал етуін анықтау үшін, яғни оның дүлей күштерін бағындырып, көздегеніне жететіндігін білдіру үшін қолданылды.

**43-тапсырма**. Мәтіннің сауалдары негізінде шығарма жазыңыздар.

Абай Құнанбаев ғылымға деген махаббатқа қалай ие болуға болатынын, оның себептерін түсіндіре келе: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана аты адам болады» – дейді. Міне, осы тезистен Абайдың әйгілі «толық адам болу» концепциясы басталады. Ойшылдың сан-

саналы күрделі шығармашылығының алтын арқауы да осы ойдан түзіледі. Бұл жердегі басты мәселе – адам болу мен ғылым-білімге деген махаббаттың теңестірілуі. Ғылым-білімге деген махаббат – адамдықтың басты шарты, адам болудың басы болып шығады.

«Өзіңнің кім екеніңді», «не үшін дүниеге келгеніңді», өміріңнің мәні мен мағынасы не екенін таныдың ба? Қалай тануға болады? Адамның өз болмысын тануы үшін қажетті шарт қандай? Осы сауалдар төңірегінде әңгімелесіңіздер. «Мен кіммін» деген тақырыпта шығарма жазыңыздар.

**44-тапсырма.** Ғибрат сөздерді жаттап алыңыздар.

Мәдениет дегеніміз – адамзат баласының ақыл-ойы, жігері, қажырлы еңбегі, мұның бәрі – зор қоғамдық сипат.

...Тарихи-мәдени белгілер ұлы Отанның бір қырын танытар айнасы.

Мәдениет пен өнер ісінің сан алуан сәулетті түрін көп уақыт сақтап, келесі заманға мирас етіп отыруға болады.

*Әлкей Марғұлан*

Мәдениет тарихын білмей тұрып, мәдениетті адам болу мүмкін емес.

*М. Горький*

Мәдениет халықтың ең үлкен рухани азығы. Бұл салаға көрінген көк атты келе бермейді, халыққа мәдени қызмет көрсететін маманның өзі мәдениет пен білімді кемел игерген адам болуға тиіс.

*Ілияс Омаров*

Мәдениет көтеру үшін мәдениет тарихын, адамзаттың барлық мәдени мұрасын білу керек.

*М. Калинин*

Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігінің, жан дүниесінің ләззатшыл нәзіктігінің бірден-бір белгісі – көркем әдебиетті қол үзбей оқи білуі.

*Евней Букетов*

**45-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

**Архитектура**

Архитектура (лат. archi – tectura, грек. architekton – құрылысшы), сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып саналған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Миллиондаған халқы бар қаланы да, шағын тұрғыны бар ауылды да салу оңай емес. Бұл салада архитекторға сәулетші болу аз, ол социология мен гигиенаны, экономика мен экологияны, транспорт пен қала шаруасын білу керек. Жеке ғимараттардан ансамбль құру мәселесі, қаланың қайталанбас кескін-келбетін жасауға тырысу, ескі құрылыс пен жаңа құрылыстың үйлесімді шешімін табу асқан шеберлікті керек етеді. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Рим архитекторы Витрувийдің айтуынша, сәулеттік шығармаларда бұлжымайтын үш қасиет болу керек: беріктік, қолайлылық және әдемілік. Беріктік – инженерлік есепке, қолайлылық – тұрмысты білуге байланысты болса, әдемілік – сәулетшінің талант-талғамынан туады. Бүгінгі күннің сәулет өнері техникалық жабдықтармен тығыз байланысты. Электроника, эскалатор мен лифттер, сантехникалық бұйымдар, ауа тартқыш тетіктерсіз бір де бір ірі құрылыс салынбайды. Алдыңғы қатарлы технологияны өнердің әдемілік шарттарымен ұштастыру үшін сәулетшіге ғылыми сана, суреткерлік ой керек.

Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан,

тал шыбықтардан және балшықтан салды. Су айдынында да үй тұрғызып үйренген. Б.з.б. 2-мың жылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгірлер мен дольмендер пайда болды. Менгірлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады. Дольмен – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес. Ал шеңбер жасап, төбелері жабылған тас құрылыстарды кромлех дейді.

***Сөздік:***

құрылысты жобалау – проектирование строительства
салу – строить
бейне – образ
тұрғын үйлер – жилые дома
қоғамдық ғимарат – общественные сооружения
шеберлік – мастерство
әдемілік – красота
адамзат – человечество
жабдық – оборудование

**46-тапсырма**. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сәулет өнері нені білдіреді?
2. Рим архитекторы Витрувий сәулеттік шығармалардың қандай қасиеттерін атады?
3. Адамзат баласы көне заманнан бастап немен айналысқан?
4. Монументті құрылыстар қай кезде пайда болды?

**47-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.

Сәулет өнері, салу, туынды, эстетикалық талғам, өнеркәсіптік кешен, сәулетші, құрылыс.

**48-тапсырма.** Сәулеттік өнер адамға не береді?

Эстетикалық талғам_____
Жаңа мәлімет_____

Жаңа әсер_____
Жаңа мақсат_____
Құрылысты жобалау_____
Суреткерлік ой_____
Сәулеттік өнер адамды неге үйретеді?

_____

**49-тапсырма.** Мәтінді бірнеше бөлімге бөліп оқып, мәтіннің негізгі идеясын және бірнеше тірек сөз жазыңдар.

Үлгі: Мәтіннің негізгі идеясы _____

_____

_____ тірек сөздер _____

_____

**50-тапсырма.** Берілген есім сөздерге жұрнақ жалғап, етістікке айналдырып жазыңыздар.

Үлгі: көркемде, әсемдеу.

Көркем, әсем, бейне, биік, ажар, ой, әсер, айшық.

**51-тапсырма.** Нақыл сөздерді оқыңыздар.

Ағайын жат болады, алыс болса,
Жат та жақын болады, таныс болса.
Дұшпан түгіл, достарың табалайды,
Аяғың бір нәрседен шалыс болса.

*(Шал ақын)*

**52-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар. Мәтінде Қытайдың қандай халықтық, ұлттық ерекшеліктері сөз болатынын дәлелдеңіздер. Қазақ халқының дәстүрлеріндегі киелі сан туралы өз ойларыңызды айтыңыздар**.**

Қытайдағы Аспан храмы – бірнеше сәулет ескерткіштерінің басын қосып тұрған бірегей кешен. Сонау 1406 жылы құрылысты Юнлз деген император бастапты. Храмның оңтүстік бөлігі тіктөртбұрыш түрінде салынған. Ал өр жақтағы ғимараттары жартылай шеңбер түрінде бой көтерген. Кезінде қытайлықтар жер – төртбұрыш, ал аспан – дөңгелек деп түсініпті. Храм құрылысы сол түсінік бойынша жүргізілген.

Аспан храмына келіп, императорлар көк тәңірімен тілдесетін. Олар жаңбыр, астық сұрайтын болған. Екі ғимаратта императордың аспанмен сөйлесетін орны сақталған.

Храмның жоғары өрлейтін баспалдақтарының тоғыз-тоғыздан басқышы бар. Дөңгелек алаңқайдағы тастар да тоғыздан қиыстырылып төселген. Храмның жоғары жағында уық міндетін атқаратын ағаш айдарлар да тоғыз-тоғыздан тырмысып барады. Бұл қытайлықтардың тоғыз санын кие тұтатынын танытады.

**53-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.
автобетон араластырғышы – автобетоносмеситель
автоерітінді тасушы – авторастворовоз
автоцемент тасушы – автоцементовоз
цементтің белсенділігі – активность цемента
темірбетон құрылымдарының арматурасы – арматура железобетонных конструкций
сәулет объектісі – архитектурный объект
топырақ балансы – баланс грунта
мұнара – башня
бетонтөсегіш – бетоноукладчик
құрылыс-технологиялық блок – блок строительно-технологический

**54-тапсырма**. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

**Қолөнер – мол өнер**

Қазақ халқының қолөнері деп, халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнінде осы қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды

пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра біледі. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да халық өмірімен, сол халықтың қоғамдық тарихымен, күн көріс кәсібімен тығыз байланысты екенін көреміз.

Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулау, мал өсіру және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегін, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әралуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер сәулет өнерінде кеңінен қолданылып келеді.

Ежелден біздің заманымызға дейін сақталған мазарлар мен ескірткіштердегі, діні әр түрлі құрылыстардың қабырғалары мен мұнараларындағы сәнді ою-өрнектер, ағаштан қиюлап, тастан қашалып жасалған діңгектер – халық қолөнерінің асқан тамаша туындылары.

Саз балшықты күйдіріп, ағашты майлап кептіру шақпаққа қу жасап, оны тұтанғыш ету, бейіт, қорған, мешіт және т.с.с. салуда қолданылған балшықты қыл, жүн, шөп-шалам араластырып илеу тәсілдері де өте ертеден-ақ халықтың іздену талабынан, қоғам дамуы үрдісінен туған айла-тәсілдер. Батырлық пен саяхатшылыққа қажетті садақ пен жебе**,** айбалта мен шоқпар, сойыл мен босмойын, аңшыларға қажетті құстың тұғыры мен томағасы, балдағы мен аяқ бауы сияқты көптеген жабдықтар да қазақ халқының тұрмыс-салты, кәсібіне байланысты туғандығы сөзсіз.

**55-тапсырма.** Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

**56-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыздар.

Қазақ халқының қолөнері деп ...жиі қолданылатын....., ....., ....., ....., ....., ....., сияқты шығармашылық өнер

жиынтығын айтады. Қолөнер түрлерінің әрқайсысының .... тарихы бар. Казақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті .... салуды, …. тігуді, .... өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі еткен. Бұдан біз халық шығармашылығының қандай түрі болса да ..... , сол халықтың қоғамдық…., күн көріс……..... тығыз байланысты екенін көреміз. Көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар .....жасап, түрлі .....әшекейлейтін болды. Қолөнерінде көңілге қонымды .....мен ондағы ..... сәулет өнерінде кеңінен қолданылып келеді.

**57-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.
балшық жабынқышы – глиняная черепица
балшық тектес қабат – глинобитый слой
балшық-ғаныш ерітіндісі – глино-гипсовый раствор
балшық-топырақ – глинозем
балшық қоспа – глинистая примесь
балшық құмтас – глинистый песчанник
балшық топырақ – глинистый грунт
балшық еріткіш – глинорасворитель
балшықты негіз – глинистое основание

**58-тапсырма.** Мәтіннен көмектес септігінде тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыздар.

**59-тапсырма.** Мәтіннен қос сөздерді бір бөлек теріп, біріккен сөздерді бір бөлек теріп жазыңыздар**.**

**60-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдарыңыздар.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны – ою-өрнек өнері. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп, әшекейлеудің негізі болып келеді.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсенің бетіне екі затты оя кесіп

қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығы, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер-бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалаптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Қазақтың ұлттық ою өрнектерінің түпкі негізін іздестіру ісінде Т.К. Бәсеновтің «Орнамент Казахстана и архитектура» деген кітабы көптеген құнды материалдарға толы. Кітапта халық ою-өрнек өнерінін шығуы, оның қандай ұғымда туып, қалай дамығандығы, ерте кездегі қауымдардың мекендестігі, кәсібі мен әдет-ғұрпы жайында өте толық айтылған.

**61-тапсырма.** Қолда бар бұрын-соңды жазылған деректер мен ел арасындағы қолөнер шеберлерінің айтуынша, қазақ ою-өрнектерінің өте жиі қолданылатын 200-ден астам түрі бар. Т. Бәсеновтің кітабында көрсетілген сәулеттік өрнектер түрлерін дәптеріңізге жазып, атауларын біліп келіңіздер.

**62-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түсініктемесін біліп алыңыздар.

Әшекей – өрнек, бір нәрсені әдемілеп тігу, алтын, күміс, маржанмен әшекейлеу.

Басқұр – керегелердің басын айналдыра орай тартып байлайтын, өрнектеп тоқыған жалпақ бау. Басқұрды өрмекпен әр түрлі жіп, арқау салу арқылы жолақтап та, әр түрлі өрнек салып теру арқылы да тоқиды.

Жебе – садақтың оғы (XIII ғасырда бұл оқты Шыңғыстың атақты әскер басы Жебе мерген алғаш тартқан. Оқтың «жебе» аталуы содан қалған).

Қайыс – иленген тері (өрімге, тігуге арнап илеген мал терілері).

Қол шоқпар – ерте кездегі жорықшылардың, батырлардың қаруы (бір құлашқа таяу шоқпар ағаш).

Мәнер – өрнек стилі, келісімі.

**63-тапсырма.** Төмендегі берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстыра отырып күрделі сөйлемдер құрастырыңыздар.

Халық тұрмысы, өнер жиынтығы, қазақ халқы, тұрмыстық кәсібі, күн көріс тіршілігі, әдет-ғұрып жабдықтары, бесік, сырмақ, діңгек, қорған, тәсіл, балшық, өнерпаз, халық шеберлері.

**64-тапсырма**. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

**Ағаш шеберлері**

Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні пайдаланады, үйшілер ағаш ояды, тоқушылар шыбық өріп, талды пайдаланады, балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы үстел, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтақсыз, оқырасы жоқ таза ағаш таңдап алынады.

Ағаш шеберлері балта, пышқы, сүргі, бұрғы, тез, қысқы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады. Бұлардан басқа түрлі өлшеуіш пен үлгі, біз, қырғы, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болады. Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер: емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шамшат, тас жарған, мойыл, қайыңның түбірі (безі), жөке, тал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланады. Бұлардың бірі қатты, бірі жонуға оңай, жылтыр, ал кейбіреулері жарылмайтын, қаңсымайтын болса, енді кейбіреулері иілгіш, жеңіл, су сіңбейтін бірақ бояу сіңгіш, желім ұстағыш болады. Әрбір істің ерекшелігіне қарай әр түрлі сападағы ағаштар пайдаланылады. Мысалы, қазақ шеберлері ірі жеңіл, әрі жонуға жақсы деп ерді, арбаның төс ағашын,

кереуеттің басын қайыңнан істейді. Найзаның сабын, садақтың жебесін, соқа мен арбаның, оқтың және т.б. бөлшектерін темірдей берік деп еменнен жасайды. Қазақ үйдің керегелерін талдан, қара мойылдан, ал шаңырағын, маңдайша мен табалдырығын қайыңнан істейді.

**65-тапсырма.** Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

**66-тапсырма**. Қол өнерде қолданылатын ағаш атауларын дәптеріңізге жазып, жаттап алыңыздар

қайың – береза
үйеңкі – клен
тал – ива
самырсын – пихта
ши – кустарник
шамшат – бук
қара ағаш – берест
арша – можжевельник
мойыл – терн
емен – дуб
қарағай – сосна
шынар – чинара
шыбық – ива

**67-тапсырма**. Ағаш шеберлері пайдаланатын аспаптардың түсініктемесін біліп алыңыздар.

пышқы – ағаш кесетін ара темір (пышақ, пышқы, пішу, пішін, пішен сөздерінің бірінің түбірі піш – кес сөзінен шыққан).

сүргі – илеген терінің етін көшіріп, құрыс-тырысын жазу үшін ағаштан, темірден жасаған қырғы құрал.

қырғы – ағашты, сүйекті, мүйізді қырнауға, қырып тегістеуге арналған құрал.

бұрғы – ұшы өткір, бұрандалы тескіш, бұрғылап тесетін темір құрал.

тез – үйшілердің ағашты түзетіп немесе иіп қалыптайтын білдегі (станогы).

қысқы – бір нәрсені қатты қысып ұстап тұратын құрал.

**68-тапсырма.** Мәтін бойынша көп нүктенің орнына тиісті сөздермен сөз тіркестерін қойыңыздар.

Қазақтың ұлттық қолөнерінде .... заттар жасалады...., .... , қайыңды, үйеңкіні пайдаланады,.... ағаш ояды, ... шыбық талды пайдаланады. Балташылар ..... борайды, еден төсеп, ....., ..... сияқты ірі заттарды істеді.

.... сөре, орындық, кебеже, асадал жасайды. .... оны жонып күйдіреді де, бояулап өрнектейді. ....., .... қамыстан, шиден қорап, шарбақ сияқты заттарды өреді. ……балта, пышқы, сүргі, бұрғы, тез, қысқы, үскі қашау сияқты аспаптарды пайдаланады.

**69-тапсырма.** Берілген мақал-мәтелдерді пайдаланып сөйлемдер құрастырыңыздар.

1. Бұтақсыз ағаш июге жақсы,
   Бұтақсыз сөз түюге жақсы.
2. Балам өнерлі болсын десең,
   Аталық айтар ісің болсын.
3. Қанша жуан болса да,
   Жалғыз ағаш үй болмас.
4. Қисық ағашты тез түзер,
   Қисық сызықты көз түзер.
5. Өз үйінде ою оймаған,
   Кісі үйінде сызу да сыза алмас.
6. Тас екеш тас та жонуға көнеді.

**70-тапсырма.** Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктен (Сәулет және құрылыс. Алматы, 2000) ағаштан жасалған бұйымдарды тізіп, жаттап алыңыздар.

**ағаш арқалық –** деревянная балка
**ағаш білеу –** деревянный брус
**ағаш жаққалы тақта –** древесно-стружечная плита
**ағаш қада** – деревянная свая
**ағаш қатарлағыш** – деревянный упорядочитель
**ағаш қатпарлы тақта** – древесно-слоистая плита

**ағаш сүйеніш білеу** – деревянный упорный брус
**ағаш табандық** – деревянный поддон
**ағаш үйіндісі** – древесные опилки

**71-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

Қазақстандағы архитектуралық құрылыс жүйелерінің дамуын сақ тайпаларының кезіндегі құрылыстардан байқау қиын емес. Көрнекті кеңес археологы Қ. Ақышевтың Іле өзенінің бойындағы Бесшатыр обаларына жүргізген зерттеу жұмыстары кезінде, жерленген адамның үстінен ағаштан жасалған төртбұрышты үй жасап, ішіне қойылғандығын тапқан. Бұл үлкен ғылыми жаңалық болып отыр.

Мұндай құрылыс сақ тайпаларының өмір сүрген мерзіміне сәйкес келетін, Қара теңіз жағалауындағы скифтерде Алтай, Сібір жеріндегі темір дәуіріндегі тайпаларында мұндай құрылыс жүйелері болмаған. Қазақстандағы сақ тайпаларының ағаштан тамаша құрылыс жүйелерін салған деп санауға болады. Бірақ олар сақталмаған.

**72-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстандағы қай тайпалардың ағаштан құрылыс жүйелерін салған деп санауға болады?
2. Қ. Ақышев қай өзеннің бойында зерттеу жұмыстарын жүргізген?
3. Зерттеу барысында нені тапқан?
4. Қай дәуірдің тайпаларында мұндай құрылыс жүйелері болмаған?
5. Олар ағаштан нені жасаған?

**73-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсінуге тырысыңыздар және оны одан ары жалғастырыңыздар.

## Салауатты өмір және оның ғылыми негіздері

Салауатты өмір – қоғамның белгілі бір тарихи түріне сәйкес келетін өмір сүру жағдайларының жиынтығы. Салауатты өмір қоғамның материалдық түрлерінен құрылған бүтін жүйе. Оның құрамына адамның отбасы, мәдениеті, тіршілік әрекеттері, және т.б. кіреді. Негізгі мәніне адамдардың қарым-қатынастары мен өзара әсер етуі жатады. Бұдан салауатты өмір деген түсініктің ғылыми құндылығын анықтау үшін адамды сипаттау керек. Адамның сипаты мынадай: адам белгілі қоғамға және белгілі әлеуметтік топқа жатады, қоғамның мүшесі ретінде өмір сүру қасиеттерімен ерекшеленеді. Адамның бұл сипаттамасының психологиялық сипаттамасынан (адамның мінез-құлқын, мәнерінің ұнатуы, жоғары бағалауы, назары, көңілі, қызығушылығы, талабы, т.б.) ерекше айырмашылығы бар. Мұндай психологиялық сипаттама бір адамды басқа адамнан ажыратуға мүмкіндік береді. Бірақ, оны салауатты өмірінің мәнін көрсетпейді. Салауатты өмір деген түсінік адамның тіршілік етуі мен өмір сүруінің барлық негізгі салаларын – еңбек етуін, тұрмысын, қоғамдық саяси іс-әрекетін және бос уақытын қамтиды.

Салауатты өмірді екі бағытта қарауға болады.

1. **Адамның күнделікті тіршілік әрекеті.** Мұның нәтижесінде адам өзіне қажетті жағдайларды ұйымдастырады. Оның іс-әрекеті өзін сақтауға, қорғауға және өмірін ұзартуға, ал мінез-құлқы адамдар арасында қарым-қатынас жасауға, оны қалыптастыруға бағытталады. Осының нәтижесінде экономикалық жағдайларды жасайды. Осыдан өндіріс тәсілі, еңбектің қоғамдық түрлері, идеология қалыптасады.

2. **Тарихи кезеңдер.** Адам өзінің қасиеттері (өмір сүре алатын мүмкіндігі, қабілеті) арқылы өзінің тарихын жасайды. Оның жасаған тарихи өмірі барысында белгілі жағдайлар және құбылыстар адамның тіршілік әрекетіне әсерін тигізеді. Бұл қоғам өмірінің материалдық және рухани жағдайын сипаттайды.

Тарих адамның салауатты өмірін қалыптастырады, дамытады және оны алмастырады. Сондықтан салауатты өмірді

тарихи мағынада қарап түсіну керек. Салауатты өмір бұл жағдайда адамның құбылысы және іс-әрекет әдістерінің өзгеруінің нәтижесі болып саналады. Осы құбылыстың нәтижесінде үйреншікті, ескірген тәртіп, әдет-ғұрып өзгереді және қарым-қатынас пен мінез-құлықтың жаңа түрі пайда болуына себепші қатынаспен құндылықтың жаңа құрылымы пайда болады.

**74-тапсырма**. Мәтін мазмұны бойынша достарыңызға сұрақ қойыңыздар.

**75-тапсырма.** Мәтінге жоспар құраңыздар, жоспар бойынша мазмұндау кезінде оны өздеріңіз білетін мәліметпен толықтырыңыздар**.**

**76-тапсырма**. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

| Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|
| Салауатты өмірдің мәні неде? | |
| Салауатты өмірдің негізгі көрсеткіштеріне не жатады? | |
| Мәдени ортаның мәні неде? | |
| Жеке адамның салауатты өмірі неге байланысты? | |
| Әр адамның жеке қасиеті қоғамға қалай әсер етеді? | |
| Салауатты өмірді қанша бағытта қарауға болады? | |

**77-тапсырма.** «Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы Елбасымыздың саясаты» тақырыбына ой қозғаңыздар.

**78-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша тест құрастырыңыздар.

**79-тапсырма.** Шешендік сөзді оқып, мазмұнын түсіндіріңіздер.

Жаманменен сөйлессең, көңіліңді қалдырады,
Кез болсаңыз суайтқа, өтірік айтып нандырады,
Өсекшімен сөйлессең, ұрмай-соқпай талдырады.

*(Жанқұтты шешен)*

**80-тапсырма.** Мақал-мәтелді орыс тіліне аударып, мағынасын түсініңіздер, етістіктердің есімше, көсемше түрлерін тауып, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтыңыздар.

1. Ақылды кісі азбайды,
   Асыл бұйым тозбайды.
2. Ақылды адам арын қорғайды,
   Сараң адам малын қорғайды.
3. Білмегенді кісіден сұра,
   Үлкен болмаса кішіден сұра.
4. Оқып сөйлеме,
   Көңіліңе тоқып сөйле.
5. Сауатсыздың сөзіне сүрініп құлайсың.
6. Көре-көре көсем боласың,
   Сөйлей-сөйлей шешен боласың.

**81-тапсырма.** «Салауатты өмір және оның ғылыми негіздері» мәтініндегі негізгі мәселеге байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырыңыздар.

**82-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, тірек сөздерді теріп жазыңыздар.

## Темір дәуіріндегі сәулет және құрылыс ісі

Құрылыс ісін өркендетуге тұрғын үй салудың маңызы аса зор болды. Құрылыс ісінің шыға бастаған кезінде қолдануға ең оңай материалдар балшық пен ағаш солардың аралас құрамы болды. Олар көбінесе тұрғын үй салуға қолданылды. Балшық пен ағаштан үй салу өңдеуі қиын соғатын тастан оңай болды, оның үстіне тиісті өңдейтін құралдардың жоқ болуы да тасты кеңінен қолдануға қиыншылық тудырды, сондықтан тас құрылыстар біраз кеш туды, онда да тастан тек табыну орындарын салу өте табиғи нәрсе болды. Ал балшық пен ағаш тұрғын үй салуда негізгі материалдар болды, алайда металл құралдар болмаған неолит дәуірінде ағашты тас құралдармен

ыңғайлап өңдеу өте қиын еді. Сондықтан құрылыста ағаш тек табиғи түрде немесе өрескел өңделген қалпында пайдаланылады.

Қола дәуірінде металл құралдардың (қола балталар, тескіштер, қашаулар, т.б.) ойланып табылуы ағашты жақсылап өңдеу, кесу, жонып тегістеу, тесу және шауып қиюға мүмкіндік берді, бұл өз кезіндегі ағаш құрылымы мәселесін шешуге жол ашты. Металл құрал-саймандар тас өңдеу ісінде де, тас құрылымдары өркендетуде де прогрестік рөл атқарды.

**83-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі сөздерді қажетті формасына келтіріп жазыңыздар.

1. Құрылыс (ісі) өркендетуге тұрғын үй (салу) маңызы аса зор болды. 2. Құрылыс (ісі) шыға бастаған кезінде (қолдану) ең оңай материалдар балшық пен ағаш болды. 3. Олар көбінесе тұрғын үй (салу) қолданылды. 4. Балшық пен (ағаш) үй салу өндеуі қиын соғатын (тас) оңай болды. 5.Тастан тек табыну (орындары) салу өте табиғи нәрсе болды. 6. Қола дәуірінде металл (құралдар) ойланып табылуы ағашты жақсылап (өндеу), (кесу), (жонып тегістеу), (тесу) және (шауып қию) мүмкіндік береді. 7. Металл құрал-саймандар тас өңдеу (ісі) де, тас құрылымдары (өркендету) де прогрестік рөл атқарады.

**84-тапсырма.** Металл құралдары атауларының түсіндірмесін біліп, жаттап алыңыздар.

айбас – ет шабатын жарты ай бейнелі темір түйгіш
ара – ағаш кесетін құрал; темір пышқы
аталғы – қашау темір; екі қолмен ұстап ағаштың қабығын аршитын қисық пышақ
балға – ұсталардың, шеберлердің ұстанатын ұрғыш темірі
кескіш – темір кесетін бір басы жүзді жұмыр шапқы
қадау – үшкір темір, шүй, қашау
қадаубас – темір тесетін құрал, асыл тескіш
қазиек – пышқы, темір ара
масатемір – қысқаш темір
пәрбі (бәрбі) – шойын тесетін үскі

теміртек – жасық, жай темірден соққан пышақ
тескіш – темір тесетін, ұшының асылы бар қадау тас темір
тістеуіш – араның тістерін оңдайтын кілт сияқты темір
үңгуір – қуыстап жонатын пышақ
шақпы (шапқы) – темір кесетін асыл жүзді темір
іскеңже – қысқа темір (тиска)

**85 - тапсырма.** Термин сөздерді жазып, жаттап алыңыздар.
темір қалақша – металлический шпатель
темір сылақ – металлический сокол
темір тотияйын – железный купорос
темір тісті қырғыш – зубастый металлический скребок
темірбетон тақта – железобетонная плита
темірбетон тақтай – железобетонная доска
темірбетон жүгіртпесі – железобетонный прогон
темірбетондық аражабын – железобетонное перекрытие
темірбөлгіш – железоделитель
темірсүрткі жақпа – железо-суриковая замазка

**86-тапсырма.** Мәтін бойынша сөз тіркестерінің сыңарын табыңыздар

Тұрғын _____, құрылыс_____, солардың аралас _____,
өңдейтін_____, қиыншылық_____, табыну_____,
табиғи_____, негізгі_____, өрескел_____, қола_____,
тас өңдеу_____, жонып_____, жауып_____

**87-тапсырма**. Мәтінді мәнерлеп оқып, сұхбат құрастырыңыздар.

Археолог К.А. Ақышев Кеген ауданының жерінен үйсін дәуіріне жататын Ақтас қонысының тастан жасалған тұрғын үйлердің орындарын тапқан. Ғалымның пікіріне қарағанда, Ақтас тұрағының соңғы кезінде қазақтар тұрса, ал алғашқы кезде үйсін тайпаларының адамдары тұрған деп дәлелдейді. Жетісу жерінде соңғы кезде жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулер таудың мал қыстауға қолайлы күнгейлі жерлерінен

тастан жасалған қыстаулардың орны белгілі болып отыр. Олардың көбінің жанында үйсіндердің обалары кездеседі. Осы дәлелдің өзі, соңғы кездегі қазақ халқының қыстаулары алғашқы үйсіндер қыстаған жерде үй-жай салып өмір сүргендерін көрсетпек. Таудың қойнауларынан табылып жүрген, тастан жасалған құрылыстардың жүйесі, киіз үйдің пошымымен бірдей. Мұндай дөңгелек үйлер туралы грек географы Стребон да жазған. Оның жазуы бойынша таудың тұрғын халықтары, өздеріне арнап, киіз үйлері сияқты дөңгелек пішінді тас үйлер де тұрғызған. Мұндай үйлердің сәулеттік құрылысы жерімізде осы уақытқа дейін шошала, үйтас, т.б. аттарымен белгілі.

Ал қаңлы тайпаларының құрылыс жайлары ішкі кірпіштен салынғандықтан, бізге тәуір сақталып жеткені жоқтық қасында. Олар көбінесе Сырдарияның бойында тұрған. Сортаң топырақтан салынған құрылыстар тез бүлінгіш келеді. Олардың тұрақты мекен-жай салу үшін, құрылыс материалдарды қолдан жасауларының өзі күрделі құрылыс жүйелерін салудың дами бастағанын көрсетеді.

**88-тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар.

Қазақ жеріндегі архитектуралық құрылыс қаңлы, үйсін өз дәуірінде де дамыды, оны біз жазба деректерінен білеміз. Мәселен, үйсін тайпасының орталығы Жетісуда Қытай деректерінде Чигу-чэн қаласы болса, ал қаңлылардың орталығы – Сырдарияның бойында Битен қаласы болған. Бұл қалалардың орындары табылған жоқ. Бірақ олардың аттарының сақталуының өзінен қалалардың болғандығына күмәнданбаймыз. Қалалардың мүлдем жоғалып кетуіне басты себеп, олардың құрылыс материалдарының күйдірілмеген кірпіштен жасалуы болса, екіншіден, сол кездегі тайпалар арасындағы үздіксіз талас-тартыстың нәтижесі. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, сондай қиын жағдайға қарамастан, қаңлы-үйсін тайпаларының кезінде салынған құрылыс жайлардың орындары да болған.

**89-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жазба деректерден біз нені білеміз?
2. Қытай деректеріндегі үйсін тайпасының орталығы қай қала болған?
3. Қытай деректерінде қаңлы тайпасының орталығы қай қала болған?
4. Қалаларда ненің болғандығына күмән келтіруге болмайды?
5. Қалалардың мүлдем жоғалып кеткендеріне не себеп болды?
6. Қаңлы, үйсін тайпаларының кезінде салынған ненің орындары болған?

**90-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырыңыздар.

Сақтардың шаруашылығында мал өсіру және егіншілікпен қатар темір қорыту да үлкен рөл атқарды. Олар темір қорыту әдісімен біршама ерте кезде танысқан. Б.з.б. мыңжылдықтың бас кезінде-ақ сақтар қызыл, қоңыр және магнитті темір рудасын пайдалана білді. Орталық Қазақстан, Жетісу және Арал маңынан б.з.б. VII ғасырда сақтардың темірден жасаған көптеген бұйымдары табылған, сондай-ақ ертедегі кен орындары, металлургиялық өндірістің қалдықтары белгілі.

Қола құю ісі және түсті металдарды өңдеу жоғары дәрежеде болды. Зергерлік бұйымдар жасау жұмысы жақсы жолға қойылған. Мұнда дәнекерлеу, соғу және алтын жалату, алтыннан сым соғу, ойып өрнектеу жұмыстары, т.б. әдістер қолданылған. Қыш пен ағаштан ыдыс жасай білген. Тасты өңдеп іске жаратқан, сүйектен ойып, түрлі бұйымдар істеген, тері илеу және тоқымашылықпен де шұғылданған.

**91-тапсырма**. Термин сөздерді сөздік дәптерлеріңізге жазып алыңыздар.

тас төсем – каменная брусчатка

тас үгінді – каменная крышка

тас-үймелі іргетас – каменно-набросный фундамент

таскесте – мозайка
таскөмір шайыры – каменноугольная смола
таспен қаптау – обшивка тесом
таспен толтыру, таспен шегендеу – забутовка
тасты жыныс – скальная порода
тастемір – железняк
тастескіш – расколка камня
таскескіш, тасшеге – шлямбур
тасты сыналастыру – приколка камня
тастақ, тасты – каменистый
тас-топырақ – каменно-земляная

**92-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, жоспар бойынша әңгімелеп беріңіздер.

**Алтын адам**

Тарих атасы Геродоттың мәліметтері бойынша, жыл санауымыздан бес ғасыр бұрын қазіргі қазақ жерінің оңтүстік батыс бөлігін исседондар Әму мен Сыр өзендері арасын массагеттер мекендесе, бүгінгі Өзбекстан иелігінің батыс жақ өңірінде соғдылар, ал шығыста осы күнгі Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстан территориясына дейін сақ тайпалары өмір сүрген.

Парсы патшасы Дарии I жазбаларында сақталған үш тобы аталды: хаомаварга сақтары (хаом сусынын жақсы көретіндер), тигарахауда сақтары (төбе бөрік киетін сақтар), және парадарайя сақтары (теңіздің ар жағындағы сақтар).

Төбе бөрікті сақтарды Геродот ортокарибантилер деп жазады. Бұлар Тянь-Шань, Тарбағатай, Алтай тауларының солтүстік баурайларындағы шүйгінді өңірлерін, Жетісу жерлерін жайлаған.

1970 жылы көктемде Алматы қаласының жанында Есік қалашығынан "төбе бөрікті" сақтардан алтын киімді бір "өкілі" табылды. Осындағы Есік өзенінің маңында сақтардың қолдан тұрғызған төбе-төбе қорған зираттары көп. Олардың бірқатары саяжайлар арасында қалған. Сол қорған төбелердің бірін

қалашыққа кіре беріс тұстан автобаза салу амалсыз бұзатын болғандықтан, оған археологтар шақырылады.

Арнаулы мамандар тобына бұған дейін он-он бес жыл бойы көне сақ, үйсін мәдениетін зерттеумен шұғылданып жүрген ғалым Кемел Ақышев басшылық жасайды.

Алтын киімді сақ "өкілі" жатқан қорған-төбенің биіктігі 6, диаметрі 60 метр екен. Көлемі 8600 текше метр. Мұндай дәстүрлі құрылысты бір күнде қолдан тұрғызу үшін 3-4 мың адам таң атқаннан күн батқанға дейін құмырсқаша қыбырлап жұмыс істеу керек көрінеді. Қорғанның "Алтын адам" бөлме камерасы Тянь-Шань бөренелеріне қиюластырып жасалыпты. Сақ бекзадасы салт атты жауынгерге тән үрдесте салтанатты киіммен жерленген екен.

Бұл жаңалық туралы алғашқылардың бірі болып жазушы Мырзабек Дүйсенов жазды. Оны "Ғажап жаңалық" деген айдар қойып, "Алтын киімді адам" атты тақырыппен "Қазақ әдебиеті" газеті жариялады.

Сақ бекзадасының "Алтын адам" деген "лақап аты" осы газет тақырыбынан кейін шықты. Жазушы ғасырлар қойнауынан шыққан кісінің киім, бұйымдарын өз бабаларымыз киім үлгілерімен, тұтынған бұйымдарымен салыстыра отырып суреттейді:

"... Бас киімнің өзі ғажап: биіктігі 50 сантиметрге жетеді. Қоқайма киіз қалпақтың сырты былғары, былғарыға алтын әшекейлер жапсырылған. Мүйізді таутекенің басы, аш белі иілген барыстың, тауешкінің мүсіні қазіргі қазақтардың алаша, текеметтерінде кездесетін ою-өрнек, ұзынша келген қамыстың құрағы сияқты жұқа алтын жолақтар бас киімді өте бір салтанатты көрсетеді... Жігіттің оң қолында екі алтын жүзік бар ... Жүзіктің үстіңгі жалпақ жағында қырынан түскен адам бейнесі бар. Бұл әсілі әскербасы жігіттің мөрі болса керек. Ол осы қолымен қылыш ұстап жатыр. Денесінің оң жақ иығының үстінде күміс табақ, құс тұмсықты сабы бар күміс қасық пен күміс ожау жатыр. Күміс ожаудың түбінде 26 жазу таңбасы бар. Руна жазуы ".

Автор “алтын киімді адам” туралы мәліметті археологтар тобы жетекшісінің сөзімен келтіреді: «... – Алдын ала тексергенімізде, бұл 18 жасар жігіттің денесі болып шықты, - деді Кемал, – жастай өлгеніне қарағанда не соғыста, не бір қастандықпен өлтірілген болуы керек. Өзі қаһанның баласы, әрі әскер басы ма деп ойлаймыз. Мынау оның сән-салтанатқа киетін киімі. Бәрі де таза алтын. Бас сүйегін антропологымыз тексеріп шықты. Антропологиялық және физикалық типі жағынан осы күнгі қазақтарға келеді».

«Алтын адамның» күміс зереншісіндегі руна таңбалы жазуды алғаш өзінше оқып, баспасөз бетінде жариялаған Олжас Сүлейменов болды. Орхон-Енисей ескерткіштерінің таңбаларына ұқсайтын бұл жазуды мұнан кейін Алтай Аманжолов, Ғайнеддин Мұсабаев секілді белгілі түрколог ғалымдар, өзге де зерттеушілер зерделеп танып, сақтардың өте көне түркі тектес тілде сөйлегеніне айғақтар табылатынын дәлелдейді.

**93-тапсырма.** Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөліп, тақырыпша қойыңыздар. Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыздар.

**94-тапсырма**.“Алтын адам” мәтіні бойынша берілген мына сөздерді жазып алып, естеріңізде сақтаңыздар.

шүйгінді өңір – қалың өскен шөбі, суы мол жер
текше – квадрат
қию – заттың жігі, ұштасқан жері
қиюластырып – қиюын келтіріп, сәйкестендіріп
лақап аты – жасырын, жалған аты
аш бел – жіңішке бел
иілген – майысқан
айғақ – дәлел, айқын.

**95-тапсырма.** Мәтін бойынша тұйық етістікті сөздерді тауып жазыңыздар.

**96-тапсырма.** «Көне ескерткіштер» тақырыбына жоба құрастырыңыздар.

**97-тапсырма.** Сұрақтар бойынша әңгімелесіңіздер.

1. «Алтын адам» туралы қандай мағлұматтар білесіңіздер?
2. «Алтын адамды» мұражайдан көрдіңіздер ме?
3. Қандай әсер алдыңыздар?
4. Қазақстандағы қандай тарихи-мәдени орындарды білесіздер?
5. Өзіңіз тұрған өлкедегі ескерткіштер жайында білесіз бе?

**98-тапсырма.** Сын есімнің шырайлары бойынша төмендегі сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырыңдар.

Үшкір, өткір, биік, аласа, жуан, сүйір, жіңішке, сирек, жиі, көп, жалпақ, қалың, ұзын, қысқа, тегіс, қисық, шолақ, жеңіл, ауыр.

**99-тапсырма**. Жұмбақтың шешуін табыңыз.

Дәу қара құс көрінді,
Көзінің жасы төгілді.

**100-тапсырма.** Жаңылтпашты жатқа айтыңыздар.

Айта-айта жақ талды,
Қайта-қайта жатталды.
Қайта-қайта жақ талды,
Айта-айта жатталды.

**101-тапсырма.** Сөз тіркестеріне күрделі сөйлем құрастырыңыздар, аударыңыздар.

1. Сақ тайпасы 2. Шүйгінді өңір 3. Алтын киім 4. Арнаулы маман 5. Үйсін мәдениеті 6. Басшылық жасау 7. Құмырсқаша жыбырлап 8. Тән үрдіс 9. Салтанатты киім 10. Ғажап жаңалық 11. Киім үлгісі 12. Тұтынған бұйымдар 13. Сыртқы былғары 14. Тауешкі мүсіні 15. Алтын жүзік 16. Адам бейнесі 17. Құс тұмсығы 18. Күміс ожау 19. Рун таңбасы 20. Зерделеп тану 21. Өте көне 22. Түркі тектес 23. Жігіттің денесі.

**102-тапсырма.** Бүкіл топ болып төмендегі сауалнаманы толтырыңыздар, қорытындысын шығарып, нәтижелерін талқылап, пікір алысыңыздар.

| № | Сұрақтар | әрдайым | өте жиі | еш уақытта | сирек | кейде |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ана тілінде кітап оқимын | | | | | |
| 2 | Газет-журнал-дарды оқимын | | | | | |
| 3 | Халық әндері мен музыкасын тыңдаймын | | | | | |
| 4 | Телехабар көремін | | | | | |
| 5 | Ұлттық қолданбалы өнерге ынталымын | | | | | |
| 6 | Мұражайлар мен көрмелерге барамын | | | | | |
| 7 | Театр қойылымына барамын | | | | | |

**103-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, жоспар бойынша баяндаңыздар.

**104-тапсырма**. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыздар.

Қоғам байлығы, тиімді пайдалану, жер қойнауы, тірі ағза, ыдырауы кезінде, қорықтар, зардап шегу, көмек көрсету.

**105-тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар, мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

Қазақ халқының қала салу тарихының тамыры өте тереңде жатыр. Қалалардың сулы әрі нулы Сыр және Жетісу бойында, Жайық пен Ертіс, Сарыарқаның төсінде орын тепкенін, қала салу өзендер мен жайлы тау қойнауларында қанат жайғандығын, бұл дәстүр ерте орта ғасырда іргелене дамып, орта ғасырда шамасы 300-ден аса шаһар (қала) болғандығын көптеген ғалымдардың зерттеулері дәлелдеп отыр. Ұлы Жібек жолы бағытында ғана 100-ден астам қалалар мен кенттер, ірі елді мекендер болғанын жоққа шығара алмады.

X ғасырда тек: «Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығында 300-ге жуық қала орналасқан» (Бернули). Қазақстанның қай жерінде болмасын ерте және орта ғасырларда дамыған, кейіннен шапқыншылықтың, жауынгершіліктің уақытында топырақ астында қалып, құм басып кеткен қалалар мен елді мекендер өздерінің байыпты зерттеушілерін күтуде.

«Топырақ қала», «Күйік қала», «Қорған қала», «Заңғар қала» және тағы да осыған ұқсас атаулар – соның дәлелі. (Көмілген ашылса бұл қазыналар, кім бізді көшпелі деп басына алады – Рахмет Аяпбергенов).

**106-тапсырма.** Мәтіннен шылауларды тауып, мағынасына қарай ажыратыңыздар.

**107-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі сөздерді қажетті формасын келтіріп, жазыңыздар.

Қазақ (халқы) қала салу (тарихы) тамыры өте тереңде жатыр. 2 (Қалалар) сулы әрі нулы Сыр және Жетісу бойында, Жайық пен Ертіс, (Сарыарқа) төсінде орын (тепкен), қала салу өзендер мен жайлы тау қойнауларында қанат (жайған), бұл дәстүр ерте (ортағасыр) іргелене дамып, ортағасырда шамасы 300-ден аса шаһар (болған) көптеген (ғалымдар) зерттеулері дәлелдеп отыр. 3. Ұлы Жібек жолы (бағыты) ғана 100-ден астам қалалар (болған) зерттеушілер жоққа шығара алмады. 4. Әмудария мен Сырдария өзендерінің (аралық) 300-ге жуық қала орналасқан.

**108- тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар.

**Бекет ата – сәулетші**

«Бекет ата Мырзағұлұлы (1750-1813) – халық батыры, абыз, көреген, сәулетші. Туып-өскен жері – Жем өзені бойындағы Ақмешіт-Құлжан, Маңғыстау өңірі. Мүрдесі Маңғыстауда-Оғыландыдағы өз мешіт-ғимаратына қойылған. Бекет ата тегі – Адайдың Келімберді-Мұңал-Жаулы-Жаулы-Қосқұлақ-Жаналы-Мырзағұл деген әулеттері. Өз әкесі инабатты, момын, шаруа адамы болыпты. Бекет ата жастайынан оқу-білімге құмартып, білім іздеген, өз еңбегімен күнелткен жігерлі, қайсар, ерекше дарынды, көріпкел, әулие адам болған. Хорезм бойында Пақыржан қажыдан оқыған. Жем бойынан (Ақмешіт), Бейнеуден, Баялыдан, Оғыландыдан жер асты медресе-мешіттер жасап, бала оқытқан. Ел тәуелсіздігі үшін басқыншы, шапқыншыларға қарсы жорықтарға қатысып, ақыл-кеңес беріп қол бастаған. Бекет ата жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан ежелгі сәулетші.

Бекет атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз-көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айырықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адай елі өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет ата өмірін, оның қысылғанға жар болған ерекше қасиет-қадірін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан-ұрпаққа ұластырған».

**109-тапсырма.** Бекет ата сияқты сәуегейлілігімен аты шыққан қандай әулие адамдарды білесіздер? Көріпкелдік қасиеттері туралы ғылымда қандай болжамдар бар? Жер асты ғимараттары туралы не білесіздер?

**110-тапсырма.** Төмендегі тақырыптарға реферат жазыңыздар.

«Бекет ата – халық батыры», «Бекет ата абыз көреген», «Бекет ата – сәулетші».

**111-тапсырма.** Сөйлемді аяқтаңыздар.
Бекет атаның білімдарлық, батырлық...
Өз әкесі...
Ел тәуелсіздігі үшін...
Халық оны...

**112-тапсырма.** Маңғыстау өңірін мекендеген тайпалар, рулар туралы не білесіздер?

**113-тапсырма.** Мәтіннен біріккен, туынды сөздерді теріп жазыңдар.

**114-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.
құрылыс құрылымдары – конструкции строительные
қопарғыш – корчеватель
бұта кескіш – кусторез
бояу жұмыстары – малярные работы
құрылыстың механикалық құралдануы – механовооруженность
жинақтау – монтаж
аспалы қабырғалар – навесные стены
тозаңдату – напыление
қаптау – отделка

**115-тапсырма.** Мамандыққа қатысты 10 термин жазып, күрделі сөйлем құрастырыңыздар.

**116-тапсырма.** Бүгінгі таңдағы сәулет өнері туралы жоба құрыңыздар.

**117-тапсырма.** Мамандыққа, кәсіпке, шаруашылыққа, шеберлікке, жан-жақтылыққа қатысты 15-мақал-мәтел жазып, жаттаңыздар.

**118-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтыңыздар.

## Түркі дәуіріндегі сәулеттік құрылыс

Қазақстандағы сәулеттік құрылыс жағдайлардың салынуы түрік дәуірінде де дамып тереңдей түседі. Бұл кезде Оңтүстік Қазақстанда және Жетісу жерінде түрік тілдес тайпалардың отырықшылана бастауының арқасында, қалалық өмір дамып, қолөнер де, егін шауашылығы да өркендейді. Алғашқы Батыс түрік қағанатының орталығы Суяб қаласы болған деген хабар болса, ал түргеш, қарлұқ қағанатының кезінде жазба деректерде, түрік тілдес Баласағұн, Қойлық, Янгикент, Исфиджап (Сайрам), Талас (Тараз), Атлах, Хамукент, Құлан, Мерке, т.б. көптеген қалалар болған. Аты белгісіз төбе болып жатқан қалалардың орны қаншама? Бұл қазақ жеріндегі қала салудың болғандығына дәлел. Ал, қалалық өмірдің дамуы феодализмнің дамуын, оның әлеуметтік-экономикалық негізінің дамуын көрсетсе, екіншіден мәдениеттің және өнерінің құрылыс жүйелерінің негізі еді.

Сақталған қалалардың сәулеттік-құрылыс жүйесі қазақ жеріндегі қала салудың екі түрлі болғандығын көрсетеді. Егер бірінші жүйесі қала құрылысының сыртқы көрінісі, орталық, шахристан, рабадтан тұрса, ал екінші көрінісі ешбір қамал салынбағанын және ешбір шахристан, рабатсыз-ақ, ешбір қорғансыз-ақ салынған. Бұлай салудың мәнісі, егер қаланың үш бөліктен салынған кезі феодалдық қатынастың дамыған кезін көрсетсе, ал екінші түрі феодализмнің әлі де болса дами қоймаған кезін білдіреді.

**119-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Түркі дәуіріндегі тайпалардың отырықшылана бастауының арқасында не дамып өркендейді?
2. Алғашқы Батыс түрік қағанатының орталығы қай қала болған екен?
3. Түргеш, Қарлұқ қағанатының кезінде қандай қалалар белгілі болған?
4. Қаншама қалалардың орны не болып жатқан?
5. Қалалық өмірдің дамуы нені білдіреді?

6. Сақталған қалалардың сәулеттік құрылыс жүйесі қазақ жеріндегі қала салудың қанша түрлі болғандығын көрсетеді? Бұлай салудың мәнісі не?

**120-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі сөздердің қажетті формасын келтіріңіздер.

1. Қазақстандағы (сәулет ) құрылыс жайлардың салынуы түркі дәуірінде де дамып, (терең) түседі. 2. Оңтүстік (Қазақстан) жері және Жетісу (жері) қалалық өмірі дамып, қолөнер де, егін (шаруашылық) да өркендейді. 3. Алғашқы Батыс түрік (қағанат) орталығы Суяб (қала) болған. 4. Түргеш, Қарлұқ (қағанат) кезінде көптеген (қала) белгілі болған. 5. Бұл қазақ (жерінде) қала (салу) болғандығына дәлел. 6. Егер бірінші жүйесі қала (құрылыс) сыртқы көрінісі, (орта), (Шахрис), (Рабат) тұрса, ал екінші қала (салынбаған) және ешбір шахристан, (Рабат), ешбір (қорған) салынған.

**121-тапсырма.** Мәтіннен есімдіктерді тауып, оларды түрлеріне қарап ажыратыңыздар.

**122-тапсырма**. Қазіргі кезде түркі тілінің бес тобы бар:

1. Қыпшақ тобы
2. Қарлұқ тобы
3. Шағатай тобы
4. Оғыз тобы
5. Селжұқ тобы

Осы тілдік топтарға кіретін халықтарды тауып жазыңыздар.

**123-тапсырма**. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздыр.

Түріктердің жалпы тарих сахнасына ала шыққан мамандығы темір өндіру ісі болатын. Олардың аңызға айналған арғы атасы Ашин теріскейге қашып келіп, «жужандарға темір өндіреді» 546 ж. Жужан қағаны Анахуан түркіттер көсемін: «менің темір қорытатын тұтқыным» деп, түріктердің басты кәсібін айрықша атайды.

Археологиялық барлау ісі түркіт металлургиясының VI-IX ғғ. жәдірігерлерін тапқан. Алтайдың сол кездерге жататын тайыз апандар, забойлар сияқты өндіру ісінің іздері кездескен. Темір балқытып алу әдісі – сызды үрлеу. Темір қышқылы көміртегі қышқылымен химялық жол арқылы қосылғанда, ол кәдімгідей күйтіне келіп, кеуекті құйма металл болып шығады. Кеуек темірдің сапасы қазірдің өзінде домналық темірден артық саналады.

... Темір көшпенділерге бұрын да белгілі болған, бірақ оны халықтың жаппай қолдануына жеткізген тек түркіттер ғана болды.

*(Лев Гумилев)*

**124-тапсырма.** Мәтін бойынша сөз тіркестерін аяқтаңыздар.

Түркіттердің мамандығы темір ....., аңызға ....., арғы....., түркіттердің басты ....., археологиялық ....., жәдігерлерін....., тайыз ....., темір....., көміртегі....., химиялық....., кезекті құйма ....., кеуек темірдің ....., халықтың жаппай.....

**125 - тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар. Әйгілі ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі бүкіл әлем түріктерінің гимні саналатын.

**Түркістан**

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой
Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар талқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.
Бұл Тұран – ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.

Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны Абылай ері...

Шер батса, кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұранда, біле білсең, сенің жерің!

**126-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.

тайыз – мелкий руст
балқу – плавление
кеуек темір – железо губчатое
қышқыл – кислота
көміртегі – углерод
көмір қышқылы – угольная кислота
кеуек әктас – пористый известяк
кеуек тас– пемза
кеуек аратөсем – пористая поверхность
кеуектер – поры
кеуектеп қалау – пустотелая кладка
кеуектендіргіш – порообразователь
кеуектас құмы – пемзовый песок
кеуекті жік – пористый шов

**127-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түсініктемесін біліп алыңыздар.

Тошала (шошала) – сайман, азық-түлік қоятын, төбесін дөңгелектеп жауып, шошақтап шығарған балшық, яки тас үй.

Керіш – топырақтан, құмнан бірігіп құралған тас.

Зембіл – топырақ, тас сияқты ауыр заттарды салып, екі кісілеп көтеруге арналған жабдық.

Күрке – баспана, лашық.

Лашық – уақытша үй, баспана, үйшік.

Ақ керіш – ақ топырақ, онымен үй ағартады.

Қапас – темірден, ағаштан, шыбықтан тоқылған үйшік.

Тасболат – күйдірген кірпіш.

**128-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

**Ежелгі қамал-қалалар**

Қазақстанның ерте орта ғасырлық және орта ғасырлық кезеңі қала, ірі елді мекендер, әр түрлі ескерткіштер салу және қазақтың ата-бабаларының көшпелі тайпалар өнерінің биік өрісіне куә боларлықтай құнды фактілер мен оқиғаларға толы. Ұлы жібек жолының дами түсуі және феодалдақ қарым-қатынастардың өркендеуі – отырықшы елді мекендердің жоспарлық жүйесін туғызады.

Ежелгі қамал-қалалардың орнына берік бекіністер, қорғаныс орындары – кешендер «кешен қалалар» тұрғызылады, олар бертін келе цитательдерге «қаланың алғашқы өзегіне» айналады. Оның сыртынан қорғаныс қабырғалары қоршалған Орта Азиялық «Шахристан» атты қала тұрғызылды. Кейін қала өсе келе, оның маңында қолөнер шеберлері мен ұсақ саудагер, кедей-кепшіктер орын тепкен елді мекен – рабаттар өмірге келді. Цитадель, шахристан, рабаттан тұратын қала «мәуераннарлік үлгідегі қала» атағына ие болды. Еліміздің көптеген қалалары осы үлгі бойынша ғасырлар бойы дамыды.

**129-тапсырма.** Мәтін бойынша көп нүктенің орнына қажетті сөзді, сөз тіркесін жазыңыздар.

Қазақстанның орта ғасырлық кезеңі құнды ... мен ... толы. 2.Ұлы ... дами түсуі және феодалдық ... өркендеуі отырықшы ... жоспарлық жүйесін туғызды. 3. Ежелгі қамал-қалалардың орнына ... тұрғызылды. 4. Олар бертін келе ... айналды. 5. Оның сыртынан ... қоршалған Орта Азиялық ... атты қала тұрғызылды. 6. Еліміздің ... осы үлгі бойынша ... дамыды.

**130-тапсырма.** Мәтіннен көптік жалғауы бар сөздерді теріп жазыңыздар.

**131-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түсініктемесін біліп алыңыздар.

баркетуші (беріктеуші) – құрылыс маманы, құрылысшы
бәдізші – тас шабушы шебер.

бедерші – бедер түсіруші шебер
қайрақшы – қайраушы адам (қырықтық қайраушы, орақ қайраушы)
қайысшы – қайыс шебері
қасаға – ошақтың шеңбері
қашшы – тас қашау шеберлері
қошетер – зергер, қош етуші (жұрттың бәрін қуантатын шебер)
оюшы – әр түрлі өрнек үлгілерін жасаушы, қазақ ою-өрнегінің шебері
кент – қала, шаһар

**132-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударып, өз тараптарыңнан қосып мазмұндаңыздар.

Канализация предназначена для отведения фекальных и сточных вод. Обязательно необходимо помнить, что ввод в дом и надворные постройки водопровода допускается только при наличии трубопроводов канализации, отводящих сток от санитарных и хозяйственных мест. Если в месте застройки имеется общая система канализации, то лучше всего подсоединиться к ней. Это согласуется с местной санитарно-экологической службой и администрацией. Канализацию прокладывают, как правило, в подполье, а если есть полвал, то в нем. Для устройства канализационной коммуникации используются чугунные или пластиковые трубы большого диаметра.

**133-тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар, мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

**Сумен жабдықтау**

«Сусыз өмір болмайды».
*Халық мақалы*

Шынында да әлемде сусыз өмір жоқ. Халық шаруашылығының бірде-бір саласы сусыз жұмыс істей алмайды. Үй-жай тұрмыстық шаруашылығы күрделі қазіргі қалаларда су көп мөлшерде қала тұрғындарының мұқтаждары үшін, қала алаңдарын, егіс алқаптарын суғарып, баптау үшін

және басқа мақсаттар үшін қолданылады. Өнеркәсіп орындарында да су өте көп мөлшерде шығындалады. Судың сипаты мен оның дұрыс ұйымдастырылуы өндіріс бұйымдарының сапасы мен құнына едәуір себепші болады. Ауылдық жерлерде де су адамдардың шаруашылығына, мал және егін суғаруға жұмсалады. Сонымен қатар ауылдық және қалалық жерлерде су өрт сөндіру жұмыстарына да пайдаланылады. Осы тұтынушылардың барлығын сумен қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған су жүйелері құрылады. Олар техниканың басқа салаларымен бірге көркейе түсіп, өзіндік тарихи жолдарды басып өтті.

Бұрынғы Кеңес Одағының көптеген жерлерінде жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстар кезінде біздің дәуірімізге дейін пайдаланылған су құбырларының ерекше түрлері болғаны анықталуда. Өзбек Ғылым Академиясының деректеріне қарағанда, қазіргі Термез қаласынан он шақырымдай жерде 500 га-дай мекендеген қала болғаны анықталды. Осыдан екі мың жылдай бұрын болған бұл қалада ескі Әмудариядан суды 10-12 м биіктікке шығатын көтергіш станциясы мен ұзындығы екі шақырымдай болатын су құбырлары табылған. Құбырлар лайдан жасалған. Осыған дейін ескі су құбырларының болғаны жайлы тек жазба түрінде білген ғой.

Орта Азия аймағында өмір сүрген халықтар өздерінің суға деген мұқтаждықтарын жер астында жасалған кәріздер арқылы толықтырып отырған.

Қырым және Кавказ елдерінде қыштан жасалған құбырлар табылған. Көне шежірелердің айтуынша, Х1-ХП ғасырларда Орыс (Русь) қамалдарына дұшпандар көзіне көрінбейтін каналдар мен туннельдер арқылы су жеткізілген. Сол замандағы мамандардың су құбырларын үлкен ынтамен, шеберлікпен жасағандарын айтып өткен жөн.

**134-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазіргі қалаларда су қандай мақсаттар үшін қолданылады?
2. Өнеркәсіп орындарында су қалай шығындалады?

3. Орталықтандырылған су жүйелері не үшін құрылады?

**135-тапсырма.** Берілген термин сөздерді жаттап алыңыздар.
су әкету торабы – водоотводящая сеть
су басу – затопление
су оқшаулағыш сылақ – гидроизоляционная штукатурка
су сорындысы – водная вытяжка
су тығыны – водяной затвор
суағар – водосток
суағар науаша – водосточная желоб
суландырғыш қорап – камера орашения

**136-тапсырма.** Мына сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Сумен жабдықтау, халық шаруашылығы, өнеркәсіп орындары, су жүйесі, су құбыры, судың пайдасы, суғару жұмыстары, судың тапшылығы, суды пайдалану.

**137-тапсырма.** Мәтінді оқып, жалғаулары бар сөздерді теріп жазыңыздар, қай жалғауда екенін анықтаңыздар.

Сайрам қаласына тән бір ерекшелік – оның үлкен мәдениет орталығы болғанында. Сайрамның ежелгі аты – Испиджаб.

Испиджаб кендерінде қалай жұмыс істеген, металды қалай қорытқан? Кен – қазан шұңқырлардың күллісі тау бастарына салынған. Мұның өзіндік себебі бар. Орталық Қазақстанның ежелгі кеңдері көбінесе тау басыннан, не соған жақын аңғарлардан шыққан. Міне, сол сияқты Испиджаб кені де тау басына тақау келеді. Бұл кенді сол өңдірілген жерде өңдеу жұмыс күшін онша көп керек етпейді. Тасымалдап жүруге кен қорытқыш зергерлердің шамасы жетпеген әрі тау басының ауасы жеңіл болады.

**138-тапсырма.** Мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

## Құрылыс машиналары

Құрылыс машиналары – әр түрлі құрылыс жұмыстарына арналған машиналар мен механикаландырылған құрал-жабдықтар. Бұлар құрылыс жұмыстарын кешенді түрде механикаландырып, индустриялы әдістерді пайдалануға мүмкіндік береді. Олардың қатарына мұнаралы, өздігінен жүретін шынжыр табанды не доңғалақты крандар, бір шөмішті экскаваторлар мен көп шөмішті роторлы экскаватор, бульдозерлер, скреперлер, т.б. жатады.

Атқаратын жұмыс түріне қарай құрылыс машиналары жер қазғыш, топырақ таптауыш, бұрғылау, қада қағу, тиеу-түсіру әрі тасымалдау, ұсақтау-сорттау, араластырғыш, бетон төсегіш, өңдеуіш, жол құрылыс машиналары, т.б. механикаландырылған құралдарға топталады. Жер қазғыш машиналар топырақ қазу, карьерлерден құрылыс материалдарын алу жұмыстарына арналған. Бұларға экскаваторлар, топырақ қазып тастағыш, гидромеханикалық машиналар жатады.

Таптауыш машиналар топырақ, т.б. жер қыртыстарынан нығыздау жұмыстарын атқарады. Салмағы 100 тонналық қарапайым таптауыш машина қалыңдығы 40-50 см, ал салмағы 12 т. Дірілдемелі таптауыш машина қалыңдығы 80-120 см жер қыртысын нығыздай алады. Тастақ қабаттарды бұзу және құрылыстық тастар алу, қопарылыс жұмыстарындағы ұңғыма бұрғылау үшін бұрғылау машиналары пайдаланылады.

Қада қағу жұмыстарында арнайы жабдықтар қолданылады. Құрылыстардағы монтаждау, көтеру-тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстары көтергіш кран, шығыр, домкрат, т.б. қондырғылар арқылы іске асырылады. Асфальт, бетон төсемді жолдар салу үшін асфальт не бетон төсегіш шынжыр табанды машиналар қолданылады. Темір жол салу және жөндеу жұмыстарында балластер, жол төсегіш, т.б. машиналар пайдаланылады. Өңдеуіш машиналар сылақ және сырлау, бояу жұмыстарына арналған машиналарға ажыратылады.

**139-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.
1.Құрылыс машиналары не үшін қажет?
2.Құрылыс машиналарының түрлерін атаңыздар?
3.Құрылыс машиналары қандай қызмет атқарады?

**140-тапсырма.** Мына берілген машиналардың қызметін кестеге толтырыңыздар.

| Машина атауы | Атқаратын қызметі |
|---|---|
| Жүк көтергіш кран | |
| Бетон араластырғыш | |
| Шынжыр табанды экскаватор | |
| Жол құрылыс машинасы | |
| Жүк тиегіш | |

**141-тапсырма.** Мәтіннен етістікті сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

**142-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

Құрылыс жұмыстары, құрал-жабдық, құрылыс машиналары, доңғалақты кран, топырақ таптауыш, жер қазғыш машиналар, тастақ қабаттарды бұзу, көтергіш кран, жолдар салу, жөндеу жұмыстары, өңдеуіш машиналар.

**143-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

**Көтергіш кран**

Жаңа үй бой көтеріп келеді. Онда көптеген машиналар жұмыс істеуде. Сол машиналардың ішіндегі ең бастысы – көтергіш кран. Оның айқыш-ұйқыш болып құрсауланған болат мұнарасы көкке бойлап, алыстан көрінеді. Кран ауыр бетон плиталарды, бетон арқалықтарды, кірпішті, цемент сылақты жерден көтеріп алып, өзінің ұзын қол секілді жебесімен

құрылысшыларға апарып береді. Күн өткен сайын үйдің бой көтеруімен бірге кран да «өсе» түседі: оның мұнарасын жоғары қарай ұзартып отырады. Көтергіш крандар көптеген ауыр жұмыстарды істейді. Бір жерде үлкен ағашты бір орыннан екінші орынға көшіріп отырғызу, басқа бір жерде қазылған орға жуан құбырларды көтеріп салу керек болғанда автомобильге орнатылған көтергіш крандар пайдаланылады.

**144-тапсырма.** Мәтіннен өткен шақтың жұрнақтары жалғанған етістіктерді теріп, түрлеріне қарай бөліп, дәптерге жазыңыздар. Ауыспалы келер шақ формасымен келген етістіктерге көңіл аударыңыздар.

**145-тапсырма.** Төменде берілген сөздерге барыс септігін жалғап сөз тіркестері мен сөйлемдер құрыңыздар.

Қала, үй, Қазақстан, топырақ, құм, елді мекен, зерттеуші, тарих, ғалым, Сарыарқа, Әмудария өзені, Жетісу, Ертіс, Жайық, Жібек жолы, кент, шаһар, тау қойнаулары, тау басы, аңғарлар, тәжірибе, шұңқыр, өріс, ескерткіш, асыл мұра.

**146-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі мәліметтерді қатыстыра отырып, тірек схемасын жасаңыздар.

**148-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударып, мазмұнын айтыңыздар.

Прежде чем приступить к возведению стен вашего дома, необходимо подвести под них основу – заложить фундамент. Отношение к процессу закладки фундамента должно быть абсолютно серьезным, а исполнение – обдуманным. Что же вам нужно знать о фундаментах, чтобы избежать непоправимых ошибок?

Существует два типа конструкций фундамента: ленточный (непрерывный) и столбчатый (состоящий из отдельных столбиков). Если дом будет кирпичным или бетонным, то выбора быть не может – только сплошной непрерывный ленточный фундамент. Столбчатый фундамент устраивается

под легкие деревянные и каркасные постройки. Строительные материалы, используемые для сооружения фундамента, достаточно разнообразны: кирпич (только глиняный красный кирпич; белый силикатный кирпич для устройства фундаментов использовать нельзя), бутовой камень, бетон.

**149-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін бойынша өз ойларыңызды білдіріңіздер.

**150-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңыздар.

**Зерек ес –** қажетті нәрсені есте сақтау қабілеті ғана емес, сонымен бірге керексізді ұмыту қабілеті де. Сондықтан есте сақтаудың басты заңы – ойлау.

Есте сақтауға тиістіні **ойлау**, есте сақтайтынды бұрын білетініңмен байланыстыру, есте сақтағаныңды ойша көру керек. Ең бастысы – осының бәрі өзіңе қашан керек боларын ойлау.

«Ес – **ақыл** қоймасы» деген даналық сөз бекер айтылмаған. Сондықтан ұдайы жаттықтыру арқылы ғана есті зерек ете аласың.

**151-тапсырма.** Сөз тіркестерінің екінші сыңарын табыңыздар.

| | |
|---|---|
| 1. құрылыс | 1. кран |
| 2. индустриялы | 2. бұрғылау |
| 3. доңғалақты | 3. таптауыш |
| 4. топырақ | 4. қағу |
| 5. бетон | 5. жолдар |
| 6. қада | 6. әдіс |
| 7. көтергіш | 7. машиналар |
| 8. ұңғыма | 8. машиналары |
| 9. төсемді | 9. кран |
| 10. өңдеуіш | 10. төсегіш |

**152-тапсырма**. Мына терминдерді дәптерлеріңізге жазып, жаттап алыңыздар.

кесенелер – мавзолей

құлпытас – замковый камень
бекініс – острог
қорған – замок
қамал – замок
топырақ – грунт
құм – песок
топырақты тығыздау – уплотнение грунта
топырақты өзек – грунтовое ядро
топырақты бекіту – закрепление грунта
құмбүріккіш – пескоструйка
құмтас, құмдақ тас – песчаник
құм ұстағыш – песколовка
құмды құмайт – песчанистая супесь
құмды тұғырық – песчаная подушка

**153-тапсырма**. Берілген сөздердің жиі қолданылатын тіркестерін табыңыздар

Бұйым_____
Шығарма_____
Ежелгі_____
Кезең _____
Дәуір_____

**154-тапсырма.** Сөз тіркестерінің екінші дұрыс сыңарын табыңыздар

| | |
|---|---|
| 1. ұлттық | 1. тығыздау |
| 2. топырақты | 2. өнері |
| 3. құмды | 3. салу |
| 4. өзекті | 4. борыш |
| 5. сәулет | 5. тәрбиесі |
| 6. дәстүрлі | 6. ескерткіші |
| 7. бабалар | 7. көрініс |
| 8. адам | 8. жағдай |
| 9. адамгершілік | 9. мәселе |
| 10. кесенелер | 10. тұғырық |

**155-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, ат қойыңыздар.

Бұл ғимарат XV ғасырда өмір сүрген. «Жерұйықты» іздеп өткен Асан қайғының ұлы Абат батырға арнап салынған. Әкесінің тапсыруымен шөбі шүйгін құнарлы мал өрісін іздеуге шыққан Абат батыр осы Бесқопада жел маядан құлап қаза табады. Мазарды осы өңірдің барша тұрғындары бірлесе қысқа мерзімде салып бітіреді. Осыдан екінші атауы – «Байтақ»: кең, шексіз; бұл тұста – бүкіл халықтық деген мағынасы шығады. Аңызды ескерткішке тікелей қатысты деп айту өте қиын. Далада мұндай ғаламат құрылыстар, негізінен хан, төре тұқымы жерленген қабір үстінде бой көтерген.

**156-тапсырма**. Төмендегі синоним сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырыңыздар.

Күшті – ержүрек – айбынды
Мемлекет – ел
Азаттық – еркіндік – бостандық
Тәуелсіз – егеменді – дербес
Қарқынды – жедел

**157-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар төңірегінде пікірлесіңіздер.

1. Сіз өзіңіздің өлкеңізге қандай сәулет өнерін тұрғызғыңыз келеді?
2. Ұлттық нақышты қалай берер едіңіз?
3. Бүгінгі таңдағы сәулет құрылыс жұмыстарына көңіліңіз тола ма?
4. Болашақ білім ордаларының, мәдениет орындарының қандай болғанын қалайсыз?
5. «Егер мен сәулетші болсам ...» тақырыбына эссе жазыңыздар.

**158-тапсырма.** Екі топқа бөлініп «Тарихи ескерткіштер» тақырыбына топтық жарыс ұйымдастырыңыздар.

**159-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыздар.

**Көне түркі ескерткіштер**

Дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болған бабаларымыз артына өлмес мұралар қалдырып отырды. Ғылымда «Орхон – Енесей жазулары» деп аталатын, бұл тамаша ескерткіштер қазір адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі мұралардың бірі болып саналады. Ержүрек қолбасшы Күлтегіннің, білікті мемлекет қайраткері Тонықөктің, Білге-Қағанның құлпытасына қашалған жазулардағы көптеген көркем бейнелер, қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылады.

Күлтегін, Білге-Қаған, Тонықөк.... ғасырлар керуенінің бізге ескірмей жеткен есімдер, әлемге мәшһүр тұлғалар Алаш ұлыстарының елұранын тасқа таңбаланған, түрік дүниесінің тегіс табынатын кемеңгерлері. Орхон өзенінің жағалауында VI–VIII ғасыр аралығында бабаларымыздың құрметіне тұрғызылған шежіре-жазуға толы ескерткіштер талай елдің оқымыстыларын таңдандырды. Түркі қағанаты құлағаннан кейін түркі әлеміндегі әдеби өмір орталығы тікелей қазіргі Қазақстан жеріне – Жетісу мен Сыр бойына ауысады. Өзіндік сипатқа ие дала мәдениетімен қоса қала мәдениеті де өркендейді. Сол көне күндерде өмір сүрген, шығыста кеңінен танылған астроном және математик Аббас Жауһари, филолог Ысқақ әл-Фараби, географ Жанақ әл-Қимақи сияқты оқымыстылар білім мен мәдениеттің биік өресін танытты.

**160-тапсырма**. Мәтін бойынша кездесетін сөздерді естеріңізге сақтаңыздар.

төл жазуы – жеке өзіне тән, меншікті жазуы
байырғы – бұрынғы
білікті – білімді, әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар.
құлпытас – қабір, бейіт басына орнатылатын ескерткіш тас
қашау – ағашты, темірді, тасты тесетін құрал
қашалған – қашаумен тесіп жазылған

ұтқыр – мазмұнды, ұтымды, тиімді
мәшһүр – аты, данқы әйгілі, белгілі
ұлыс – рулық
өре – ой-өрісі, білім деңгейі
қырғын – қиян-кескі соғыс, қан төгіс
сахара – кең байтақ, жазық дала
софы – діни, діндар ақын

**161-тапсырма**. Мәтіннен мұра, мәдениет сөздерімен тіркескен барлық тіркестерді теріп, әрқайсысының мағынасын түсіндіріп жазыңыздар.

**162-тапсырма.** Екінші қатардағы отыр, жатыр, жүр, тұр етістіктерін бірінші қатардағы сөздермен мағыналық жағынан байланыстырыңыздар.

әңгімелесіп
сөйлесіп
тыңдап
талқылап
қарап
бекітіп
ақылдасып — отыр
жүргізіп — жатыр
тіркеп — жүр
ойланып — тұр
ұшып
қонып
жүгіріп
қолданып
танытып

**163-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Жер қойнауының сиқырлы жиһазын тамаша көрегендікпен аша білген академик Қаныш Иманайұлы Сәтбаев – қазақ халқы мен Қазақстан тарихындағы зор құбылыс. Ол аса көрнекті

ғалым-геолог қана емес, өз заманының әйгілі табиғат зерттеушісі, әлемдік өреге ойшыл ғұлама. Қ.И. Сәтбаев мемлекеттік және қоғам қайраткері ретіндегі, ғалымдығы мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Қазақстанның индустриялық даму жолындағы өркениетті үрдісінің көш басында болып, кемеңгер ғалым атанды.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – әлемдік өредегі тұлға, қазақ ғылымының Гималайын жасап, өзі сәтті сілемінің шыңы – Эверест болып өтті. Дарынды қазақ халқы XX ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тұлғасы құзыр шыңға ұқсайды. Қ.И. Сәтбаевтың арқасында Қазақстан геологиясы өндірістік және іс жүзінде ғана қолданылатын ғылым өлшемі шеңберінен шығып, адамзаттың ой әлемін қозғайтын биік дәрежеге жетті. Сондықтан да оның жарқын бейнесі XX ғасырдың ғұламаларының арасында берік тіркелген паспортымыз, мәңгі мақтанышымыз болып қала бермек.

**164-тапсырма**. «Көне түркі ескерткіштері» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазір адамзат мәдениетінің даму тарихында қандай ескерткіштер елеулі мұралардың бірі саналады?
2. Күні бүгіне дейін қандай ұтқыр тіркестер, қанатты сөздер, көркем бейнелер қайда кездеседі?
3. Білім мен мәдениеттің биік өресін танытқан оқымыстылардан кімдерді білесіздер?
4. Түрік қағанаты құлағаннан кейін түркі әлеміндегі әдеби өмір орталығы қай жерлерге ауысты?
5. Бұл дәуірде жасалған әдеби мұралар қашан жойылған?
6. 1069 жылы жазылған атақты дидактикалық шығарма қалай аталады?

**165-тапсырма**. Мәтіннен тәуелдеулі сөзді, сондай-ақ барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздері тауып, жалғану ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.

**166-тапсырма**. Сөйлемдерді орыс тіліне аударып, тұрлаулы мүшелерді тауып, оларға сұрақ қойыңыздар.

1. Адамды дәреже жеткізбейді, білім жеткізеді (Жами). 2. Кісіні тұрмыс тәрбиелейді (Науаи). 3. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, заманымыздың бәрі кінәлі (Абай). 4. Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады (Т.Фуллер). 5. Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табар (Низами). 6. Әрбір істің ақыры бар, әрбір қиыншылықтың рахаты бар (Науаи).

**167-тапсырма.** Қазақстандағы қандай ескерткіштерді білесіңдер? Олардың шығу тарихы жайында пікірталас ұйымдастырыңыздар.

**168-тапсырма.** Сөз тіркестерінің екінші сыңарын тауып, орыс тіліндегі баламасын табыңыздар.

| | |
|---|---|
| ұлттық | басшы |
| көрікті | нақыш |
| мемлекет | ғимарат |
| игі | шара |
| арнайы | жазу |
| көркем | мұра |
| мәшһүр | мүдде |
| әдеби | ғұламалар |
| ұлттық | тілі |
| діндар | жазылған |
| қашан | тұлға |
| ескерткіш | бейне |

**169-тапсырма.** Мәтінді оқып, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

**Алаша хан кесенесі**

Алаша хан кесенесі XIV-XV ғасырлар арасындағы сәулет өнерінің басты ескерткіші. Күмбез Ұлытау ауданындағы Қаракеңір

өзенінің жағасында салынған. Бұл кесененің өзіндік бір ерекшелігі – далалық сәулет өнерінің үлгісінде жасалуы. Оның іргесі текшеленіп қаланып, төбесі күмбезделген. Кіре беріс маңдай алды киіз үйдің қос қанатты сықырлауық есігі тәрізді. Күмбездің екі жақтауы мен маңдайы өрнекті кірпіштермен қос сызықша етіп қатар өрілген. Қабырғалары сыртқы жағынан кереге көзді кілем тәрізді өрнектеліп қаланған. Кесененің құрылыс жүйесіндегі өрнек үлгілері Орта Азияның сәулет өнерінде кездеспейді. Бұл ғимараттың өзіне тән және бір ерекшелігі, үстіңгі қабатында күмбез барабанын айналдыра жасалған галереясы бар. Оған кесененің ішінен көтерілетін басқыш арқылы шығады.



Алаша хан күмбезінің қабырға сыртын әсемдеу ісінде қазақтың дәстүрлі ою-өрнегі кең қолданылған.

XV ғасырдың екінші жартысында салынған тағы бір ескерткіш – жартылай сақталған Рабиға Сұлтан Бегімнің кесенесі. Кесене Қожа Ахмет Йасауи ғимаратының шығыс жағында, 60 м жерде орналасқан. Ол бес бөлмеден тұрады. Басына қойылған құлпытасы Ахмет Йасауи күмбезінің ішінен табылған. Мұнда қалай келгені белгісіз. Құлпытастағы жазуда Бегімнің Әмір Темірдің ұлы Ұлықбектің қызы екендігі, 1485 жылы қаза болғандығы жазылған.

Қолданбалы өнер – сәулеттік құрылыс жүйелерінің ажырамас бір бөлігі. Кез келген күрделі, алып құрылыс жүйелерін, ғимараттарды сәндеп әшекейлемесе, олардың іші-сырты көз тартатындай безендірілмесе, оған шығарған қыруар еңбектің зая кеткені. Сондықтан шеберлер өздері жасаған ғимараттарын сән-салтанатты етіп көрсетуде қолданбалы өнерді пайдаланған. Ғимарат төбесін жабу ісінде күмбез-шатыр жүйесі жетілдірілді, жаңа қаптама материалдар пайда болды. Ғимарат

сәнді болу үшін шебер, біріншіден, кірпіш сапасының жоғары болуына және оның көлеміне қатты көңіл бөледі. Екіншіден, кірпіштердің бір жағына түрлі-түсті әйнек – сыр жалатылуына назар аударған. Ғимараттың сыртқы қабырғалары әр түрлі ою-өрнектермен безендірілген. Қожа Ахмет Йасауи, Көккесене, Алаша хан ғимараттарынан қолданбалы өнердің небір ғажап үлгілерін көруге болады. Ал бұл өнердің орта ғасырдағы өзіне тән бір құпиясы осы уақытқа дейін ашылмай отыр. Ол – әйнек сыр жалатылған кірпіштердегі сырдың жер астында қанша уақыт жатса да, күн көзінде қанша ғасырлар тұрса да өшпей, оңбай, өз қалпын сақтауы. Құрылыс материалдарының соншалықты жоғары сапалы болуы жеріміздегі сәулет өнерінің орта ғасырларда биік деңгейде болғанын дәлелдей түседі.

**170-тапсырма.** Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сәулет өнері деген қандай өнер?
2. Алаша хан кесенесі қай жерде?
3. Кесененің өзіне тән қандай ерекшелігі бар?
4. Рабиға Сұлтан Бегімнің кесенесі туралы не білесіздер?
5. Археологиялық зерттеу жұмыстарының барысында қандай сәулет өнерінің ескеріткіштері белгілі болды?
6. Қолданбалы өнер дегеніміз қандай өнер?
7. Аталған сәулет өнері ескерткіштерінің қайсысы монғол шапқыншылығынан кейін салынған?
8. XIV-XV ғасырларда далалық сәулет өнерінің үлгісінде салынған ескерткішті атаңыздар.

**171-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

1. Сәулет өнері .....
2. Алаша хан кесенесі.....
3. Қолданбалы өнер- сәулеттік құрылыс .....
4. Ғимарат төбесін жабу ісінде .....
5. Құрылыс материалдарының жоғары сапалы болуы .....

**172-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерін орысша аудармасымен сәйкестендіріңіздер.

| | |
|---|---|
| 1. кесене | 1. новая технология |
| 2. күн сәулесі | 2. мавзолей |
| 3. жаңа технология | 3. солнечный луч |
| 4. өндіруші | 4. производитель |
| 5. сәулет өнері | 5. архитектурное искусство |
| 6. қоршаған орта | 6. произведение |
| 7. тарихи ескерткіш | 7. башня |
| 8. жәдігер | 8. наследие |
| 9. мұнара | 9. исторический памятник |
| 10. туынды | 10. окружающая среда |

**173-тапсырма.** Тарихи ескерткіштерді қорғаудағы сіздің рөліңіз. Топтастарыңыздың алдында ой бөлісіңіздер. Тапсырманы орындау үшін мынадай дайындық керек:

1. Қазақстандағы асыл мұраларды қорғаудың жолдары.
2. Қандай тарихи ескерткіштерді білесіздер?
3. Қандай пайдалы іс шаралар жүргізесіздер?
4. Қазақстандағы сәулет ескерткіштерінің бүгіні мен ертеңі қандай?
5. Өз өлкеңіздегі ескерткіштердің тарихи жайы.

**174-тапсырма.** Мәтіннен көмекші есім сөздері бар тіркестерді тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

**175-тапсырма.** Сәулет-құрылыс мамандығына қатысты 10-15 термин сөздерді түсіндірме сөздік негізінде жазып, мағынасын түсіндіріңіздер.

**176-тапсырма.** Төменде берілген сөз тіркестерін әр түрлі мысалдармен қасыңыздағы жолдасыңызға түсіндіріп көріңіздер.

| |
|---|
| Тарихи ескерткіш, қоршаған орта, асыл мұра, пайдалы іс, кесене, мешіт, қорғау жолдары, бояу, тақта, сәулет өнері, кеуек, бетон. |

**177-тапсырма.** Мәтіннен кесенелер жайында қандай мәліметтер алдыңыздар, баяндап беріңіздер.

**178-тапсырма.** Мәтіннен зат есімдерді теріп жазып, сөйлем құрастырыңыздар.

**179-тапсырма.** Берілген (не өздеріңе ұнаған) тақырыптар бойынша әңгіме, сұхбат құрастырыңыздар:

1. Күтпеген кездесу.
2. Асыл мұраларды сақтау.
3. Алып ескерткіштер.
4. Менің өлкемдегі тарихи мұралар.
5. Ғажайып құрылыстар.

**180-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

## Қараханит кезіндегі сәулет құрылысы

Қазақстанда қалалық өмірдің дамып, атақты, көзге көрнекті монументалды сәулеттік құрылыс жүйелерінің салынған кезі Қараханидтер кезі (X-XII ғғ). Бұл кезден мұра болып бізге жеткен сәулеттік алып құрылыстарға Тараз қаласының маңындағы Бабажан Хатун, Айша бибі кесенелері жатады. Құрылыстар тек әсем салынған сәулеттік жағынан ғана қажет емес, олардың безендірілуі, ондағы ою-өрнектер халқымыздың асыл мұрасы екендігімен бізге өте құнды. Сәулеттік құрылыс жүйесінің күрделілігі жағынан әсіресе бізге жеткен шығыс моншасының құрылысы және оларға тартылған су жүретін құбырлар. Мұндай құрылыстар Оңтүстік Қазақстан облысында археологиялық қазба жұмысы кезінде Отырар, Түркістан, Алматы облысының жерінде Талғар қаласынан, сонымен қатар Тараз, Ақтөбе қалаларынан табылып отыр. Ал қанша қалалар зерттелмей жатыр. Оларда мұндай құрылыстар болмады деп айта алмаймыз. Қазақстанда орта ғасырдың орталық дәуірінде

феодализмнің дамыған кезінде күрделі сәулеттік құрылыс жүйелері болды.

Қарахан кесенесі халық аңызына қарағанда Қаранидтер әулетінің негізін қалаушының қабірінің үстінде тұрғызылған көрінеді. Ол XX ғасыр басындағы қайта қалпына келтіруге арналған жөндеу жұмыстарынан соң өзінің алғашқы тұрпат-бейнесінен мүлдем айрылып қалды. Тек В.П. Дениенің «Орта Азияның сәулеттік айшықтары» («Архитектурный орнамент Средней Азии») кітабындағы ескі фотосуреттен кірпіштен өрнектеліп қаланған бас қасбеттің сәулеті туралы кесененің әлі әзір дербес көлемге бөлінбеген (бұл X-XI ғғ сәулет өнеріне тән) безендірілген порталы болғандығы аңғарылады. Бас қасбеттің порталдық бөлігін аласа жақтаулық (парапет) түйіндеген. Безендіргіш порталдың екі қапталынан ромб тәріздес өрнектері бар қос тік айшықты жолақ тартылған. Сайып келгенде, сәулет өнерінің бұл ескерткіші Бабаджа-Хатун және Айша бибі кесенелері арасындағы аралық буын саналуы мүмкін. Біріншіден, айшық (декор) әдісінің өрісі кірпіштен басым өрнектеуден көрінеді. Айшықты порталды 2 қабатқа бөлу – екінші ескерткіште жеті түрде пайдаланылған жаңа туған әдістің бір көрінісі.

**181-тапсырма.** Қараханидтер дәуіріндегі сәулет өнері несімен ерекшеленеді? Оның озық үлгілерін атаңыздар.

**182-тапсырма.** Төмендегі сөз, сөз тіркестеріне мағынасы жақын сөздерді табыңыздар.

Мүмкіндік беру_____
Тасымалдау_____
Ұсақтау_____
Араластырғыш_____
Өңдеуіш_____
Тиеу_____
Көтеру_____

**183-тапсырма.** Мәтінді оқыңыздар.

**Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштері**

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырларда ірге көтерген сәулет өнері ескерткіші. Бұл ескерткіштен қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан ою-өрнек, әшекей түрінің өте мол екендігін көруге болады.

Ақсүмбе мұнарасы – XI-XIII ғасырдағы қарауыл қарайтын биік мұнара. Қаратаудың солтүстік бөктерінде, тау етегінен 200 метр жоғары биік жотаның үстіне тұрғызылған.

Алаша хан кесенесі – Қарахан немесе оғыз-қыпшақ заманында XVI-XV ғасырларда сахаралық сәулет өнерінің үлгісінде салынған ескерткіш. Қарағанды облысы, Қаракеңгір өзенінің оң жағасында орналасқан.

Арыстан баб кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Кесене Отырар қаласының гүлденіп тұрған кезінде IX-X ғасырларда тұрғызылған.

Ахмет Йасауи кесенесі – Қарахан дәуірінде (XII ғ.), кейін оның қираған іргесіне Әмір Темірдің бұйрығымен XIV ғасырдың аяғы XVғасырдың басында тұрғызылған сәулет өнері ескерткіші. Ол Орта Азия мен Қазақстандағы теңдесі жоқ зәулім күмбезді кешенді ғимарат. Оның төңірегіндегі қосалқы құрылыстар (мешіт, монша, т.б.) біртұтас архитектуралық ансамбль құрайды.

**184-тапсырма.** Төмендегі синоним сөздерге сөйлем жазыңыздар.

1) Әдемі, әсем, көрікті, келбетті, ажарлы;
2) Қашық, шалғай, алыс;
3) Жат, бөтен;
4) Тез, шапшаң, лезде, жылдам;
5) Ежелгі, көне, ескі, бұрынғы;
6) Ескерткіш, көне мұра, мирас, жәдігер;
7) Алғашқы, бірінші, тұңғыш;
8) Құру, қалау, орнату, салу;

9) Қала, шаһар, кент;
10) Өлке, аймақ, өңір.

**185-тапсырма.** Мәтінді бірнеше бөлімге бөліп оқып, әңгіменің негізгі идеясын және бірнеше тірек сөз жазыңыздар.

*Үлгі: Әңгіменің негізгі идеясы* _ _ _

качества определяют выбор деревянных досок для покрытия пола. Деревянные полы настилают после завершения внутри здания всех отделочных работ. Есть три основных типа полов: дощатные, паркетные и из древесных плит. Начинают настилать доски от стены перпендикулярно к лагам или балкам. Для крепления досок используются гвозди, длина которых в 2 раза превышает толщину досок. Первую доску закрепляют с отступом от стены на 1 см, стороной с пазом (шпунтом) к стене.

**189-тапсырма.** Тұйық етістіктерді тауып, олардың қандай септіктерде тұрғанын ажыратыңыздар.

*Үлгі*: ұнауымен – ұнау – тұйық етістік, -ы – тәуелдік жалғауы, -мен –көмектес септігінің жалғауы.

Сөздің асыл болуы – адамға ұнауымен. Сөз мағына жағының күштілігімен, көркемділігімен ұнайды. Сөйлеудің екі түрі болады: бірі – жалаң, екіншісі – көрнекті. Сөйлеуді осы екі түріне қарай ажыратамыз. Көрнекті сөйлеуді жырлау-толғау дейміз. Жырлау-толғауда айтылатын көрнекі, әсерлі сөзді дарынды сөз деп айту қолайлы.

**190-тапсырма.** Өздеріңіз ұнататын өнер түрі туралы шағын шығарма жазыңыздар. Мәтіндегі сөздердің мағыналы, жүйелі, әсерлі болуына көңіл бөліңіздер.

**191-тапсырма.** Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Айша бибі .... XI-XII ғасырларда .... көтерген сәулет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан .... қарай 40 км .... орналасқан. Отырар .... гүлденіп тұрған .... IX-X ғасырларда .... . Орта Азия мен .... теңдесі жоқ .... күмбезі .... ғимарат. Оның .... қосалқы .... біртұтас .... ансамбль құрайды. Ортағасырлық .... өнері ескерткіштері. Бұл .... қазақ халқының .... балаға .... болып келе жатқан .... , .... түрінің мол екендігін .... болады.

**192-тапсырма**. Сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңыздар.

| | Мағынасы | Аудармасы |
|---|---|---|
| мұнаралы<br>шынжыр<br>табанды<br>қазғыш<br>топырақ<br>таптауыш<br>тиеу-түсіру<br>ұңғыма<br>бұрғылау<br>қада қағу | | |

**193-тапсырма**. Сөйлемдердегі сан есімдерді мағынасына қарай топтастырыңыздар.

1. Отырар IX ғасырда ірі қала болған. 2. Киіз үйдің артықшылығын біз 1988 жылы Арменияда ғы жер сілкінісінде байқадық. Сол қайғылы күндері үйсіз қалған адамдарға Қазақстаннан мыңдаған киіз үйлер жеткізілді. 3. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. 4. Жер шарының 2/3 бөлігін су алып жатыр. 5. Дүние жүзінде 2 мыңға жуық үлкенді-кішілі халықтар тұрады. 6. Тоғыз құмалақ – қазақтың ерте заманнан келе жатқан ұлттық ойыны. Ойынға екі адам қатысады. Әр ойыншыда 81 құмалақтан болады, барлығы – 162.

**194-тапсырма**. Көпше түрде тұрған сөздерде үндестік заңы қалай берілген?

Құрылысшылар, ғимараттар, экскова торлар, кесенелер, мазарлар, едендер, қабырғалар, құлпытастар, күмбездер, мұнаралар, ескерткіштер, мұралар, қалалар, құрылыстар, құбырлар, жүйелер.

**195-тапсырма**. Мәтіннен омоним болатын сөздерді табыңыздар.

*Үлгі: түс, атау*

**196-тапсырма**. «Табиғат өзі мүсінші» тақырыбында хабарлама жасаңыздар.

**197-тапсырма.** Сөздерді есте сақтаңыздар.

| Сөздер | Синоним | Антоним | Орыс тілінде |
|---|---|---|---|
| Қадым заманда | Ежелде | | |
| Таң қалдыру | Таңдай қағу | | |
| Теңдесі жоқ | Ерекше | | |
| Шайдай ашық | Бұлтсыз | | |
| Қалай келгені белгісіз | Күтпеген жағдай | | |

**198-тапсырма**. Сәулет өнерін зерттеген археолог ғалымдардан кімдерді білесіздер? Осы тұлғалар жайында реферат жазыңыздар.

**199-тапсырма.** Сөздерді пайдаланып, кестені толтырыңыздар

| Зат есім | Сын есім | Есімдік | Етістік | Шылау | Үстеу | Сан есім |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ел | Қасиетті | Олар | Алды | Қарай | Биыл | Екі |

**200-тапсырма**. Термин сөздерді есте сақтаңыздар.

құрылыс құрастыру жұмыстары – работы строительно-монтажные
керме – распорка
құрылыс ерітіндісі – раствор строительный
білте тақтайша – рейки
тұрғын үйді жаңғырту – реконструкция жилого дома
шөкпе топырақ – грунт просадочный
қатып қалған топырақ торлар – грунт мерзлый решетки
електер, ұнтағыштар, ұнтағыш торлар – шта, дробилки и решетки дробилки
беларқа – ригель
қопсытқыш – рыхлитель

өзін-өзі көтеруші қабырғалар – самонесущие стены
іріландіріп құрастыру – сборка укрупнительная
тіреулі фундамент – свайный фундамент
пісірушілік – свариваемость
пісіру жұмыстары – сварочные работы
бағана-қада – свая-колонна
қабық қада – свая-оболочка
тіреуіш – свая
діңгек-қада – свая-столб
бұрандама – болт
шығындардың тізімдемесі – сводка затрат
тұрғын үйдің бөлшегі – секция жилого дома
өзек – сердцевика
табиғи желдету жүйесі – система вентиляции естественная
жергілікті сорулар жүйесі – система местных отсосов
құзды топырақ – скольные грунты
топырақтың су өткізбейтін қабаты – слой грунта водоупорный
құрылыстың сметалық құны – сметная стоимость строительство
қосынды сызықтар – соединительные линии
сорлар – солончаки
құрама қабырға – составная стена
топырақтың заттық құрамы – состав грунта вещественный
тұтас панель – сплошная панель
болат құбыр – стальная труба
металдың тозуы – старение металлов
шыны шикізат – стекольное сырье
әйнек жұмыстары – стекольные работы
топырақтағы қабырға – стена в грунте
арқалық қабырға – стенка балки
бөлек қабырға – стенка раздельная
шпунтты қабырға – стенка шпунтов
тік құбыр – стояк
көтеру жебесі – стрела подъема

құрылыс бұйымы – строительное изделие
құрылыс өндірісі – строительное производство

**201-тапсырма**. Сәулет мамандығына қатысты терминдерді қатыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

**202-тапсырма**. Мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

**Құрылыс ісінің даму қарқыны**

Қазақстандағы ойдағыдай дамып келе жатқан сәулеттік құрылыс ісі моңғол шапқыншылығының кесапаты әсерінен жермен-жексен болады. Сән-салтанаты мол сәулеттік құрылыстар бүлінді. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, сәулеттік құрылыс жүйелері XIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап, XIV ғ-да қайта жаңдана бастайды. Бұл кездегі құрылыс ісі қазақ жеріндегі мұсылман дінінің орнығуына байланысты дами бастайды. Қазақ жерін өз қол астына бағындыру мақсатында, мұсылман дінінің өкілі көрнекті ақын Қожа Яссауидің атын пайдаланған Әмір Ақсақ Темір кесененің құрылысына сол кездегі әйгілі құрылыстық жобалардың бүкіл үлгілерін пайдаланған. Бұл құрылыстың салынуы шын мәнінде қазақ халқының арасында мұсылман дінінің орнығуына ықпалын тигізеді және осы құрылыс жүйесіне сәйкестендіріп салынған мешіт-медреселер, күмбездер көбейді. Қазақтар Ахмет Яссауи кесенесінің сыртқы көрінісін жартастарға сала бастайды. Мәселен, Түркістан қаласынан 45-50 км қашықтықта Қаратаудан шығатын Бесарық сайының ішінде Күйкентайлы деген жерде Яссауи кесенесінің суреті екі жерде тасқа салынып, оның біріне «азан» деген сөз жазған. Осы арада «мешіт» деген жер бар. Екіншіден, XIV-XV ғғ. құрылыс жүйелерінің көбі күмбездер. Төбесін киіз үй төбесіне ұқсатып салған. Сонымен қатар бұл кезде жұма мешіті, медреселер көптеп салынады. Археологиялық қазба жұмысы кезінде Ақтас мешіті мен Отырар қаласына жақын Байылдар елді мекенінен көп бөлмелі жұма-мешіт екі жерден табылған. Құрылысқа 28 – 29 х 4 см қызыл

кірпіш пайдаланылған. XIV ғ-дың 2-жартысында Ақ ордадағы хандық үкіметті билеген Ерзен сияқты хандардың мұсылман дінін толығымен мойындап, оны нығайту үшін мешіт-медреселер салғызғандығы жазба деректерден белгілі, бұл кесенедегі сәулеттік жүйелердің көбі бірнеше күмбезден тұрады.

**203-тапсырма.** Мәтінді оқып, тірек сөздерді теріп жазыңыздар.

**204-тапсырма**. Мәтіннің мазмұнын пайдаланып сөйлем құрастырыңыздар.

1. Әмір Ақсақ Темір_____
2. Қожа Ахмет Яссауи_____
3. Түркістан қаласы _____
4. Ақ Ордадағы _____
5. Бұл кесенедегі _____
6. Төбесін _____
7. Сонымен қатар _____
8. Құрылыстың салынуы _____
9. Археологиялық зерттеулер _____
10. Қазақ жерін _____

**205-тапсырма**. Мәтіннен түбір сөздерді теріп жазыңыздар. Үлгі: екі, қаз, сөз…

**206-тапсырма**. Қожа Ахмет Яссауи туралы білетіндеріңізді пайдалана отырып, ой толғау жазыңыздар.

**207-тапсырма.** «Күмбез» сөзі бойынша сөзжұмбақ құрастырыңыздар.

**208-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударып, мазмұндаңыздар.

Фриз – декоративная композиция (орнамент или изображение) в виде горизонтальной полосы на предмете: в кайме на ковре или паркете, поверху стены и т. д. Портал – П-образная часть конструкции. Цоколь – верхняя часть фундамента, возвышающаяся над землей. Цементное тесто – раствор цемента с водой. Ламинированная плита – древесно-стружечная плита, облицованная пленками на основе бумаг, пропитанных синтетическими смолами.

**209-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлем құрастырыңдар.

_____ _____ ----------

*Үлгі: Ақ ордадағы хандық үкімет мұсылман дінін мойындады.*

**210-тапсырма.** «Кірпіш» сөзін ауыспалы мағынада қолданып, сөйлем құрастырыңыздар.

*Үлгі*: Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан.

*Абай*

**211-тапсырма.** Қазақстандағы көрнекті сәулет туындыларын атаңыздар. Олар қай қалаларда орналасқан?

**212-тапсырма.** Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазыңыздар. Мәтінді мазмұндаңыздар.

**Тарихи шолу**

Қазіргі Қазақстанның кең байтақ аймағы – сонау ертеде өткен елдің мәдени-экономикалық жағдайына өзінің әсерін тигізген қоғамдық ірі қозғалыстардың арнасы болды. Бұған парсы патшалары Ахеменидтер мен Александр Македонский әскерлерінің басып кіруі, гүндердің қоныс тебуі, моңғолдардың шапқыншылығы, Темірлан соғыстары, жоңғарлардың шабуылы, феодалдардың үздіксіз болып тұрған өзара соғыстары, осы тарихи оқиғалардың барлығы экономика мен мәдениеттің қалыпты дамуына үнемі үзіліс жасап, ел қоныстарын бүлдіріп,

Қазақстанның жергілікті тайпалары мен халықтарының ескерткіштерін құртып жоғалтумен қосарланып отырылды.

Осы тарихи ауыр жағдайлармен өткен заманның тоздыру әрекеттеріне қарамастан, Қазақстанның территориясында қазақ халқының және осы территориядағы оның алдында жасаған тайпалардың, әр түрлі тарихи кезеңдеріне жататын монументал сәулет өнерінің бірталай ескерткіштері сақталған. Өзінен бұрынғылардың мәдени мұраларын пайдалана отырып, қазақ халқы музыка, ауыз әдебиеті және ісмерлік өнері саласындағы өздерінің тамаша шығармаларымен қатар, көп ғасырлар ішінде қалыптанған құрылыс істерінің тәжірибесі нәтижесінде сәулет өнерінің өзгеше үлгілерін жасап, онда құрылыс тәсілдерін, сәулет өнерінің көркемдік құралдарын бейнелейді.

Құрылыс өнері саласындағы халық шығармаларының осы бай мұрасы Қазақстанның сәулет құрылысын жасау ісіндегі бұлақ көздерінің бірі болып табылады.

**213-тапсырма.** Мамандыққа қатысты сөздерді жаттап алыңыздар.

кірпіш арақабырға – кирпичная перегородка
кірпіш бағана – кирпичная колонна
кірпіш байланыстырғыштары – кирпичные связи
кірпіш қаптама – кирпичная облицовка
кірпіш тірекше – кирпичный столбик
кірпіш төсеу – укладка кирпича
кірпіш ширегі – четверть кирпича
кірпіш-өрімді арқалық – кирпичная балка
кірпіш қалауы – кирпичная кладка

**214-тапсырма.** Мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

**Қожа Ахмет Яссауи кесенесі**

XIV ғасырдың соңы-XV ғасырдың басындағы сәулет өнерінің бірегей ескерткіші – Түркістан қаласындағы Әмір Темірдің әмірімен тұрғызылған Қожа Ахмет Яссауи мешіті

салынды. Бұл алып құрылыстың Орта Азия мен Қазақстандағы диаметрі 18,2 метрге тең ең үлкен сүйірлі күмбезбен жабылған қазандықтың орталық кең залы төңірегіне топтасқан, атқаратын қызметі мен мөлшері жөнінен әр алуан 30 бөлмесі бар. Ғимараттың ауқымды порталының терең түкпірі сүйірлі саңылауына дейін созылған бас өзекті аралығында ортасында үлкен қасиетті айыршықты қола қазан – Тайқазан орналасқан шаршы кең зал – қазандық орын тепкен.

Ол рәсімдік салт-жорамалдық тамақ, ас әзірлеуге арналған. Қабірдің алдында «зиратхана» делінетін шаршы қуыс жатыр. Мұнда тағзым етіп келушілер дұға оқып, ортада сұр-жасыл мәрмәрмен қапталған үлкен сағанасы қойылған Қожа Ахмет қабіріне мінәжат етеді. Қабірхана екі қымбат күмбезбен жабылған. Үшкір пішіннің ішкі қабаты парусқа (дөңес иінге) бекітіліп, әк тұнбаларымен әшекейлендірілген. Сыртқы қабырғалары күмбез жазу, фриздармен өрнектелген жалпақ ленталы белдеулі биік цилиндрлі барабанда көтерілген. Қазандыққа шығатын ұзын дәліздермен қапталынады – сол жағында – кіші мешіт, ал оң жағында Үлкен Ақсарай орналасқан. Қазандықтың бүйірлеріндегі құжырлардың сыртында, шығыс жақта Кіші Ақсарай, батыс жағында – кітапхана, асхана, құдықхана жайғасқан. Бұл негізгі жайлар 4 екі қабатты дәліз арқылы қазандықпен байланыстырылған.

Ғимараттың жобалық шешімі секілді сыртқы сәулеті де өзінің идеялық мазмұнын айқын аша түседі. Көреген саясаткер Темір көшпенділердің назарын өздерінің ұлттық қасиетті жәдігер ескерткіштеріне аударып, күш-қуатын танытатын монументалды құрылыстың алыптығы және ауқымдылығымен оларға ықпал етуді мансұқ етті. Ол өз сарайының (Ақсарай) порталында «Егер біздің күш пен қуатымызға күдік келтірсең, біздің құрылыс жайларымызға қара» деп жазуға әмір етті. Ғимаратты сәулеттік-көркемдік әшекейлеуде қыш, ағаш, және сүйекті ойып жазу кеңінен қолданылған, тас пен металды өңдеу, ою өрнекті айшықтар мәнері халықтың қолданбалы өнерімен тығыз, үндес байланыстыра қарастырылған. Бұл тамаша ғимаратта Қазақстан және Орта Азия халықтарының көп

ғасырлық құрылыс өнері жетістіктері көрініс тапқан. Қазақстан сәулет өнерін дамытуда бұл ескерткіштің атқарған мәні орасан үлкен болды.

Қазіргі күні Темір тұсында тұрғызылған 4 алып құрылыстың ішінде тек Қожа Ахмет Яссауи кесене-мешіті ғана бүтін қалғанын айту орынды болар еді.

**215-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын орыс тілінде айтып беріңіздер.

**216-тапсырма.** Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Қожа Ахмет Яссауи кесенесін сипаттап беріңіз
2) Ақсарайдың порталында қандай жазу бар?

**217-тапсырма.** Мәтінді оқи отырып, кестені толтырыңыз:

| Нені білемін | Нені білмеген едім | Нені білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

**218-тапсырма.** Мәтінді аударыңыздар.

***Венецианские шторы***

Что такое жалюзи знают все. Но мало кто знает историю о том, когда и как они стали использоваться в быту. Когда в XIII веке итальянский путешественник Марко Поло посетил территорию Китая, закрытую для европейцев, среди вещей, вызвавших его удивление, был предмет, представлявший собой набор нанизанных на веревочки деревянных палочек. Этот предмет, применявшийся в обиходе обычной китайской семьи как средство защиты от ярких солнечных лучей и посторонних взглядов, в то же время являлся одним из важнейших

декоративных элементов жилья. Простота и удобство этой конструкции настолько потрясли Марко Поло, что ее он увез с собой – так в жизнь вошли жалюзи. Впервые они появились на родине путешественника в Венеции, и именно поэтому очень часто жалюзи называют венецианскими шторами.

**219-тапсырма.** Мәтін бойынша сөз тіркестерін қазақша жазыңыздар.

**220-тапсырма.** Мәтіндерді пайдалана отырып, ғимарат сөзіне сөзжұмбақ жасаңыздар.


**221- тапсыпма.** Еліміздің мәдени ескеркіштерінің бірі «Тайқазан» туралы не білесіздер?

**222-тапсырма.** Күмбез, қабырхана, халық, өнер сөздерін септеңіздер.

**223-тапсырма.** Бүгінгі сәулет өнері мен ежелгі сәулет өнерін салыстыра отырып Вен диаграммасын толтырыңыздар.

Бүгінгі сәулет өнері

Ежелгі сәулет өнері



**224-тапсырма.** Шеберлік, ұсталық, зергерлік өнер туралы 10 мақал-мәтел жазып жаттаңыздар. Төмендегі терминдерді жаттап алыңыздар.

| | |
|---|---|
| үңгірлі құм – катакомба | сағана – склеп |
| жасандылық – фальсификация | ежелгі қала зираты – некрополь |
| ғибадат – культ | жалатпа – поливной |
| көмбе – клад | күмбезді жабу – свод |
| кыш – керамика | сырлы – глазурь |
| оба – курган | жал – вал |

**225-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

**Түркі дүниесінің кемеңгер ойшылы**

Қорқыт – бұл Алтай мен Каспий аралығындағы шексіз даланы мекендеген көптеген халықтарды байланыстырушы жалпы түркілік аңыз, миф.

Ерте заманның білімпаз-ғұламаларының жазуына қарағанда, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ ойшыл, шешен, күйші болған Қорқыт Сыр жағалауындағы Жанкент қаласында VII-IX ғасырларда дүниеге келіп, өмір сүрген.

Қорқыт жерленген Сырдария жағалауына шамамен X-XI ғғ. кесене тұрғызылған, бірақ осы ғажайып ескерткішті Сырдарияның суы шайып бұзылуға әкеп соқтырды.

1980 жылы Қорқыттың күмбезді мазары жанынан сәулетші Б.Ибраев, физик-акустик С.Исатаевтардың жобасы бойынша төрт алып қобызды біріктіру арқылы ерекше сәулеткерлік үйлесімде құйылған ескерткіш кесене орнатылды. Кесенеден желді күні қобыздың сарынындай үн шығып тұрады.

1997 жылы мемориалдық ескерткішке жүргізілген реставрациялық жұмыстар нәтижесінде амфитеатр, қонақ үй сияқты тағы да басқа объектілерден тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалды.

2000 жылы мемориалдық ескерткіш жанынан мұражай ашылды. Мұражай қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда.

**226-тапсырма.** Мәтінді оқи отырып, кестені толтырыңыз.

| Нені білемін | Нені білмеген едім | Нені білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |

**227-тапсырма.** Қорқыт ата туралы қандай аңыз әңгімелерді білесіз? Біреуін ауызша дайындаңыз.

**228-тапсырма.** Төмендегі тақырып бойынша пікірталасқа дайындалыңыз.

Киіз үйдің сәулет өнерінің дамуы тарихындағы алатын

орны. «Қазақтың әлемдік өркениетке қосқан үш нәрсесі бар. Соның бірі – киіз үй ...».

*(Ғ.Мүсірепов)*

**229-тапсырма.** Мәтінді аударып, жатқа жазыңыздар

**Здание цирка**


Здание размещается на пересечении проспекта Абая и улицы Жандосова. Основной круглый объем здания с шатровым чешуйчатым покрытием красиво вырисовывается на фоне гор Заилийского Алатау.

С технологической точки зрения Алматинский цирк признается одним из лучших в странах СНГ.

**230-тапсырма.** Қорқыт қобызды не үшін ойлап тапқан?

**231-тапсырма.** Мәтінде берілген негізгі ойды (ақпаратты) орыс тіліне аударыңыздар.

**232-тапсырма.** Сөзжұмбақты шешіңіздер.




1. Асыл тастың аты.
2. Аңдар мекендейтін орын.
3. «Мола» сөзінің синонимі.
4. Қорқыт мәңгілік өмірді қандай аспаптан тапты?
5. «Ракета» сөзінің қазақша баламасы.
6. Қорқыт дүниеге келіп, өмір сүрген қала.

**233-тапсырма.** Синоним сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырыңыздар.

әдет – машық – дағды;
салт-дәстүр – әдет-ғұрып – рәсім;
сауап – жақсылық – алғыс – бата;
кесір – жамандық – бәле – жауыздық – зиян;
обал – күнә – өкпе – реніш;
ысырап – шығын – залал – босқа шашу;
әдеп – әдептілік – сыпайылық – ізеттілік

**234-тапсырма.** «Қорқыт мәңгілік өмірді тапты», «Қорқыт мәңгілік өмірді тапқан жоқ» тақырыптарына дебат ұйымдастырыңыздар.

**235-тапсырма.** Ұлы тұлға А.Машани туралы не білесіз? «Әл-Фарабиді қазақ жеріне қайта әкелген ғалым» тақырыптарына қатысты дебат ұйымдастырыңыздар.

**236-тапсырма.** Мына сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Еңбегі бар. Табиғи заң. Аспан құбылыстары. Жеті қат көк. Жеті топ (нота). Тұрақты зат. Үндестік. Ерте кезде. Адам мәдениеті. Таңбалы тас. Ой туу.

**237-тапсырма.** Шешендік сөзді оқып, мазмұнын түсіндіріңіздер.

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл, жалқаудан масыл туады,
Масылдан малбақпас туады,
Таздан жарғақ бас,
Сараңнан бермес, соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе, қыдырмадан кезбе туады.


*(Майқы би).*

**238-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін тірек ретінде алып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

Ғұлама ғалым, білікті маман, тау-кен инженері, ғылыми қызметкер, еңбегі еленді, бүгінгі ұрпақ, техника саласы, біздің мақтанышымыз, жер қыртысы, тілді құрметтеу, парасат иесі, ұстаздық еңбек, адамгершілік өлшемі, мерейтой қарсаңында.

**239-тапсырма.** Сөзжұмбақты шешіңіздер.

1. Бейнелеу өнерінің түрі.
2. А.Машанидің дүниеге келген аудан.
3. Қазақстандық инженер, геолог, ҚазКСР Ғылым Академиясының президенті.
4. Дүниенің екінші ұстазы.
5. Техника саласына лайықты мамандық.
6. Қ.Сәтбаевтың әкесі.




**240-тапсырма.** Мәтінің мазмұнын айтыңыздар.

## Құрылыс материалдары өнеркәсібі

Революцияға дейін құрылыс материалдарын шығару Қазақстан өнеркәсібінің нашар дамыған саласы еді, тіпті мұндай сала болған жоқ деп айтуға да болады. Қалалар мен

ауылдардағы құрылыс ісіне құрылыс материалының шикі кірпіш деп аталатын балшық пен топан қоспасы кеңінен пайдаланылды.

Қазан революциясынан кейін, әсіресе соғысқа дейінгі алғашқы бесжылдықтардан бастап, шаруашылықты индустрияландыруға байланысты өте бай табиғат байлықтары мен ұлан-байтақ кеңістігі бар Қазақстан аса ірі құрылыс алаңына айналды. Мұнда соғысқа дейін жыл сайын, ал соғыстан кейін үздіксіз ірі зауыттар, фабрикалар, қуатты электр станциялары, суару және суландыру каналдары, жаңа автомобильдер мен теміржолдар, көптеген тұрғын үйлер, мектептер, ауруханалар, жоғары және орта оқу орындары, мәдениет, әкімшілік мекемелері салынды. Мұндай құрылыстар республикада өнеркәсіптің құрылыс материалдары мүлде жаңа саласы өндірісін құруды талап етті. Ол жер-жерде кездесетін құрылыс тасын, саз балшықты, әктасты, құмды пайдаланады. Қазір бұл саланың құрамында өндірістің 16 түрі бар.

Қазіргі кірпіш, әктас, алебастар секілді құрылыс материалдары, сондай-ақ іс жүзінде темір, бетон және ірі блоктар мен тораптардың бөлшектері әрбір өнеркәсіп орталығында және тіпті ауылдық жерлерде жергілікті шикізаттан жасалады. Құрылыс индустриясының аса ірі кәсіпорындары облыс орталықтарында, ең алдымен Алматы, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Шымкент, Астана, Семейде орналасқан.

Қазіргі уақытта цемент өндірісі Қазақстан құрылыс индустриясының маңызды саласына айналды. Маңайында цементті саз балшықтың үлкен қоры бар. Шымкент пен Семейде қуатты цемент зауыттары салынған. Қарағанды маңында Астаховка станциясында, Шымкент түбіндегі Сазтөбеде және Шу қаласында шағын цемент зауыттары жұмыс істейді. Олар құрылысты тұтқыр материалмен қамтамасыз етеді, онсыз электр станциясының ғимаратын, өзен бөгетін және тіпті ауыл мен қаладағы қарапайым тұрғын үйді тұрғызу мүмкін емес. Тұрғын үйлер мен кәсіпорындарды жекешелендіруге және жеке меншік үйді салудың кеңінен дамуына байланысты құрылыс материалдарын шығаруға деген сұраныс барған сайын артып,

бұл сала таяудағы жылдар ішінде айтарлықтай дамитын болады.


Соңғы 3-4 жылдың ішінде өкімет орындарының Астана қаласына көшіп келуіне байланысты құрылыс материалдарын өндіретін бірнеше өндіріс орындары салынды.

**241-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, сұхбат құрастырыңыздар.

**242-тапсырма.** Мәтінді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

1.Революцияға дейін
2.Қазан революциясынан кейін
3.Ол жер-жерде кездесетін
4.Қазір бұл саланың құрамында
5.Құрылыс индустриясының аса ірі кәсіпорындары
6. Қазіргі уақытта цемент өндірісі
7.Тұрғын үйлер мен кәсіпорындары
8.Қазақстандағы ірі зауыттар
9.Құрылыс материалдарының пайдасы

**243-тапсырма**. Төменде берілген сөз тіркестерінің сыңарын сәйкестендіріңіздер.




**244-тапсырма**. Сәулет-құрылыс терминдерін қатыстыра отырып 10 сөйлем құрастырыңыздар.

**245-тапсырма**. “Егер мен құрылысшы болсам....” тақырыбына эссе жазыңдар.

**246-тапсырма**. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1....құрылыс материалдарын шығару ... нашар дамыған саласы еді.

2 ...кейін , әсіресе ... алғашқы бесжылдықтардан бастап , шарушылықты ...байланысты өте бай табиғат байлықтары бар Қазақстан ... құрылыс алаңына айналды.

3 ...республикада өнеркәсіптің құрылыс .... жаңа .... өндірісін құруды талап етті.

4 ... бұл саланың құрамында ... түрі бар

5 .... аса ірі кәсіпорындары ең алдымен ... орналасқан

6. Қазіргі уақытта ... өндіріс Қазақстан ... индустриясының маңызды саласына айналды.

7. Маңайында ... саз балшықтан үлкен қоры бар.

8 ... қуатты цемент ... салынған.

9 ... материалдарын шығаруға деген сұраныс бар.

10.Соңғы ...ішінде өкімет орындары Астана қаласына ... келуіне байланысты құрылыс материалдарын өндіретін .... өндіріс орындары салынды.

**247-тапсырма.** Берілген терминдерді аударып, мағынасын түсініп алыңыздар.

әкімшілік
құм
қоспа
айтарлықтай
қор
саз балшық
өндіріс
сұраныс
байланыс
алғашқы
әктас

үздіксіз
өтініш
қарапайым
сапалы

**248-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

**Республикамыздағы құрылыс ісі**

Республика шаруашылығының жетекші салаларының бірі – құрылыс материалдары өнеркәсібі. Бұл барлық шаруашылықтың салаларымен тығыз байланысты. Құрылыс материалдары – өнеркәсіп орындары, зауыт, фабрика, үй ғимараттары, сарайлар, мал қоралары, тағы көптеген объектілерді салуда қолданылады. Қазақстанда құрылысқа қажетті материалдардың қоры мол.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің ішіндегі ең негізгісі – бетон және темір-бетон бұйымдарын жасау. Олар – болат, арматура, цемент және бетон толықтырғыштарынан жасалады.

Бұлардың үй және құрылыс салуда маңызы зор. Атырау облысында қабырғалық блоктар ұлутастан да даярлануда. Ұлутастан қаланған қабырғаны сылаудың қажеті жоқ. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің маңыздылығы жөнінен екінші орындағысы — гранит, мәрмәр, құм, қиыршық тас, саз, гипс, және асбест. Бұлар республиканың барлық жерінде кездеседі. Саз, гипс, азбест – Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан және Шығыс Қазақстаннан, ал жоғары сапалы ақ саз (каолинді саз) – Ақмола облысындағы Алексеев кенішінен, кварц құмы – Ақмола, Павлодар облыстарынан алынуда. Табиғи асфальт – Атырау облысында, гипс – Каскеленде; асбест – Жетіқарада, керамзит және саз – Алматы, Шымкент маңында өндіріледі.

Аталған құрылыс материалдарын бір-бірімен ұстастыратын, біріктіретін – цемент, әк, т.б. заттар. Ұстастыратын материал цементті өндіруге қажетті шикізаттар Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында мол, сондықтан да осы орталықтарда ірі цемент зауыттары жұмыс істейді.

Республикамызда бес цемент зауыты бар. Олар: Шымкент, Сазтөбе, Қарағанды, Октябрьск (Өскемен), Семей зауыттары. Цемент металлургия зауыттары, Домна пештері және әктас, бор, құм, мергель қоспаларынан жасалады.

Қостанай облысындағы Жетіқара асбест комбинатында құрылыстардың төбесін жабуға арналған шифер өндірісі жұмыс істейді. Шифер зауыты – Тараз қаласында, асбест-цемент өндірісінің ірі кәсіпорындары – Қарағанды, Семей, Шымкент калаларында орналасқан.

Керамзиттің Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында ірі кен орындары бар.

Минералдар Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Қазақстан жерінде гранит, мәрмәр, габродиобаз, микрокварцит, амазонит, лабродит, яшма сияқты құрылысқа пайдаланатын минералдардың түрлі кен орындары бар.

Жергілікті кварцитті пайдаланып жұмыс істейтін шыны зауыты Шортандыда және Атырау облысы Құрманғазы елді мекенінде орналасқан.

**249-тапсырма.** Мәтінге байланысты сұрақтарға жазбаша жауап дайындаңыздар.

1. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің негізгі түрлерін атаңыздар.
2. Цемент өнеркәсібі жөнінде мағлұмат беріңіздер.
3. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуы.
4. Республикамыздағы құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуы.
5. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің негізгі топтары.
6. Республикамыздағы құрылыс материалдары өнеркәсібіне сипаттама беріңіздер.

**250-тапсырма.** Құрылыс мамандығына қатысты терминдерді пайдалана отырып, «Құрылыс мамандығының басқа мамандықтармен байланысы жайында» әңгіме жазыңдар.

**251-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударып, өз тараптарыңнан қосып мазмұндаңдар.

Асбест – белый волокнистый минерал, применяющийся как огнеупорный материал. Цемент – порошкообразное минеральное вещество, с помощью которого приготовляют вяжущий раствор, быстро затвердевающий и скрепляющий. Гипс – строительный материал, быстро твердеющее вяжущее вещество, получаемое обжигом двуводного гипса, подвергаемого измельчению до или после обжига. Применяется для отделочных работ внутри помещений.

**252-тапсырма.** Мәтіннен жалқы есімдерді табыңыздар және емлесін естеріңізге түсіріңіздер. Олардың мағыналарына назар аударып, қандай ұғымды білдіріп тұрғанын айтыңыздар.

**253-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, мазмұнын толықтырыңыздар. Мәтін мазмұнын негізге алып, мәтінге ат қойыңыздар.

Мен Қаныш ағамен сирек болса да кездесіп тұрдым. Кейде далаға тігілген шатырларда қона жатып сөйлесіп жүрдім. Мол кеуделі, биік еңселі, бойшаң адамның ашық жүзіндегі мейірімділік пен ойлылық бір түрлі әсем еді. Асықпай сөйлейтін, қаңқусыз сөздерді қолдануға тырысатын (Ә.Тәжібаев).

**254-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді жаттап, мазмұнын түсініп алыңыздар.

1. Ақылсыз адам айқайлап келеді.
   Жан-жағын жайпай келеді.
   Ақылды адам жай-жай келеді,
   Жан-жағын байқай келеді.
2. Адамды өмір үйретеді,
   Үйренбесе күйретеді.
3. Сыпайы сызып айтады,
   Шешен кызып айтады.
   Шорқақ үзіп айтады,

Жаман бұзып айтады.
4. Сыпайы киімді киіп тоздырады,
Сараң киім жиып тоздырады.
5. Әлсіз адам сүріншек,
Ақылсыз адам еріншек.

**255-тапсырма.** Мәтінді пайдалана отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Минералды құрылыс шикізаты.....
Қабырғалық материалдар.....
Құрылыс материалдары өнеркәсібінің ең негізгісі.....
Құрылыс матералдарын бір-бірімен біріктіретін .....
Республикамызда бес цемент зауыты бар ……..
Шифер зауыты.....
Қазақстан жерінде.....
Шыны зауыты.....
Саз, гипс, асбес.....
Құрылыс материалдары.....

**256-тапсырма.** Сөз тіркестерінің екінші дұрыс сыңарын табыңыздар

| | |
|---|---|
| 1. құрылыс | 1. бойынша |
| 2. қажетті | 2. жасау |
| 3. республика | 3. мекен |
| 4. керекті | 4. пеші |
| 5. қамтамасыз | 5. шикізат |
| 6. негізгі | 6. маңай |
| 7. қоспа | 7. кешені |
| 8. жақын | 8. орталық |
| 9. өнеркәсіп | 9. ету |
| 10. құрылыс | 10. жасау |
| 11. кен | 11. өндіріс |
| 12. өндіріс | 12. қалдығы |
| 13. елді | 13. мәлімет |
| 14. бұйым | 14. орындары |
| 15. Домна | 15. материалдары |

**257-тапсырма.** Шылаулардың астын сызыңыздар.

Біз бұл үйді жоба бойынша салдық. Сен үйдің жобасы туралы айт. Мен мұны сәулет-құрылыс мамандары арқылы үйрендім. Сен сәулет-құрылыс ісі туралы баянда. Маман болу үшін көп іздену керек. Сәулет-құрылыс маманы сияқты жоспар құру керек. Мен университетке білім алу үшін түстім. Оқуды бітірген соң сәулетші болғым келеді.

**258-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтінді пайдаланып, сұхбат құрастырыңыздар.

**259-тапсырма.** Мәтіннен өздеріңізге қандай жаңа ақпарат алдыңыздар?

**260-тапсырма.** Сөз тіркестерінің мағынасын сөздіктерге қарап анықтаңыздар.

*Үлгі:* еңбек өнімділігі – белгілі бір уақыт бірлігінде өндірілген өнім мөлшері. Еңбек өнімділігінің артуы – еліміздің ұлттық табысы көбеюінің негізгі жолы.

ғаламдық проблемалар.....
еңбек ресурстары.....
құрылыс материалдары .....
атмосфералық қысым.....
ұлттық табыс.....
қажетті қор.....

**261-тапсырма.** Мәтінді оқып, тірек сөздерді табыңыздар**.**

## Құрылыс материалдары

Құрылыс материалдары – үйлерді, ғимараттарды салу мен жөндеуде пайдаланылатын табиғи және жасанды материалдар мен бұйымдар. Негізгі құрылыс материалдарының түрлері: табиғи тау жыныстарынан жасалған құрылыс материалдары (дара тастар, қиыршық тастар т.б); органикалық (битум, қарамай, синтетикалық шайыр, т.б.) және бейорганикалық

(цемент, әктас, гипс, және т.б.) байланыстырғыш материалдар; жасанды құрылыс материалдары және құрастырмалы құралымдар мен бұйымдар (құрылыстық керамика, бетон, темір-бетон, асбест-цемент, темір, шыны және силикаттан жасалған бұйымдар); ағаш материалдары және олардан жасалған бұйымдар (есік және терезе блоктары, ағаш талшықты және ағаш үгінділерінен жасалған тақталар, т.б.); металдан жасалған бұйымдар (көтергіш және қоршау құрылымдары, құбырлар, рельстер, т.б.); синтетикалық шайырлар мен пластмассалар (линолеум, пенопласт, т.б.); әр түрлі табиғи тау жыныстарынан іргетастар, қабырғалық әшекейлік, т.б. құрылыс материалдары жасалынады.

Органикалық байланыстырғыш заттардан жол құрылысына қажетті жабын, ылғал өткізбейтін заттар да дайындалады. Ағаш жаңқасынан жұқа әшекейлік тақталар жасау үшін байланыстырғыш заттар ретінде синтетикалық шайырлар пайдаланылады.

Бейорганикалық заттардың ішіндегі ең негізгісі цемент. Одан бетон, темір-бетон, асбест-цемент, құрылыс қоспалары сияқты құрылыс материалдары жасалады. Әктастан бу қысымымен алынатын силикаттық бетон, кірпіш, әрі одан құрылыстық қоспалар дайындалады. Жасанды құрылыс материалдары жасалу технологиясына қарай байланыстырғыш заттар көмегімен жасалатын бетон, темір-бетон, асбест-бетон, асбест-цемент, силикаттық бетондар мен кірпіш, құрылыс қоспалары; саз топырақтан күйдіру арқылы алынатын керамика. Құрылыс материалдары құмды түрлі қоспалар қосып балқыту арқылы алынатын кеуек материалдар, ситалдар, минералдық мақталар болып бөлінеді. Жасанды құрылыс материалдарының негізгі бір түрі – металдар. Олар құрылыста әр түрлі құралымдар (көпірлер, өндірістік құрылыстар, жер сілкінісіне шыдамды құрылыстық қаңқалар және темір-бетон арматуралар, т.б.) жасауға пайдаланылады.

Ағаш материалдары және олардан жасалған бұйымдарға ағашты механикалық өңдеу барысында алынатын материалдар (бөренелер, кесілмелі материалдар, паркет, фанер, т.б.) кіреді.

Металдардан, негізінен, болат илемі құрылыста кеңінен қолданылады. Олардан темір-бетондарға қажетті арматуралар, ғимараттың каркастары, көпірдің құрылыстық өткіндері, жылжыту жүйелері, жабын материалдары, т.б. жасалады. Құрылыс материалдары пайдалану мақсаттарына қарай іргелік материалдар (шойтас және бетон), қабырғалық (керамик кірпіш және силикат кірпіш, кеуек керамика, жеңіл бетон, силикат бетон, кеуек бетондар, туф, ағаш), төбелік материалдар, жұқа қабырғалық материалдар (гипс тақта, кеуек гипс, тақта, кеуек керамика), едендік материалдар (тақтай, паркет, ксилолит, керамика тақталар, асфальт-бетон, линолеум, құйма қоспалар), жабындық материалдар (қыш жабын, жабындық тақтатас, асбест-цементтік тақта, тақтай, темір, пергамин, рубероид, толь), қаптағыш материалдар (табиғи тау жыныстарынан жасалатын гранит, әктас, мәрмәр, т.б., керамикалық тақталар, майолика, әр түрлі құрылыс қоспалары, түсті шынылар, гипстен жасалған әр түрлі архитектуралық бөлшектер), әшекейлік материалдар (сыр, бояу, линолеум, суретті шынылар, түсті сылақтар, көркемделген тақталар) болып бөлінеді.

Құрылыс материалдары өндірісі үшін республиканың шикізат ресурстары (сазды, кремнеземді, карбонатты жынысорындары), сондай-ақ, кен өнеркәсібі, металлургия, химия өндірісі, жылу энергетикасының минералдық қалдықтары зерттелді.

Әлемдік практикада ең алғаш Қазақстанда жасалып, өндіріске енгізілген жаңа керамика «золокерам» материалдарының қор үнемдегіш технологиясын ойлап тапқан ғалымдарға (А. Құлыбаев, М. Құлбек, Қ. Нұрбатыров, С. Сайболатов) ҚР-ның Мемлекетік сыйлығы берілді (2003). Республикадағы құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуы, оның ғылыми-технологиялық тұрғыдан қалыптасуы Ө. Аяпов, А.А. Балакиров, С.М. Зубаков, Қ. Қуатбаев, Б. Пәрімберов, С. Сүлейменов, т.б. көрнекті ғалымдарымыздың зерттеу жұмыстарымен тығыз байланысты. Кейінгі жылдары бұл мәселелер жоғарыда аталған мамандармен қатар Т. Әбдуәлиев, А. Ақшабаев, С. Байболов, Қ. Бисенов, Р. Ергешов, З. Естемесов,

В.И. Соловьев, Т. Ысқақов, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде өз жалғасын табуда.

**262-тапсырма.** Мәтіннен өздеріңізге қандай жаңа ақпарат алдыңыздар.

**263-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап жазыңыздар.

Құрылыс материалдары не үшін қажет?

Құрылыс материалдарының түрлерін атаңыздар.

Бейорганикалық заттардың негізгісін атаңыздар.

Металдар құрылыс материалдарына жатады ма?

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің дамуына үлес қосқан ғалымдарды айтыңыздар.

**264-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

**Пластмасса**

Орманда қарағай діңінен мөлдіреп шығып тұрған шайыр тамшыларын көргендерің бар шығар. Оның икемге келгіштігін жұрт баяғыдан білуші еді. Бірақ оны іске жарату мүмкін емес-ті, өйткені шайыр суықта қатып, морт сынғыш күйге түсіп, ал жылыда балбырап еріп кететін. Химиктер шайырдың осы қасиетін ескере отырып, оның көптеген жасанды түрлері – «ағайындарын» жасап шығарды. Оның бойында өңдеуге қолайлы қасиеттер мол еді. Қыздырған кезде тез жұмсаратын және қажетті пішінге келуі оңай болатын. Міне, осындай жасанды материалдардың бәрі – пластикалық массалар – пластмасса деп аталады. Пластмасса – *синтетикалық материалдардың* бір түрі. Ол өзінің негізі болып табылатын полимердің арқасында қалыпқа түскен пішінін жақсы сақтайды.

Ғалымдар пластмассалардың небір түрлерін жасап шығаруда. Кейбір пластмассалар ең сапалы деген болаттан да берік, енді біреулері – резинадан да жұмсақ, ал үшінші біреулері – хрустальдай мөлдір әрі оңайлықпен сынбайтын мықты болып келеді. Жоғары температураға төзімді, сондай-ақ кәдімгі тоз тығыннан 100 есе жеңіл пластмасса да бар.

Кейбір пластмассаларды қажетті температураға дейін қыздырады да, иненің жасуындай ғана тесіктерден қысыммен сығып шығарады. Одан шыққан жіңішке талшықтар суына келе жіпке айналады. Капрон және нейлон жіптері міне, осылайша алынады.

Пластмассалардың бәрі дерлік ылғалға және күйдіргіш қышқылдарға төзімді, тот баспайды және шірімейді де. Олардың енді бір тиімді жері – анағұрлым арзан шикізаттардан алынады. Пластмассалар ағаш, металл, шыны орнына жүре береді. Өзінің осы бағалы қасиеттерінің арқасында, олар өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және медицинада кеңінен қолданылады.

**265-тапсырма.** Құрылыс материалдарының түрлерін кестеге сызып толықтырыңыздар.

Үлгі:

| | |
|---|---|
| Табиғи тау жыныстары | дара тастар, қиыршық тастар |

**266-тапсырма.** Берілген мәтіннен цемент пен металдың өзіндік қасиеттерін теріп жазыңыздар.

**267-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту бағдарламасы аясында цемент зауыттарын қайта құрылымдау жобалары қарастырылған. Осы бағыттағы жұмыстардың инвесторларының бірі – «Хайдельберг цемент» компаниясы. Қазіргі уақытта концерн жылдық қуаты 1,2 млн тоннаны құрайтын Бұқтырма цемент зауытына, сондай-ақ Өскемен, Астана, Алматы, Ақтау қалаларындағы 4 терминалға иелік ететін «Шығыс цемент» компаниясы акцияларының 75,1 пайызын бақылайды. «Каспий цемент», «Каспий неруд» компаниялары акцияларының 75 пайызын сатып алу туралы шарт жасап отыр.

**268-тапсырма.** Қазіргі таңда құрылыс материалдарының қажеттілігі және одан алынатын пайдалы өнімдер туралы ой бөлісіңіздер.

**269-тапсырма.** Қарамен жазылған сөздерді мәндес сөздермен алмастырыңыздар.

Отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу **дағдыға** айналу керек.
Әрбір халықтың өз **дәстүрі** бар.
Біреуге жақсылық істесең, **алғысын** аласың.
Өтірік біреуді қаралама, **күнә** болады.
Әке-шешеңнің тапқанын **босқа шашпа.**
Оқыған азамат **сыпайылық** көрсетуі керек.

**270-тапсырма.** Синоним сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырыңыздар.

байланыс –қатынас; дүние жүзі – бүкіл әлем;
кіру – мүшесі болу; тұтынушы – қолданушы.

**271-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.

құрылыс машиналарының жинағын таңдау – выбор комплекта строительных машин
жер жұмыстарын өңдеу әдісін таңдау – выбор способа производства земляных работ
гипсті тұтқырғыш заттар – гипсовые вяжущие вещества
саз балшық – глина
балшық-топырақты цемент – глиноземистый цемент
қиыршық тас – гравий
топырақ – грунт
сазды топырақ – грунт глинистый
қатып қалған топырақ – грунт мерзлый
шөкпе топырақ – грунт просадочный

**272-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, бірнеше мағыналық бөлімдерге бөліп, тақырыпша қойыңыздар.

## Мәдени-тарихи құрылыстар

Кеңестік жүйенің күйреуі мен нарықтық қатынастарға өту еліміздің рухани-мәдени өміріне зор ықпал етті. Қалыптасқан жаңа жағдайда нарықтық қатынастарға икемделе алған ұйымдар ғана өз жұмыстарын жалғастырды.

Қазақстан ғылымы дамуының жаңа кезеңі ғылым мен жаңа технологиялар министрлігі құрылған 1992 жылдан басталады. 1993 жылы бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-техникалық бағдарламалар жаппай сынақтан өткізілді. Мұндай тәсіл ғылымның болашағы зор салаларын анықтауға, маңызды ғылыми орталықтарға нақты көмек беруге мүмкіндік жасады.

Университеттерде қазіргі заман талаптарын қанағаттандыра алатын жаңа мамандықтар ашылды.

Осы жылдары Түркістанның 1500 жылдық мерейтойында «Қазақстан мен түркі әлемінің рухани тарихындағы Түркістан және Қожа Ахмет Йасауи» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Оған Қазақстан мен жақын алыс шетелдерден 200-ден аса ғалым мен мамандар қатысты.

Ғаламдық өзгеріс рухани салада да орын алды: діни сенім мен қасиетті орындарға зиярат етуге еркіндік берілді. Алматы, Павлодар, Тараз, Көкшетау, Шымкентте сәулеттік әсемдігімен ерекшеленетін мұсылман мешіттері жөнделді және жаңадан салынды. 2005 жылы сәуірде астана тұрғындары араб елдері көмегімен салынған Астанадағы Орталық мешіттің ашылуының куәсі болды.



Бүгінгі күні Қазақстанның елордасы – Астана қаласының мәдени инфрақұрылымы кеңейтілуде. Қаладағы құрылыс жұмыстары кең масштабпен құлаш жайып, Астана халықтың көз алдында жайнап сала берді.

Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры мен М. Горький атындағы орыс драма театры, К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры жұмыс істейді. Президенттік мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салынып іске қосылды. Мемлекеттік цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы қолданысқа берілді. Бұл құрылыс нысанасын салу идеясы 2003 жылы қыркүйек айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің бірінші съезінде көтеріліп, пирамида пішіндес сәнді ғимарат салуды жиналғандар бірауыздан қолдаған болатын. Жобаның авторы британ сәулетшісі Норман Фостер. Биіктігі 77 метр, аумағы 25,5 мың шаршы метр ғимарат 2006 жылы пайдалануға берілді.

**273-тапсырма.** Ұсынылған тақырыптардың біреуіне әңгіме құрастырыңыздар.

1. Серпінді елдің сәулетті Астанасы. Қазақстан мұражайлары.
2. Алматы қаласы – Қазақстанның мәдени орталығы.
3. Йасауи мұражайы – Қазақстандағы зиярат орталығы.
4. Бас қаланың бойтұмары.

**274-тапсырма.** Құрылыс экономикасына қатысты термин сөздерді жазып, берілген кестені толтырыңыздар.

| Терминдер (қазақша) | Терминдер (орысша) | Сөйлем |
|---|---|---|
| Қаржылындыру жүйесі | Система финансирование | Құрылыс экономикасының дамуында қаржыландыру жүйесінің маңызы зор |

**275-тапсырма**. «Тәуелсіздік жылдарындағы мәдени құрылыс» мәтіні бойынша төмендегі тіркестерді пайдаланып сөйлем құрастырыңыздар.

1. «Астана –Бәйтерек»
2. Бірінші бөлігі
3. Орта бөлігінде

4. Алтын шар
5. «Аялы Алақан»
6. Халықаралық сәулет өнерінің жүлдегері
7. Халықаралық байқауда

**276-тапсырма**. Мәтінді оқып, мазмұндап беріңіздер.

**Тәуелсіздік монументі**

Тәуелсіздік монументі 1996 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласында орнатылды. Монументтің авторлары: Шота-Аман Ыдырысұлы Уәлихан – шығармашылық тобының жетекшісі, Әділет Жұмабай, Нұрлан Далбай, Қайрат Сұраншы – мүсіншілер, Қазыбек Жарылған – сәулетші, авторластары: Мұрат Мансұр, Азат Баярлы, Қазыбек Сатыбалды – мүсіншілер, Қалдыбай Монтахов – сәулетші, инженері – С.Қаламқаров.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ ұмыры хақында ғасырлар тереңінен сыр шертетін осынау монумент туралы белгілі жазушы Герольд Бельгер былай деп ой түйген еді: «Бұл сүйір дулығалы сымбатты алтын батыр, бағынып, керілген қанатты барыс үстіндегі тік бойлы жас жауынгер-аңшы еліміздің бас алаңында таяуда пайда болды, десе де оның өршіл де өжет, бейбіт те ержүрек рухы Ұлы Дала үстінде қашанда оның әр түрлі халықтарының және әр түрлі тайпаларының жүрегін тербетіп, жан дүниесін сілкінтіп, шарқ ұшып қалықтап келе жатқандай».

Батыс пен Шығыстың монументтерді тұрғызу тәжірибесіне сүйенген, халық өнеріне және тума дәстүрлерге жақын төл, өзіндік қайталанбас шешімді табанды ізденістер болды. Монументтің алты нұсқасы жасалды. 1995 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алматыда Тәуелсіздік монументін орнату туралы қаулысы жарияланды, жасалынған жобалық монументтердің ең соңғы үздік нұсқасы қабылданды.

Монументтік кешен Республика алаңына орнатылады. Сәулет, мүсін, ұлы тұлғалардың даналық сөздерінің мәтіндері үйлесіп, бірегей көркем шығарма болып шыққан.

**277-тапсырма**. Ойыңызды айтыңыз.

Қалай ойлайсыз, Тәуелсіздік монументі сәулеттік өнерде өзіндік өшпес із қалдырады деп ойлайсыз ба?

**278-тапсырма.** Мәтінде қай ақынның өлең жолдары қолданылғанын айтыңыз. Өлеңді жалғастырып, 3 шумағын жазыңыз.

**279- тапсырма**. Қазақ тіліне аударыңыздар.

Силуэт орла возник и от идеи стремления молодого суверенного Казахстана в высоты мировой цивилизации.


“В конкурсе, посвященном разработке государственного флага, принимали участие более 600 проектов”;

” Любовь к Родине начинается с семьи”.

**280-тапсырма**. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Қазақ халқының ұлы, екі жүз жылдық мерейтой, ескерткіш тұрғызу, конкурсқа түскен барлық жобалар, тәжірибелі шебер, бедерлі көпфигуралы композиция.

**281-тапсырма**. “Монумент” сөзімен сөз тіркесін құрастырыңыздар.



**282-тапсырма.** Берілген сөздерге анықтама беріңіздер.
Тәуелсіздік
Монумент
Сәулетші
Дәстүр
Нұсқа
Қаулы
Мүсін

**283-тапсырма.** Мәтінді мағынасына қарай бөлімдерге бөліп, тақырыпша қойып, сұрақ дайындаңыздар

**284-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, шағын мәтін құрыңыздар.

1.Тәуелсіздік. 2. Мемлекет. 3. Монумент. 4. Қала. 5. Орнату. 6. Сәулетші. 7. Мүсінші. 8. Нұсқа. 9. Алаң. 10. Ізденіс. 11. Қаулы. 12. Қабылдау.

**285-тапсырма**. Берілген мәтінді аударыңыздар.

**Как создавался монумент**

К празднованию 200-летнего юбилея легендарному сыну казахского народа Махамбету и его сподвижнику Исатаю было решено создать памятник в г.Атырау. Установление такого крупного памятника происходило в республике впервые за последние годы и приобрело серьезное значение. Принцип соревновательности с целью создания значительного монументального произведения имел большое значение. Поэтому был объявлен Республиканский конкурс, и все проекты, поступившие на конкурс, рассматривались на самом высоком уровне. И вот среди восьми представленных на конкурс вариантов, предпочтение было отдано проекту опытного мастера Бахыта Абишева в соавторстве с Е.Сергебаевым предоставил двухфигурную конную скульптуру на фоне сферического среза, напоминающего восходящее

солнце, на плоскости которого выполнена рельефная многофигурная композиция Е.Сергебаева.

**286-тапсырма.** Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар. Мазмұнын айтып беріңіздер.

**Пирамида**

Осыдан бес мың жылдай бұрын б.д.д. 2700 жылдарда перғауын Хеопс бұйрығымен алғашқы пирамида құрылысы басталып және кейінірек салынған бірнеше үлкенді-кішілі пирамидалардан соң, мыңжылдықтар бойына үзіліп қалған осынау ғажайып құрылыс XXI ғасырда өзгеше қырмен самғап, Сарыарқаның жүрегіндегі сәулетші қауымның небір арман-қиялдарының жүзеге асатын қаласы – Астана төрінде жарқ етті.

Пирамида авторы – сәулетші лорд Норман Фостер Британ музейі, Берлин Рейхстагіндегі жаңа парламент, Гонконгтың «Чек Лап Кок» аэропорты, Франкфурттегі банк ғимараттары, Малайзиядағы университет қалашығы және т.б. құрылыстарды жобалап, 400 арнайы жүлделер мен алғыстар алып, 65 халықаралық және ұлттық байқаулардың жеңімпазы атанған. Сәулетші аталған жобаны жасауда «Табаноглы Мимарлық» атты архитектуралық компаниясымен тізе қоса еңбек етіпті. Ол дүниежүзілік аренада танылып көптеген халықаралық және ұлттық конкурстардың жүлделерін қанжығасына байлаған көрнекті компания екен.

Пирамида құрылысына дүние жүзіндегі ең жақсы, ең сапалы, мықты әрі әсем деген құрылыс материалдары жұмсалды. Қабырғасы, әйнектері, лифтілері, колонналары да иіліп, қиғаштай орналасқан мұндай ірі нысанды салу машығының бүгінгі заманғы құрылысшылардың ешқайсысында жоқ екендігі белгілі.

Көлбеу бойымен пирамида биігіне шығарар лифтімен жоғарыға көтерілгеніңізде, алдыңыздан пейіш бағындай жасыл желекке жолығады екенсіз. Мұндағы нәзік гүлдер мен пальма тектес, табақтай жапырақтары бар биік гүлдер мен алуан түрлі өсімдіктері «Иранбақ» ертегісін көргендей әсер қалдырады. Осы

әсемдік арасымен тіке көтерілсе, Пирамиданың ұшар басында 230 тонна болаттан жасалған үлкен зал орналасқан. Ал 14 метрлік жасыл бақ ішін жарып өтіп, төменге баспалдақпен түсер болсаңыз, Елбасының қонақтармен әңгімелесетін бөлмелері мен мейрамхана, одан төменгі қабатта дін өкілдерінің әрқайсысы өз құдайларына құлшылық ететін 32 бөлме орын тепкен. Жалпы пирамиданың жер астындағы көрінбейтін қабатының биіктігі 13 метр болса, жер бетінен үшкіл биігіне дейінгі аралық 62 метр, сонда барлығы 75 метрді құрайды. Пирамидаға кіргендегі холл мен опера залы алдыңғы 13 метрде орналасқан. 8 қабат сарайдағы барлық бөлмелердің жалпы көлемі 29 мың шаршы метр. Құрылысқа 5500 тонна болат қолданылған және осының бәрі өртке қарсы сырланыпты.

Адамзаттық ізгі мұраттарды өрістете түс, Пирамида!

**287-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Пирамида Қазақстанның қай қаласында салынды?
2. Пирамиданың авторы кім?
3. Автор қандай компаниямен бірлесіп жұмыс істеді?
4. Норман Фостер кім?
5. Пирамиданың ең жоғарғы қабатында не орналасқан?
6. Құрылысқа көбіне нені пайдаланды?
7. Неге қарсы сырланды?
8. Пирамиданың әдемі көрінісінің бірі не?

**288-тапсырма.** Мәтіннен сын есімнің шырайларын тауып, түрлеріне қарай ажыратыңыз.

**289-тапсырма.** Мәтін бойынша сұхбат әзірлеңіздер.

**290-тапсырма.** а) Қазақстанның сәулетшілерінен кімдерді білесіңдер?

ә) Сәулет өнері жайлы не айта аласыз?

б) Қазақстанның сәулет-құрылысының саласы қалай дамыған?

**291-тапсырма.** Кестені толтырыңыз.

| Жай шырай | Салыстырмалы | Күшейтпелі шырай | Асырмалы шырай |
|---|---|---|---|
| қызыл | қызылырақ, қызылдау | қып-қызыл | өте қызыл, тым қызыл |
| жасыл | | | |
| тәтті | | | |
| ауыр | | | |
| қысқа | | | |
| үлкен | | | |

**292-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұндаңыздар

**«Қазақстан» қонақ үйі**

25 қабатты қонақ үй Достық даңғылының кешенді қайта салу жобасы бойынша тұрғызылып, Абай алаңының солтүстік іргесінен орын тепкен.

Қонақ үйдің көлемдік-жоспарлық шешімінде ғимараттың қызмет ету мақсатына қарай зәулім тұрғын жай корпусы және әр түрлі қызмет көрсету бөлмелері, кіреберіс алаңқайы, мейрамхана, банкет залы, кафе, бар, пресса орталығы, конференция залына төменгі қабат көлемі алынған. Ең жоғарғы қабатта «Космос» кафесі орналасқан. Қонақ үй кешенінде жеңіл көлік пен автобустарға арналған жабық көлік тұрағы бар.

Қонақ үйде негізінде 2 орынды бөлмелер басым. Сонымен қатар, орта разрядты люкс және жартылай люкс бөлмелер де қарастырылған.

Ғимараттың көп қабатты бөлігінің жалпы жобасы доғалдана жасалған. Оның салмақ түсетін басты керегесі тұтас темір-бетоннан қобдиша іспетті жасалған сом тақтайлардан тұрғызылған.

Құрылыс барысында ғимараттың салмақ түсіп тұрған бөліктеріне сынақ жұмысы жүргізілді. Сынақ кезінде оның жер сілкінісіне төзімділігі тексерілді.

Ғимараттың қасбеті Маңғыстаудың ұлутасымен қапталған.

Оның ішкі әрлеу жұмысына гранит, мәрмәр сияқты тастар қолданылған.

Ғимарат авторларына Қазақ Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Құрылыс мерзімі 1975-1977 жылдар. Авторлар ұжымы: сәулетшілер – Ю. Гратушный, Л. Ухоботов, А.Е. Анчугов, Б.Б. Каштанов, конструктор А.К. Деев, Н.Л. Матвиец, А.Ш. Тәттіғұлов.

**293-тапсырма.** Сөйлемдерді аударыңыздар.

Высотная 25-этажная гостиница «Казакстан» стала символом Алматы, её визитной карточкой. Это уникальнейшее по архитектуре и конструкциям сооружение построено в сложнейших сейсмических условиях.

**294-тапсырма**. «Ұлттық» сөзімен тіркес жасай отырып, сөйлем құраңыз**.**

*Үлгі*: ұлттық ою-өрнек – Ішкі қабырға ұлттық ою-өрнекпен безендірілген.

**295-тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құрып, сұрақтар әзірлеңіздер.

**296-тапсырма.** Мәтінде берілген сөздердің синонимдерін табыңыздар.

1. Зәулім
2. Мерзім
3. Шешім
4. Төменгі
5. Жүргізу
6. Төзімділік
7. Алғашқы
8. Тексеру
9. Орнату
10. Керегесі

**297-тапсырма.** Берілген сөздердің антонимдік сыңарларын табыңыздар.

1. Жай. 2. Төмен. 3. Жабық 4. Орта. 5. Доғал. 6. Көп. 7. Көлденең. 8. Сом. 9. Төзімділік. 10. Қасбеті.

**298-тапсырма.** Соңғы кезде қаламызда қонақ үйлер саны көп. «Қонақ үйдің алар орны» жайында не айтасыздар? Пікірлеріңізді білдіріңіздер.

**299-тапсырма**. Мәтінді оқып, ойларыңызды қосыңыздар.

**Опера және балет театры**

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік Академиялық опера және балет театры қаланың орталық бөлігінде Фурманов және Байсейітова көшелерінің аралығында орналасқан.

Театрдың екі жағында фонтандары бар, екі гүл бақтары отырғызылған. Театр ғимаратын жобалау және салуда Қазақстанда тұңғыш рет сәулет өнеріне ден қою байқалады. Ғимарат сәулетінің композициясы Қазақстанның ұлттық сәулет және ою-өрнек мұраларын қолдану арқылы шешімін тапқан.

Театр ғимаратының келелі тікбұрышты, басты қасбетіне шығыңқы портик жасалған. Ғимарат сәл көтеріңкі стиболатта орналасқан. Бірінші қабаты ірі көлденең рустпен өңделген. Екінші және үшінші қабаттар ұсақ русттармен әрленген. Басты қасбетте архитектуралық пішімнің пилондары 4 колонналы кеңістікті лоджия болып табылады. Ғимараттың архитравы және ернеуі де ұлттық оюлармен өрнектелген. Фризі бедерлі бейнелермен әсемделген. Бүйір жақ беттері пилястр қатары ретінде жасалған. Касса залы арқылы келушілер кіреберіске шығады. Көрермендер залының партер бөлігіне бүйір бетіндегі кіреберістен кіруге болады. Ұлттық өрнекті шойын торлардан жасалған сүйеніші бар салтанатты үш тармақты баспалдақтар театрдың екінші қабатындағы басты дәлізіне апарады. Театрдың композициялық өзегі 1200 адамға арналған көрермендер залы болып табылады. Лоджия және балкон қоршауларына ұлттық өрнектер қолданылған. Ғимараттың сырты сыланған және боялған. Стилобаты сұр гранитпен қапталған. Сыртқы баспалдақтардың текпішектері де граниттен жасалған.


Құрылыс мерзімі – 1939 – 1941 жылдар. Ғимараттың құрылысы 1941 жылы қараша айында бітті. Авторлар:

сәулетшілер – Н.А. Простаков, Т.К. Бәсенов.

**300-тапсырма.** Берілген мәтіннің идеясы туралы айтыңыздар. Ол қандай сөздермен беріліп тұр. Ой желісін сақтап әңгімелеңіздер.

**301-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен сәулет-құрылыс саласына қатысты терминдерді теріп жазып, әр терминмен сәйлем құрастырыңыздар.

**302-тапсырма**.«Опера және балет театры» сөзімен сөз тіркесін құрастырыңыздар.




**303-тапсырма.** «Сізге театрға бару ұнай ма?» деген тақырыпқа дөңгелек үстел ұйымдастырыңыздар.

**304-тапсырма.** Мына сөздердің сыңарын табыңыздар.

| | |
|---|---|
| Театр | өнерін |
| Сәулет | шешім |
| Ою-өрнек | залының |
| Архитектуралық | ғимаратын |
| Көрермендер | мұраларын |

**305-тапсырма.** Сөздердің орыс тіліндегі баламасын жазыңыздар.

| | |
|---|---|
| аралығында | кіреберіс |
| жобалау | қоршалау |

| | |
|---|---|
| сәулет өнері | қапталған |
| ою-өрнек мұралары | текпішек |
| тікбұрышты | шешім |
| қасбетінде | бүйір беті |
| әрленген | |
| кеңістік | |
| өрнектелген | |

**306-тапсырма.** Берілген термин сөздерді жаттаңыздар.
алыптас ескерткіштер сәулеті – мегалическая архитектура
арматура шыбығы – арматурная стержень
артық су құбыры – переливной трубопровод
әмбебап желім – универсальный клей
әрленген таңба – шлифованная плита
әрлеу – отделка
барқыт тұсқағаздар – бархатные обои
берік жік – прочный шов
бұрыштамалы жік – угловой шов
болат құбыр – стальная труба
болат – сталь
блокты іргетас – блоковый фундамент
бүктеу тістеуігі, қысқышы – фальцовочные
ескерткіш ғимараттар – мемориальное сооружение
ескерткіш саяжайлар – мемориальные парки
жарылғыш тас – хрупкий камень

**307-тапсырма.** Мәтінді оқып, негізгі бөлектерге бөліңіздер.

**Бас қаланың бойтұмары**

Астанадағы ірі архитектуралық-көркем композициялардың бірі «Астана-Бәйтерек» монумент ескерткіші. Ол ашылып келе жатқан қызғалдақ сияқты. Ол қаланың нышаналы символы. Оның биіктігі 97 метр. Монумент астананың барлық көрінісіне шолу жасауға болатын көру алаңшасы бар өзгеше ғимарат.

Бәйтерек үш бөліктен тұрады. Жерасты бөлігі ұлттың тамыр жаю, өркендеу кезеңдерінің нышанын айғақтайтындай. Яғни, бұл – кафеде орналасқан орасан зор аквариумде көрініс тапқан мұхит әлемі дерлік. Дәл осында шолу жедел сатылармен қоса тереңдігі төрт жарым метр болатын дөңгелек холл бар. Мұнараға кіре берістегі холда белгілі суретші Ерболат Төлепбайдың өнер туындыларының көрмесі көрермендерді толғанысқа бөлеп, шаттыққа кенелтеді.




Ал, «Даму» кешенінің орта бөлігі ағаш діңгегі тәріздес. Онда аспанға асқақтауды бейнелейтін «Mitsudishi» фирмасының екі жеделсатысы қондырылған. Бұл жеделсатылар келушілерді «жаңғыру ағашының» диаметрі 22 метрлік діңгегіне – Алтын шарға әп сәтте шығара салады. Бұл шар металл құрылымдармен бедерленіп жасалынған, енді ғана бүршік жарып келе жатқандай көрінетін гүл қауызына шебер сыйдырылған. Ол көлденеңінен үш қабаты, алтындай жарқыраған жапырақтармен шыныланған. Оның мәнісі мынада: ол мұнараны сыртқы атмосфералық әсерлерден қорғайды. Шардың ішінде жедел сатылық холл, дәмхана, Астананың жаңа бейнесін көз алдыңа тосатын панорамалық зал орналасқан.

Ең жоғарғы жағында – «Аялы Алақан» композициясын тамашалауға болады. Былайша айтқанда, Бәйтерек идеясының апогейі Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының таңбасы бар күміс тұмар кім-кімді де зор әсерге бөлері хақ. Оған қол тигізгенде спираль түрінде жарық ағып түсіп, сәуле алақанға құйылса, Қазақстанның Әнұраны ойнай жөнеледі. Одан әрі қосымша

жарық есебінде композиция өз негізінен бөлініп, жер бетінде қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді.




«Астана-Бәйтерек» сәулет-құрылыс кешені халықаралық сәулет триенналының күміс медаліне ие болды. Бұдан басқа ТМД Сәулетшілер одағы халықаралық ассоциациясының қатысушы елдерінен шыққан сәулетшілердің 2002 жылғы үздік шығармаларының халықаралық байқауында Гранпри мен алтын медальді жеңіп алды.

Елімізде отандық авторларды көркемдігі жоғары туындылар жасауға тарту, сондай-ақ өнерді дамыту мақсатында жыл сайын «Астана-Бәйтерек» ұлттық байқауы өткізіледі. Астананың көрнекі «Атамекен» этномемориалдық паркінде Қазақстанның барлық облыстары макеттік түрде көрініс тапқан.

**308-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, аударыңыздар.

**Медеу мұз айдыны**

«Медеу» мұз айдыны кешені Іле Алатауының теңіз деңгейінен 1700 метр биіктіктегі 13 шақырым жерде орналасқан. Бұл жердің тамаша жұмсақ ауа райы мен күн көзінің шуағы әркімді қызықтырады. Ауа қысымы да төмен. Тау суынан қатқан мұздың жоғары сапалығы «Медеу» мұз айдынының «рекордтар фабрикасы» атанып, бүкіл әлемге әйгілі бірден-бір септігін тигізді.

Көремендер трибунасы мұз айдынын шығыс, оңтүстік, батыс жақтан қоршай орналасқан. Әкімшілік корпусы солтүстік жақтағы қуысқа жайғасқан. Шығыс жақтағы трибунаның астында спортшылар шешінетін бөлмелер, төрешілер бөлмесі,

медицина орталығы, массаж бөлмесі, спортшылар буфеті, пресса орталығы, коментаторлар бөлмесі бар. Батыс трибунаның астында көремендер киім ілгіші, буфеттер, сыйлы қонақтарға арналған бөлмелер және 80 орындық мейманхана орналасқан. Оңтүстік трибунаның асты мұз айдынын қадағалап тұруға арналған тетіктерді сақтайтын қойма қызметін атқарады.

Тұтас құйылған темір-бетон қаңқа, оның қабаттарының төбесі жиналмалы қуыс бедерлі панельмен жабылған. Мұз айдыны алаңының құрылысында 20-дан астам материал түрі пайдаланған. Суық айдайтын машина залы төменгі тепкішекте орналасқан. Қуаты сағатына 5 млн ккал болатын суық айдау агрегаты алып мұз айдынын жылдың 8 айы бойы мұздатып тұрады.

Мұз айдыны алаңының конструкциясын жасаған жоба авторлары мен құрылысшылар КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған.

Құрылыс мерзімі 1970–1972 жылдар. Авторлар ұжымы: бас сәулетші В.З. Кацев; бас конструктор С.Б. Матвеев; сәулетшілер А.С. Қайнарбаев, И.Г. Косогова; суықпен жабдықтау құрылымының инженерлері – Э.Л. Лихенштейн, В.В. Вдовченко.

**309-тапсырма**. Сөздер мен сөз тіркестерін жаттаңыздар.

дүниежүзілік – мировой
мұз – лед
мұз айдыны – каток
жоғары сапалылық – высококачественность
мұздатқыш қондырғылар – холодильные установки
суық айдау агрегаты – холодильные агрегаты
тепкішек – терраса
қуат – мощность
тұтас құйылған темір бетон қанқа – монолитный железобетонный каркас
жиналмалы қуыс бедерлі панель – сборная многопустотная ребристая панель


**310-тапсырма.** Мына сөз тіркестерін қатыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Медеу мұз айдыны, Іле Алатауы, тау ортасында жатқан үлкен кесе сияқты, дүниежүзілік рекордтар туды, 1972 жылы салынды, 12,5 мың көрермен сыяды.

**311-тапсырма.** Мына сұрақтарға ауызша жауап беріңіздер.

1) Медеу мұз айдыны қайда орналасқан?
2) Медеу мұз айдынында нелер бар?
3) Қандай ағаштар өседі?
4) Мұз айдыны қалай қатырылады?
5) Стадионға қанша көрермен сыяды?
6) Өздеріңіз мұз айдынына соңғы рет қашан бардыңыз?

**312-тапсырма.** ”Мұз” сөзіне түбірлес сөздер жасап, сөйлем құраңыздар.




**313-тапсырма**. “Медеу мұз айдынында” деген тақырыпта эссе жазыңыздар.

**314-тапсырма.** Сәулет-құрылыс мамандығына қатысты термин сөздерді жазып, берілген кестені толтырыңыздар.

| Терминдер (қазақша) | Терминдер (орысша) | Сөйлем құрау |
|---|---|---|
| мұнара | башня | Александрия мәңгі үш қабатты мұнара сияқты салынған |

**315-тапсырма**. Табиғат, табиғатты қорғау, таза ауа туралы мақал-мәтел, қанатты сөздерді жазып, мағынасын түсіндіріңіздер.

**316-тапсырма. “**Таза ауаның адам денсаулығына тигізер пайдасы” жайында не айтасыздар. Ойларыңызды жазбаша білдіріңіздер.

**317-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, аударыңыздар.

**Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1907-1985)**

Еліміздің аса көрнекті ғалымы және Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, ҚазКСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Әлкей Хақанұлы Марғұлан Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Ол Қазақстан ғылымының тарих, әдебиет, өнер, археология, этнография, география, архитектура сияқты алуан саласында қажырлықпен еңбек етіп, өзіндік із қалдырған ғалым.

Баянауылда балалық шағын өткізген Әлекең ауыл мектебінен тәлім алып, алғашқы еңбек жолын он алты жасында өз ауылында мұғалім болудан бастаған. Мұнан кейін Семейдің педагогикалық техникумын бітірген. 1925-1931 жж. Ленинградтың Шығыс институты мен Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде қатар оқиды. Бұларға қоса Өнер тарихы институтында дәріс тыңдайды. Ленинградта оқып жүрген кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстан мен Алтайдың өндіргіш күштерін, халқын зерттеуге арналған экспедициясына қатысады. Оның «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті, «Орталық Қазақстандағы Бегазы-Дәндібай мәдениеті», «Қазақстанның киіз үйі және оның жасауы», «Ежелгі мәдениет куәлары», «Шоқан және Манас» сияқты кітаптары туған өлкемізді мыңдаған жылдық тарихи-мәдени шежіресін зерделеген құнды еңбектер. Әлекең 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмысының, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалардың авторы. Ал Шоқан Уәлихановтың одақтағы түрлі

архивтерде шашырап жатқан мол мұрасын жинақтап, оның бес томдық шығармалар жинағына басшылық жасап, қыруар күш-жігер жұмсауы – Марғұланның Қазақстандағы тарих ғылымына қосқан зор үлесін танытады.

Ғалым ғылымның әр түрлі саласында ғұмыр бойы талмай ізденіп, ерен еңбекқорлықтың үлгісін, мақсатқа жету жолындағы тамаша табандылықтың үлгісін көрсетті.

**318-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Әлкей Марғұланды кім деп танимыз?
2) Ә.Марғұланның балалық шағы туралы не айта аласыздар?
3) Қызметі мен еңбектері жайлы не білесіздер?
4) Ә.Марғұлан Шоқан Уәлихановтың мұрасын жинақтаушы екендігі жайлы не айтасыздар?

**319-тапсырма.** Мәтінді тақырыпшаларға бөліп, жоспар құрып, мазмұндаңыздар

**320-тапсырма.** Берілген сөздердің синонимін табыңыздар.
Мұра. Ғалым. Ел. Мұғалім. Жинақтаушы. Өлке.

**321-тапсырма.** Төменде берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.
қажырлықпен еңбек ету
өзіндік із қалдыру
тәлім алу
еңбек жолы
зерделеген құнды еңбектер
шашырап жатқан
күш жұмсау
талмай іздену
ғұмыр бойы
мақсатқа жету

**322-тапсырма.** Мына ғибрат сөздерді мұқият оқып, мазмұнын түсінуге тырысыңыздар.

Дүние тану, білімге талпыну әрбір адамның есейген дәуірінен аңсап қараған түбегейлі ісінің бірі болып келеді. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үңіле қарамаса, тек ақша қарын тойдырып, ұйқымен уақыт өткізсе, ешбір ілгері басу – прогресс те болмас еді.

*Ә.Марғұлан*

Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымызды мәпелеп, бетке ұстары – ғылым адамдары.

*Евней Букетов*

Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек.

*Әл-Фараби*

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз...
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.

*Абай Құнанбаев*

**323-тапсырма.** Төменде берілген сөздерді біріктіре отырып, сөз тіркесін, сөйлем құрастырыңыздар.

| | |
|---|---|
| ғылым | ғалым |
| ғұлама | адам |
| қажырлы | еңбектер |
| тәлім | жинақтаушы |
| құнды | қайраткері |
| мұрасын | алу |

**324-тапсырма.** Білім, ғылым туралы қандай мақал-мәтел білесіздер? Білім, ғылым туралы өз толғаныстарыңыз, пікірлеріңіз қандай?

**325-тапсырма.** Ғалым сөзімен есімді тіркес жасаңыздар.

*Үлгі:* Ойшыл ғалым Ә.Марғұланның өмір жолына байланысты берілген кестені толтырыңыздар.

**326-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіз.

**Уәлиханов Шота Ыдырысұлы** 1932 жылдың 26 сәуірінде бұрынғы Көкшетау облысы, Айыртау (қазіргі Павлодар) ауданының Сырымбет ауылында дүниеге келген; қазақтың әйгілі сәулетшісі. 1978 ж. ҚазКСР-ның еңбек сіңірген сәулетшісі атағы берілген. 1956 ж. Мәскеудің сәулет өнері институтын бітірді. 1956-1965 жж. аралығында Қазақ қала құрылысын жобалау институты және КСРО құрылыс және сәулет өнері академиясының Қазақ филиалында сәулетші, кіші ғылыми қызметкер болды. Ал 1966-1967 жж. аралығында Алматы қаласы бас сәулетшісінің орынбасары; 1967-1970 жж. аралығында Қазақ өнеркәсіп құрылысын жобалау институтының («Казпромстройниипроект») аға ғылыми қызметкері; 1971-1978 жж. аралығында ҚазКСР мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы төрағасының бірінші орынбасары; 1973-1975 жж. аралығында Қазақстан Сәулетшілер одағы басқармасының төрағасы; 1975 жылдан бері КСРО Сәулетшілер одағы басқармасының хатшысы; 1982 жылдан бастап Қазақ азаматтық ауыл құрылысын жобалау институтында («Граждансельпроект») бас сәулетші. Уәлиханов Шота – бірнеше қоғамдық ірі ғимараттар, 20 монумент пен ескерткіштердің (басқалармен бірге) авторы. Солардың ішінде: Алматыдағы «Динамо» стадионы (1958), «Универсам» магазині (1979), «Казгипрозем» үйінің (1983) ғимараттары бар.

Сонымен қатар, Шоқан Уәлиханов ескерткішінің (1969) (ол үшін 1970 жылы ҚазКСР-ның Мемлекеттік сыйлығы берілді) және бұрынғы Семей облысының Қарауыл селосындағы Абай

ескерткіші, Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин, Ғани Мұратбаев, т.б. ескерткіштерінің авторы. Ол Қазақстан сәулет өнері мәселелеріне арналған көптеген еңбек жазды. Шота Уәлиханов – драматург. КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Оның «Шоқан», «Ағнұр», «Тағдыр» атты пьесалары республика театрларының сахналарында қойылды. Халықаралық сәулетшілер одағының дүниежүзілік 12-13 конгрестеріне қатысты.

**327-тапсырма**. Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

**328-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыз.

Біздің елтаңбамыз шеңбер ішінде. Шеңбер мағынасы – тіршілік, шексіз өмір дегенді білдіреді. Елтаңбадағы ең негізгі белгі – шаңырақ. Шаңырақ – үй, Отан деген ұғымды білдіреді, қазақ үшін киелі ұғым. Қазақ халқында «Отан от басынан басталады» деген мақал бар. Шаңырақ – сіздің үйіңіз. Қара шаңырақ – Ұлттық алтын бесік. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Оны қос пырақ қанатымен көмкеріп тұр. Жоғары жағында бес бұрышты жұлдыз. Ол тәуелсіз мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа бірдей ашық екенін білдіреді. Елтаңбаны жасаған – Жандарбек Мәлібеков пен Шота-АманУәлиханов.

**329-тапсырма.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өзіңіз оқитын оқу орнын суреттеп беріңіздер.

Жоғары оқу орны, биік ғимарат, кітапхана, оқу залы, дәрісхана, жатақхана, оқытушылық құрам, көркем өнерпаздар үйірмесі, инженер мамандар, техника саласы, сумен жабдықтау.

**330-тапсырма.** Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Шаңырақ – жарық түсіру және түтін шығару үшін жасалған киіз үйдің төбесіндегі күлдіреуішті шеңбер ағаш (оның шеңбер аймағы киіз үйдің ірге шеңберінің 1/3).

Уық – кереге мен шаңырақтың арасын қосып тұратын бір басы түзу, екінші басы бүгілген жіңішке сырықтар.

Кереге – киіз үйдің қабырғасын құрайтын, тор көзді жиналмалы ағаш бұйым.

**331-тапсырма.** Ғибрат сөздерді жадыларыңызда сақтаңыздар.

Адамдық өмірдің негізгі мақсаты – шындық іздеу, шындық табу.

Адамды түсіндіру, адамды түсіне білу деген нәрселер білімнің басты шарты.

Ғылым шындық жолынан тайса, адам баласын апатқа ұшыратады.

Өзін-өзі ұстай білу – барлық жақсылықтың басы.

Надан адамды әкімшілік басына қою – жас баланың қолына ұстара беру сияқты: ол сол ұстарамен өзін де, өзгені де қансыратады.

Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келген бақ көтеріп, таққа отыру бола береді, бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар бар.

Менің білгенім – ешнәрсе білмейтінім.

*«Әл-Фараби және Абай» кітабынан*

**332-тапсырма**. Термин сөздердің жасалу жолын анықтап, жаттап алыңыздар.

ажырамалы жылытқыш
айналма жаққыш
айырлы электродұстағыш
арматураны бекіткіш
ауабөлгіш
ауажинағыш
ауақыздырғыш
ауаөткізгіш
ауыстырғыш
әйнеккескіш
ауаүлестіргіш
әшекейлегіш
байланыстырғыш

**333-тапсырма.** Төменде берілген терминдерді мазмұндаңыздар.

**Дәліз (веранда) дегеніміз** – үймеретке жапсыра немесе оның ішіне салынған ашық немесе әйнектелген жылытылмайтын бөлме, сол сияқты жеңіл павильон түрінде үймереттен жеке тұрғызылған ғимарат.

**Іргетас (фундамент) дегеніміз** – топыраққа 15000 кР жететін және жоғары шоғырланған жүктеменің түсуін қамтамасыз ететін ғимараттың құрылымдық элементі. Қаңқалы ғимараттардың іргетасы табиғи негізінде және қада типтес іргетастар түрінде ажыратылады.

**Кеуек бетон дегеніміз** – біркелкі таралған кеуектерден тұратын минералды тұтқырғыш пен кремнеземдік құрам негізіндегі жасанды кеуекті материал.

**Сәулет объектісі дегеніміз** – сәулет жобасы негізінде құрылған үймерет, ғимарат, үймереттер мен ғимараттар кешені, олардың бейнесі, жайластырушылық, көрініс не бақпарк өнерінің объектісі.

**Бетонтөсегіш дегеніміз** – бетон қоспасын қабаттың қажетті қалыңдығымен, біркелкі әперу үшін қоректендірушісі бар бункер, қосымша тегістейтін, тығыздайтын, түзеткіш жабдығы.

**334-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

**Алматының алғашқы сәулетшісі А.П. Зенков жайында**

Ескі Алматының алғашқы сәулетшісі А.П. Зенков (1863-1936) болды. Оның Верныйдағы сәулетшілік қызметі 1887 жылы жер сілкінісіне кірпіштен салынған әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үйлердің қирағанынан кейін басталды. Инженер Криштановскиймен бірге қаланы дамытудың тұңғыш бас жоспарын жасады.



Талантты сәулетші жер сілкінісіне ұшыраған аудандарда құрылыс жүргізудің жаңа әдістерін ұсынды. Ол ағаштан үйлер салу тәжірибесін іске асырып, оны белсенді түрде насихаттады, ағашты жер сілкіну қаупі бар аудандарға неғұрлым сенімді құрылыс материалы деп есептеді. А.Зенков ағаштан ерекше әдемі, оюлармен өрнектелген ғимараттар салуға болатынын көрсетті. Оның жобалары бойынша ескі Верныйда гастрономиялық дүкен, Офицерлер үйі, Губернатор үйі, т.б. салтанатты ғимараттар салынды. Зенковтың сәулетшілік шеберлігінің шыңы, тамаша туындысы, ағаштан салынған құрылыстың ғажап үлгісі – Әулие Вознесенск Кафедралық соборы. Биіктігі 56 м болған қаладағы сол кездегі ең әдемі ғимарат XX ғасырдың басында салынды. 1887 жылы 10 маусымда болған жойқын жер сілкінісінен кейін қаладағы 1799 үйден тек қана осы Кафедралық собор аман қалды. Собор ешбір темір шегесіз, тік қойылған төртбұрышты ағаш бөренелердің күрделі жүйесімен бекітілді. Ол жер асты дүмпулері мен 1911 жылы болған тағы бір күшті жер сілкінісіне төтеп берді.






Юрий Домбровский өзінің «Көне дүниені сақтаушы» атты романында: «...Алматыны Зенковтың құрылыстарынсыз таныстыру мүмкін емес. Сәулетшілік сылдырмақтар, оюланған

ағаш пен жұқа темірге деген сүйіспеншілігімен қоса, оның ғимаратын төменнен басына дейін әшекейленген жаңа жылдық шыршаға ұқсас ететін бөлшектердің қандай да бір шынайы, нақты бірлігі болады... Оның ғимараттарында таңғаларлық әдемілік, нағыз қуанышқа бөлейтін тамаша нәрселер бар. Ол адамдарды қуантып және таңғалдырғысы келеді, әрине оған бұны іске асырудың сәті түсті», – деп жазды.

**335-тапсырма.** Мәтіндегі сөйлемдердің тұрлаусыз мүшелеріне сұрақтар қойып, олардың астын сызып, мәтінді мазмұндаңыздар.

**Қазақстанның жеті кереметі**

Қазақстанның жеті кереметі де жоғарыда айтылған әлемнің жеті кереметінің жалғасы іспеттес. Әр халық немесе мемлекет өз аумағында пайда болған мәдениетінің асыл құндылықтарына жататын ескерткіштерін түгендеп, ардақтауға тиіс. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жері тарихи ескерткіштерге мейлінше бай. Алайда, соның ішінде жоғарыда айтылған кереметтерден ешқандай кем түспейтін қазақ жерінің жеті кереметін атап көрсеткен орынды.







Қазақ халқының дүниетанымында жеті саны аса қасиетті, қастерлі сан. Оның мәні мен мағынасын ашып, құпиясын шешуге ұмтылмай-ақ, «жеті қат көк», «жеті қазына», «жеті

жұт», «жеті өнер», «жетісін беру», «жеті шелпек», «жеті күн», «жеті қарақшы» секілді жеті санымен байланысты т.б. ұғымдардың қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен көзқарасында ерекше орны бар екенін айтсақ та жеткілікті.

Осы ретте бір топ ғалымдар арнайы зерттеу жүргізе отырып, қазақ халқының рухани байлығынан айрықша маңызды орын алған, теңдесі жоқ жердің тамаша жеті кереметін таңап алды. Олар: 1. Таңбалы тас суреттері. 2. Домбыра. 3. Киіз үй. 4. Алтын адам. 5. Маңғыстау жер асты мешіттері. 6. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. 7. Астана-Бәйтерек. Осы аталғандар Қазақстанның жеті кереметі болып саналатыны айқын. Таңбалы тас суреттері – қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықта қазақ жерін мекендеген қауымдардың барша танымтүсінігінен хабар беретін аса көрнекті археологиялық ескерткіш.

**336-тапсырма.** Қазақ тіліне аударып, олардан көптік жалғауларын табыңыздар.

Площади, центральные улицы, полезные ископаемые, подобный, мавзолей, коллектив, честь, познаваемость мира, дома, суффиксы, подвесной, наследие, башня, чудесный**.**

**337-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар әзірлеп, археологиялық ескерткіштер жайында өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

**338-тапсырма.** Қарсы мәндес сөздерді табыңыздар**.**

| | |
|---|---|
| 1. _____ әдепті | 1. сақтау |
| 2. _____ алғыс | 2. үнем |
| 3. _____ зиян | 3. қарғыс |
| 4. _____ ысырап | 4. пайда |
| 5. _____ бұзу | 5. Көргенсіз |

**339-тапсырма.** Екі топқа бөлініп, Қазақстандағы тарихи ескерткіштердің бүгіні мен ертеңі жайлы пікірталас ұйымдастырыңыздар.

**340-тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Ежелгі, жеті кермет, асыл құндылық, ескерткіш, қазақ жері, жеті өнер, дәстүрлі мәдениет, таңбалы сурет, қола дәуір, аса көрнекті, қастерлі, кесене, мәртебе, танып білу.

**341-тапсырма.** Төмендегі сөздерге жіктік жалғауларын жалғап, жекеше және көпше түрде жіктеңіздер.

Сәулетші, маман, мұнайшы, инженер, барлаушы, мүсінші, өндіруші, ғалым, зерттеуші, тәуелсіз, тілші, құрылысшы, геолог.

**342-тапсырма.** Ұлы бабамыз әл-Фарабидің қанатты сөздерін жазып алып, мағынасын түсіндіріп, естеріңізге сақтаңыздар.

1. Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат.
2. Бақытқа жеткізетін әрекет – тамаша әрекет.
3. Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы қажет.
4. Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық қажет.

**343-тапсырма**. Мәтінді оқып, мазмұндаңыздар**.**

## Әлемнің жеті кереметі

Ал, енді тамсандарып, таңдай қақтырған әлемнің жеті кереметі туралы тоқталайық.

Шамамен, б.э.д. III ғасырда әлдекім кереметтің үлгісі деп осы жетеуін ауызға алған. Бұл пікірге әлем халқы, Жерорта теңізін жағалай қоныстанған елдер шек келтірместен иланады да, ішінара түзету енгізушілер де табылады. Дегенмен, жер бетінен әлдеқашан құрып кеткен, тек байырғы қолжазбалар мен аңыздырдан жаңғырығы жеткен әлемнің жеті кереметі алып-қосары жоқ бұлжытпас құдіреттей қабылданады!

«Әлемнің жеті кереметі» – б.з.б. III ғасырда Ескендір Зұлқарнайн (Александр Македонский) Кіші Азия, Орта Азия, Мысыр, Оңтүстік Үндістан территорияларын жаулап алып, Ұлы

империя құрғаннан кейін, саяхатшыларды қызықтыру үшін осы өңірдегі 7 орыннан таңдаған сәулет өнері ескерткіштері. Олар:

1. Мысыр пирамидалары – ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары, б.з.б. XXIII ғасырда салынған.

2. Вавилонның (Бабылдың) аспалы бағы, б.з.б. IV ғасырда Вавилония әмірі кіші әйеліне арнап жасатқан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы текпішекті сәкі-алаңшалар үстіне салынған.

3. Эфестегі Артемида ғимараты, кезінде әлемдегі ең үлкен ғибадатхана болған. Б.з.б. IV ғасырда соғыс алапатынан қираған.

4. Олимпиядағы Зевстің мүсіні, б.з.б. V ғасырда көне грек мүсіншісі Фиди алтын мен піл сүйегінен жасаған.

5. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы, б.з.б. IV – ғасырда салынған.

6. Жерорта теңізінің Родос аралындағы күн құдайы Гелиостың мүсіні, биіктігі 45 м. Б.з.б. 285 жылы жасалған, б.з.б. 224 жылы жер сілкінісі кезінде қираған.

7. Александрия шамшырағы, б.з.б. III ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі 160 м. Бүкіл алғашқы «Әлемнің жеті кереметіне», «Екінші жеті керемет», «Табиғаттың өзіндегі жеті керемет», «Қиял ғажайып жеті керемет», т.б. кереметтер қосылып келеді. «Екінші жеті кереметке» Ұлы Қытай қорғаны, Стамбулдағы Әулие София шіркеуі енгізілсе, «Табиғаттың өзіндегі жеті кереметке», Бермуд «үшбұрышы», Норвегия түні, Тунгус метеориті, ал «Қиял ғажайып жеті кереметке» Нұх кемесі, Қар адамы, беймәлім ұшқыш объектілер «НЛО», т.б. жатады.

**344-тапсырма**. Мәтінді қазақ тіліне аударып, өз тараптарыңнан қосып мазмұндаңыздар.

Керамическая плитка – великолепный отделочный материал, в том числе и для устройства полов, особенно в таких помещениях, как санузел, ванная комната, душевая, то есть в помещениях с повышенной влажностью. Плитка обладает замечательными качествами: она гигиенична, огнеупорна, устойчива к воздействию химических препаратов, а также имеет

эстетические и эксплуатационные достоинства.

**345-тапсырма.** Берілген сөзге синонимдік қатар жасаңыз**.**
Керемет..., ...,
Әлем..., ...,
Құдірет..., ...,

**346-тапсырма.** Мына берілген сөздердің орысша баламасын сәйкестендіріңіздер**.**

| | |
|---|---|
| Архитектура | Сәулеттік стиль (үлгі) |
| Семь чудес света | Өзгешілік, өзіндік |
| Искусство | Көне қала |
| Изобразительное искусство | Қожа Ахмет Яссауи кесенесі |
| Своеобразие | Жоба |
| Древний город | Ғимарат |
| Проект | Сурет өнері |
| Архитектурные ансамбли столицы | Әлемнің жеті кереметі |
| Здания | Астананың сәулеттік ансамблі |
| Мавзолей Ходжа Ахмета Яссауи | Сәулет |
| Образцы | Өнер |
| Архитектурный стиль | Үлгілер |

**347-тапсырма**. Керекті сөзді табыңыз: «Ғимарат ... биік, әсем болып шықты».

**348-тапсырма.** Мәтін бойынша сұхбат құрастырыңыздар.

**349-тапсырма.** Әлемнің жеті кереметі жайлы не білесіздер? Өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

**350-тапсырма.** «Керемет» сөзімен сөз тіркесін құрастырыңыздар**.**

**351-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін тірек ретінде алып, мәтін құрастырыңыздар.

1. Әлемнің жеті кереметі
2. Әлем халқы
3. Байырғы қолжазба
4. Аңыз жаңғырығы
5. Құдіреттен қабылдау

**352-тапсырма**. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

**Архитектура**

Архитектура – искусство строить здания и их комплексы, предназначенные для повседневных запросов частной и общественной жизни и деятельности людей. Любое здание включает в себя жизненно необходимое пространственное ядро-интерьер. Его характер, выраженный во внешней форме, предопределен назначением, условиями жизни, потребностью в удобстве, просторе и в свободном движении. Связан в своем развитии с меняющимися материальными потребностями человека, с развитием науки и техники, архитектура является одной из форм материальной культуры.

Вместе с тем архитектура – один из видов искусства.


В художественных образах архитектуры отражаются и строй общественной жизни, и духовного развития общества, и его общественной жизни, уровень духовного развития общества, и его эстетические идеалы. Архитектурный замысел, его целесообразность раскрываются в организации пространства интерьера и объема зданий, характеризуют своеобразие художественного языка архитектуры.

Градостроительство учитывает характер местности, экономики, условия транспорта, гармонически развивается в содружестве с другими видами искусства. Скульптура, живопись, декоративные искусства воплощают в конкретных образах идеи, заложенные в сооружение. И архитектура и

изобразительное искусство обогащают друг-друга в этом синтезе.

***Сөздік:***
интерьер – ішкі көрініс, ішкі бейне
своеобразие – өзгешелік, өзіндік
воздействовать – әсер ету, ықпал ету
оформление – әшекейлеу
градостроительство – қала құрылысы
предопределить – алдын-ала анықтау

**353-тапсырма.** Әлемнің жеті кереметі бойынша баяндама (реферат) дайындаңыздар.





**354-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар. Мәтінге өз ойларыңызды қосыңыздар.

**Мысыр пирамидалары**

Осынау орасын зор тас құрылыстар – Ежелгі (Египет) Мысыр перғауындарының патшаларының сағанасы. Сағана табытхана осыдан 5 мың жылдай уақыт бұрын салынған. Бүкіл билік атаулы көктегі тәңірдің жер бетіндегі өкілі саналған перғауындардың қолында болған. Олар перғауындардың өктем

құдіреттілігін қарапайым халыққа паш ету мақсатымен пирамида үлгісінде алып сағаналар салдырған.

Ең үлкен пирамида Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Оның биіктігі – 147 м. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың әңгімесі бойынша пирамиданы 100 мың адам 20 жыл салған. Аспапты Мысыр аспаны астында мыңдаған құлдар тас қарумен (ол кезде адамдар темір мен қоланы білмеген) дәу тастарды бөліп алып, оны құрылыс орнына арқанмен сүйретіп апарған. Пирамида биіктеген сайын тас блоктарды қолмен жоғары көтерген. Пирамиданы салушы қарапайым халық аштық пен ауыр бейнеттен қырғынға ұшырап отырды.

Бұл алып пирамидалар осы күнге дейін көрушісін қайран қалдырады. Оның бір заманда «Әлемнің жеті кереметінің» бірі саналуы тегін емес. Перғауындар емес, дарынды сәулетшілер мен тас қалаушылардың қолымен тұрғызылған бұл пирамидалар сан ғасырлардан бері мызғымай, қарапайым халық еңбегінің ескерткішіне айналды.

Бұл пирамида Ливия шөл даласының орта шенінен бой көтерген және қазіргі Каирдан Фаюм қамалына дейін ондаған шақырымдарға созылып жатыр.

Ең ежелгісі бұдан мөлшермен бес мың жыл бұрын тұрғызылған Джосер фараоны пирамидасы. Оның биіктігі 60 метр. Бірінші пирамиданың құрылысшысы Имхотен. Ол сәулетші, дәрігер, астроном, жазушы болған.

Ежелгі пирамидалар баспалдақ түрінде жасалса, кейінгілердің қабырғалары тегіс болып келеді.

Археологтар 80 пирамиданы есепке алған. Осы күнге олардың бәрі жетпеген.

Пирамида жақтары тегістеліп, қырланған 2 300 000 текше әктас блоктардан тұрады. Бұл тастардың арасында ешқандай біріктіргіш материалдар жоқ, тек өз салмағымен тұр. Тас қалаушылардың осындай шеберлігі ерекше таң қалдырады.

Пирамидалар әлемдегі ең әйгілі сәулет ғимараттары болып табылады. Олар мыңдаған жылдарды басынан өткерген мәңгілік монумент болып қалады.

**355-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1) Мысыр пирамидалары қай жерде орналасқан?
2) Ежелгі пирамида қашан тұрғызылды?
3) Бірінші пирамиданың құрылысшысы кім болған?
4) Пирамидалар қалай жасалған?
5) Археологтар қанша пирамида бар деп есептейді?

**356-тапсырма**. Мәтіннен сәулет мамандығына қатысты термин сөздерді тауып, берілген кестені толтырыңыздар.

| Терминдер (қазақша) | Терминдер ( орысша) | Сөйлем құру |
|---|---|---|
| Сәулетші | архитектор | Мен болашақта сәулетші боламын |

**357-тапсырма.** Берілген синонимдердің ішінен синонимдік қатар құрай алмайтын сөздерді табыңыз. Синоним сөздерді есте сақтаңыз!

1) Халық, жұрт, қонақ, ел, бұқара.
2) Күш, қайрат, әл, қуат, қанат.
3) Әдемі, мейірімді, сұлу, әсем, көрікті.
4) Байлық, олжа, қазына, дәулет, қор.
5) Жай, жағдай, хал, күй, ерік.
6) Қайғы, қасірет, күдік, уайым, күйік.

**358-тапсырма.** Мәтінде кездесетін мына сөздердің анықтамасын жазыңыздар.

1. пирамида……
2. археолог……..
3. құрылысшы……
4. тас қалаушы……
5. сағана.....
6. сәулетші.....

**359-тапсырма.** Берілген сөздерге қарама-қарсы (антоним) мағыналы сөздерді жазыңыздар.

1. Жаңа. 2. Ежелгі. 3. Үлкен 4. Дәу. 5. Астық. 6. Бейнет

**360-тапсырма.** Көп нүктенің орнына мәтіннен қажеті сөздерді қойыңыздар.

Осынау орасан зор ..... - Ежелгі Египет перғауындарының сағанасы .... бес мың жылдай уақыт бұрын салынған.

Ең үлкен .... Хеопс перғауынның әмірімен тұрғызылған. Ежелгі грек тарихшысы .... пирамиданы 100 мың адам 20 жыл салған. Пирамида биіктеген сайын ... қолмен жоғары көтерген. Пирамиданы салушы …. аштық пен ауыр бейнеттен қырғынға ұшырап отырды. Археологтар 80 .... есепке алған. Тас қалаушылардың .... ерекше таң қалдырады.

**361-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын анықтаңыздар.

**362-тапсырма.** Пирамида, археолог, тас қалаушы, сағана сөздерін септеңіздер.

**363-тапсырма.** «Архитектура ғылымының өмірмен байланысы» тақырыбында шығарма жазыңыздар.

**364-тапсырма.** Мәтінде берілген сандарды жазбаша жазыңыздар**.**

**365-тапсырма.** Мәтінді қазақ тіліне аударып, өз тараптарыңнан қосып мазмұндаңдар.

Преимуществом деревянных окон является то, что их можно ремонтировать своими руками, то что они экологически чисты, имеют привлекательный вид натурального материала. Недостатки заключаются в горючести, в том что древесина может отсыревать и подвергаться порожению микроорганизмами. Оконные рамы делаются из ореха, дуба, бука, сосны, красного дерева. Современные высокие технологии позволяют добиться высокого качества окон и при правильной эксплуатации могут прослужить более 50 лет.

**366-тапсырма.** Мәтінді мазмұндаңыздар.

## Құрылыс акустикасы, алаңы, индустриясы

Құрылыс акустикасы – жалпы акустика ілімінің ғимараттар мен ғимараттардың қоршау құрылымдарын сыртқы әрі ішкі орталардың шуынан оқшаулау және оны барынша азайту мәселелерімен айналысатын саласы. Ғимарат ішіндегі шуды бәсеңдету үшін оны дыбыс жұтқыш материалдармен қаптайды. Ірі қоғамдық орындар мен тұрғын үйлер және елді мекендердегі құрылыстарды жобалағанда барынша шуды азайту шаралары ескеріледі. Кәсіпорындардағы өндірістік шу мен ғимараттардың инженерлік құрал-жабдықтарының шуымен күресуде шу көздерін оқшаулау, шу өткізбейтін бөлмелер жасау, т.б. шаралар қарастырылады. Құрылысты жобалау жұмыстарында шумен күресу мәселесіне ерекше мән беріледі. Құрылыс архитектурасының материалдарын «Алматымонолитстрой», «ЦеНПСЛ» ЖАҚ-дары , т.б. кәсіпорындар шығарады.

Құрылыс алаңы – құрылыс жүріп жатқан белгілі бір аумақ. Құрылыс алаңына салынуға тиіс үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ, құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажетті уақытша салынған әкімшілік-шаруашылық және мәдени-тұрмыстық үйлер, өндірістік қосалқы мекемелер, көмекші өндіріс орындары мен шаруашылықтар (жөндеу-механикалық шеберханалар, материалдар мен бұйымдар сақталатын әр түрлі қоймалар, электр, телефон желілері, су мен газ құбырлары, т.б.) орналасады. Қазіргі индустриялық құрылыстарда құрылыс алаңы көбіне зауыттарда дайындап әкелінген материалдарды және индустриялық элементтер мен бөлшектерді құрастыратын құрастыру (монтаждау) алаңына айналады.

Құрылыс индустриясы – құрылыс нысандарын жаңадан салу, ұлғайту, жаңғырту, күрделі жөндеуден өткізу, құрал-жабдықтар орнату, құрастыру жұмыстарын индустриялық әдіспен жүзеге асыратын құрылыс-құрастыру ұйымдарының жиынтығы. Құрылыс индустриясының үздіксіз дамуы шаруашылықтың барлық саласымен, әсіресе күрделі қаржының


ұдайы өсуімен тығыз байланысты. Құрылыс индустриясының өніміне құрылысы аяқталған және жабдықтары түгел орнатылып, құрастырылған, іске қосылуға даяр өндірістік орындар мен тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық, коммуналдық, т.б. ғимараттар жатады. Құрылыс индустриясының пайда болуы қоғамдық еңбек бөлінісінің өсуіне, өнеркәсіп, қалалар, қатынас жолдары, сауданың дамуына байланысты болады. Неғұрлым күрделі жаңа үйлер мен ғимараттар салудың қажеттілігі құрылысты мамандандыруды, оны дербес шаруашылық саласына айналдыруды қажет етті. Қазақстанда құрылыс индустриясы құрылыстың жедел қарқынмен дамуы және үнемі жетілдірілуі нәтижесінде қамтамасыз етілді. Мердігерлік тәсіл құрылысты жүргізудің басты түріне айналып, құрылыс индустриясын дамытуды едәуір жеделдетті. Кеңестік дәуірде сонымен бірге ұжымшар аралық құрылыс ұйымдары да құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемін ұлғайтуға едәуір септігін тигізді. Қазіргі нарықтық экономика кезеңінде құрылыс-құрастыру ұйымдары түгелдей дерлік жекешелендіріліп, бірқатары ірі холдинг – компанияларға айналдырылды. Олар негізінен құрылысты мердігерлік тәсілмен жүргізеді.

**367-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтар дайындаңыздар.

**368-тапсырма.** Сөз тіркестеріне күрделі сөйлем құрастырыңыздар.

1. Құрылыс акустикасы. 2. Құрылыс алаңы. 3. Құрылыс индустриясы. 4. Өндірістік шу. 5. Мәдени тұрмыстық үйлер. 6. Қосалқы мекемелер. 7. Телефон желілері. 8. Газ құбырлары. 9. Монтаждау алаңы. 10. Құрал-жабдықтар орнату. 11. Индустриялық әдіс. 12. Өндірістік орындар. 13. Мердігерлік тәсіл. 14. Нарықтық экономика. 15. Жаңа үйлерді салу.

**369-тапсырма.** «Құрылыс» сөзімен бірнеше сөз тіркесін құрастырыңыздар.




**370-тапсырма.** Берілген тақырыптар бойынша әңгіме-сұхбат құрастырыңыздар.

Құрылыс акустикасы.
Құрылыс алаңы.
Құрылыс индустриясы.
Өндірістік шу.

**371-тапсырма.** Мәтін бойынша көп нүктенің орнына тиісті сөздермен сөз тіркестерін қойыңыздар.

Ғимарат ішіндегі шуды бәсеңдету үшін оны ... жұтқыш материалдармен қаптайды. Құрылысты ... шумен күресу мәселесіне ерекше мән беріледі. Құрылыс акустикасы – ғимараттардың қоршау құралымдарын сыртқы, ішкі орталардың ... оқшаулау мәселелерімен айналысатын саласы. Құрылыс алаңына зауыттарда дайындап әкелінген ... және ... элементтер мен бөлшектерді құрастыратын құрастыру алаңына айналады. Құрылыс индустриясы – құрылыс нысандарын ... ..., ұлғайту, күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын индустриялық әдіспен жүзеге асыратын құрылыс-құрастыру ұйымдарының жиынтығы.

**372-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, оларды өткен шақта жазыңыздар.

**373-тапсырма.** Мәтінді абзацтарға бөліп, қалаған біреуін орыс тіліне аударыңыздар.

**374-тапсырма.** Қала құрылысының дамуы туралы өз ойларыңызды әңгімелеп беріңіздер.

**375-тапсырма.** Мәтін мазмұнын пайдаланып, сөйлем құрастырыңыздар.

Құрылыс акустикасы_____
Құрылыс алаңы_____
Құрылыс индустриясы_____
Құрылысты жобалау_____
Өндірістік мекемелер_____
Қоғамдық орындар_____
Тұрғын үйлер_____
Монтаждау алаңы_____
Индустриялық әдіс_____
Мердігерлік тәсіл_____

**376-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.

кесектер – бруски
су құбырының өткізгіші – ввод водопровода
жоғары өремелеу жұмыстары – верхолазные работы
құрылысқа қатысушылардың әрекеттестігі – взаимодействие участников строительства
жару жұмыстары – взрывные работы
құйынды шаңдату – вихревое напыление
құрылыстағы су көлігі – водный транспорт в строительстве
су төкпе – водоотлив
су жұтылу – водопоглощение
ауа ауыстыру – воздухообмен
ауалы әк – воздушная известь

**377-тапсырма.** Мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

## Құрылыс механикасы

Құрылыс механикасы – ғимараттардың беріктігі, қатаңдығы, соққы мен дірілге төзімділігін есептеу тәсілдері мен принципі жайындағы ғылым. Құрылыс механикасын кейде

құрылыс статикасы немесе құрылыс теориясы деп те атайды. Басты мақсаты – құралым бөліктерінде әр түрлі сыртқы әсерлерден пайда болатын ішкі күштердің мөлшерін есептеуге арналған әдістерді табу; ақаулану және деформация шамаларын анықтау; орнықтылық жағдайларды зерттеу.

Құрылыс механикасында құрылыс құралымдары мен оның құрамды бөліктері мынадай түрлерге бөлінеді: 1) бір өлшемі қалған екеуінен әлдеқайда үлкен элементтерден құралған стержендік жүйелеу; 2) екі өлшемі үшіншісінен әлдеқайда үлкен элементтерден құралған тақта, плита, қабықшалар; 3) үш өлшемі бір-біріне қарайлас элементтерден құрылған біртұтас массивтер. Құрылыс механикасын зерттейтін мәселелер материалдар кедергісі, серпімділік, пластикалық және сусымалық теориялармен тығыз байланысты. Құрылыс механикасы көбінесе, стержендік жүйелерді есептеу тәсілдері және оның теорияларын қарастырады.

Стержендік жүйелер: жазықтағы және кеңістіктегі фермалар мен рамалар, арқалықты жүйелер, арқалар, тіректер, қабырғалар, т.б. Қабылданған есептеу сұлбалары бойынша құрылыстар статикалық анықталған және статикалық анықталмаған жүйелерге ажыратылады. Құрылыс механикасында материалдар кедергісіндегі сияқты жеңілдетілген теориялар пайдаланылады. Бірақ бұл жеңілдіктер қолданылатын әдістердің дәлдігін кемітеді, кейде айтарлықтай қателіктерге соқтырады. Сондықтан мәселені өте қарапайым түрге дейін оңайлатуға болмайды.

Табақ-пластинка, тақта-плита және қабықшаларды есептеу серпімділік теориясына негізделген. Егер қарастырылмақшы мәселе серпімділік теориясының заңдарынан алшақ жатса, онда әсер етуші күштер мен деформациялар пластикалық немесе сусымалық теориялар бойынша есептеледі. Ал, тұтас массивті құралымдардың ішкі күштерінің кернеулерін жалпы жағдайлар үшін анықтау әлгі күнге дейін толық шешілмей отыр. Сусымалы заттардың теориясы мен тірек қабырғалары, есептеу арқылы, сусымалы заттардың тірек қабырғаға түсіретін қысымын анықтаумен бірге, ол қабырғалардың беріктігі мен

орнықтылығы жеңілдетілген әдістер бойынша анықталады. Сол себепті есептеу кезінде топырақтың тосқауылдарға түсіретін қысымы қарапайымдатылып әрі жеңілдетіліп қарастырылады.

Құрылыс механикасының ең негізгі теоремаларының бірі – мүмкін болатын қозғалыстардың жалпылама принципі. Осы принциппен басқа да теоремалар шығады. Статикалық анықталған жүйелерге әсер ететін тұрақты жүктемелерді анықтау үшін аналитикалық және графиктік әдістер пайдаланылады. Құрылыс механикасында кинематикалық әдістер де қолданылады.

Құрылыстарға әсер ететін жылжымалы жүктемелер сызықтық әсерлер арқылы анықталады. Статикалық анықталмаған жүйелердің есептері үш түрлі әдіспен шешіледі. Олар жүктемелік күштер әдісі, ақаулық-деформациялық әдіс және аралас әдістер. Қазақстанда құрылыс механикасын зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 60-жылдарынан Қазақ өнеркәсіп құрылысын жобалау және ғылыми зерттеу институтында жүргізіліп келеді. Қазіргі кезде республикада қабықшалардың құрылыс механикасы дамып, оларды шешуге компьютерлік бағдарламалар кеңінен қолданылуда. Сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан Алматы, Тараз, Шымкент, т.б. қалаларда темір-бетон қабықшалар пайдаланылуда.

**378-тапсырма.** Мәтінді оқып, оны негізгі бөліктерге бөліп, тақырып қойыңыздар.

**379-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыздар.

**380-тапсырма.** Мәтін бойынша сәйкес келетінін белгілеңіздер.

1. Шәкіртақы төленді_____
2. Құрылыс теориясы_____
3. Қол қойылды_____
4. Әдістерді табу_____
5. Құрылыс механикасы_____

6. Ірге тастар _____
7. Туған елге оралды_____
8. Тірек қабырғалар_____
9. Білім алды_____
10. Қазіргі аймақ_____

**381-тапсырма.** Мәтін бойынша сөз тіркестерінің сыңарын табыңыздар.

Ғимарат _____, құрылыс_____, стержендік_____, қабықшаларды_____, сусымалы_____, әдіспен _____, өнеркәсіп _____, құрылысын _____, компьютерлік _____, қабықшалар _____ .

**382-тапсырма.** Құрылыс механикасының мақсатын, түрлерін, әдісін, теоремасын кестеге толтырыңыздар.

| Құрылыс механикасы | мақсаты | түрлері | әдісі | Теоремасы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |


**383-тапсырма.** Мәтін бойынша төмендегі тұжырымдарды кеңейтіп айтыңыздар.

1. Құрылыс механикасы ғимараттардың беріктігін сақтайтын ғылым.
2. Құрылыс механикасының дамуы.
3. Құрылыс механикасының зерттейтін мәселелері.

**384-тапсырма**. Мәтін мазмұнын пайдаланып сөйлем құрастырыңыздар.

Құрылыс механикасы_____
Есептеу тәсілдері_____
Сусымалы заттар_____
Құрылыс механикасын зерттеу_____
Құрылысты жобалау_____
Ақаулық-дефомациялық әдіс _____
Темір-бетон қабықшалар_____

**385-тапсырма.** Ғимарат қандай болуы қажет екендігін сызбаға толтырыңыздар.




**386-тапсырма.** Сейсмикалық қазіргі аймақтарға қай аймақтар жатады? Бұл аймақтарда құрылыс механикасы қалай шешілуде? Осы жайында пікір алмасыңыздар.

**387-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар**.**

көбіктендіруші – пенообразование
көбіктас – пенопласт
көбіксиликат – пеносиликат
мойын – перемычка
ілгіш – петля
аралшық – плавни
тақта – плита
бөгет – платина
ғимарат элементінің зақымдануы – повреждение элемента здания

**388-тапсырма.** «Жаңа ғасырдағы жаңа құрылыс заттары» жөнінде шағын әңгіме құрастырыңыздар.

**389-тапсырма.** Мақалдарды оқып шығып, зат есімнің қызметін атқарып тұрған сын есімдерге назар аударыңыздар. Олардың зат есім сияқты септелгенін байқаңыздар. Қай септіктерде тұрғанын айтыңыздар.

1. Сыпайы сырын сақтар,
   Әдепті арын сақтар.
2. Жаманның тілі ащы,
   Көк мияның гүлі ащы.

3. Үлкенді сен сыйласаң,
   Кіші сені сыйлайды.
4. Жаманға еткен жақсылығың,
   Жатқа кеткен малмен тең.
5. Ашулыдан алты табан қашық тұр.
6. Жақсыға барсаң, жазылып қайтарсың,
   Жаманға барсаң, жабығып қайтарсың.
7. Жақсылықты қызғанба, бәріңізге жетеді,
   Жақсы болып бір жүрсең, дүние қызық боп өтеді.
8. Жақсымен жарассаң, жетерсің мұратқа,
   Жаманмен жанассаң, қаларсың ұятқа.

**390-тапсырма.** Көп нүкте қойылған жұрнақтардың орнына керекті -нікі, -дікі, -тікі жұрнағын қойып, мағынасын түсіндіріп беріңіз.

1. Кітап – оқыған ...
   Білім – тоқыған ...
2. Жол – үлкен ...
   Жүк – түйе ...
3. Қоралы мал – ел ...
   Қорасыз мал – жел ...
4. Мал – баққан ...
5. Өзім ... дегенде өгіз қара күшім бар,
   Өзге ...дегенде болар-болмас ісім бар.

**391-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерден сын есімді тауып, жұрнақтарын анықтаңыздар.

Қазақтар көпшіл және әзілқой халық. Қазақ батырлары бойшаң, алып тұлғалы болған. Еңбекқор қазақ жастары шетінен өнерпаз. Жас мамандардың білімдар болғаны абзал.

**392-тапсырма.** Сөйлемдерден сын есімдерді тауып, мағынасына қарай топтап жазыңыздар.

Орманды дала мен дала зонасында карбонатты сортаң топырақ көбірек кездеседі. Батыс Тянь-Шаньда сұр топырақпен қатар, қошқыл сұр топырақ қалыптасқан. Алтайда күлгін тау

топырағы басым. Қыратты дала белдеуінде күңгірт қызыл қоңыр және қара топырақ қалыптасқан.

**393-тапсырма.** Төмендегі көмекші етістіктерді негізгі етістіктерге тіркестіріп, олармен сөйлем құрастырыңыздар.

*Үлгі:* Ол күліп жіберді. Ол жерге құлап түсті.

Жібер, түс, шық, қой, қал, өт, кел, кет, ал, бер.

**394-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдердің қайсысы хабарлы, қайсысы бұйрықты сөйлем екенін ажыратыңыздар, себебін дәлелдеп түсіндіріңіздер.

1. Ол есік алдында тұр. – Сен есік алдында тұр.
2. Ол орындық (-қа,-та) отыр. – Сен орындық (-та,-қа) отыр.
3. Көбей дала (-да,-ға) жүр. – Сен дала (-ға,-да) жүр.
4. Ыдырыс диван (-ға,-да) жатыр. – Сен диван (-да,-ға) жат.

**395-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түсініктемесін біліп алыңыздар.

Ағаш үй – ағаштан борап жасаған үй. Қос – киіз үйдің бір түрі. Жер кепе – жер үй, лашық. Абылайша – киіз үйдің бір түрі. Жорықта, не үдере көшкенде уық пен шаңырақтан тіге салып, үзікпен жабады. Ақ орда – ақ киіз үй. Ақбоз үй – бозғылт киізбен жапқан киіз үй. Жоламай (жол амал) – жолда жүргенде тігетін киіз үй (оның уық, керегесі болмайды). Жар – үйдің қабырғасы. Жақтау – босаға, қасек. Қанат – киіз үйдің керегесі. «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» (Абай). Алты қанат – алты бөлек (алты қанат кереге, алты қанат ши).

**396-тапсырма.** Әр халықтың ақын-жазушыларының пікіріндегі ортақ әңгіме не туралы екенін түсіндіріңдер. Айтылған пікірлердегі негізгі ойларды анықтаңыздар.

Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына.

*Ж.Аймауытов*

Ана тілім менің! Сен маған ризасың ба, білмеймін, бірақ менің тілегім сенсің. Сені мен мақтан етемін.

*Р.Ғамзатов*

Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады.

*Г.Гегель*

Туған тіл – ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы.

*К.Д.Ушинский*

**397-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

Құрылыс жұмыстары, құрал-жабдық, құрылыс машиналары, доңғалақты кран, топырақ таптауыш, жер қазғыш машиналар, тастақ қабаттарды бұзу, көтергіш кран, жолдар салу, жөндеу жұмыстары, өңдеуіш машиналар.

**398-тапсырма.** Термин сөздерді жаттап алыңыздар.

құрылыс құрылымдары – конструкции строительные
қопарғыш – корчеватель
бұта кескіш – кусторез
бояу жұмыстары – малярные работы
құрылыстың механикалық құралдануы – механовооруженность
жинақтау – монтаж
аспалы қабырғалар – навесные стены
тозаңдату – напыление
қаптау – отделка
жиек – обрез

**399-тапсырма.** Мәтінмен танысыңыздар.

## Құрылыс материалдары ғылыми-зерттеу және жобалау институты

Құрылыс материалдары ғылыми-зерттеу және жобалау институты, «НИИ стромпроект» ЖШС, 1931 ж. Құрылыс материалдары мен ғимараттар ғылыми-зерттеу ин-ты ретінде құрылған. Алматы қаласында орналасқан. 1942 жылдан КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі жанындағы химия металлургия ин-ты, 1945 жылдан Қазақстан ҒА-ның Химия ин-ты, Металлургия және кен байыту ин-ты, отқа төзімді және құрылыс материалдары ин-ты, 1953 жылдан Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары ин-ты, 1956 жылдан Қазақстан ҒА-ның Құрылыс және құрылыс материалдары ин-ты атанды. 1957 жылдан КСРО Құрылыс және архитектура академиясының қазақ бөлімшесі болды. 1965 жылдан қазіргі атымен аталады. Құрамында құрылыс материалдарын сертификациялық сынақтан өткізетін, т.б. көптеген лабораториялар, 8-сектор, жобалау бөлімі (9 өндірістік бөлім – тәжірибелік кәсіпорын) бар.

Негізгі жұмыс бағыты – құрылысқа қажетті шикізаттар негізінде қабырғалық керамика және силикат материалдарын алудың тиімді технологиялық тәсілдерін жетілдіру, жылу электр станцияларының күлін, фосфор және металлургиялық қождарды, боксит шлагын, т.б. өнеркәсіп қалдықтарын пайдалана отырып, әр түрлі құрылыс материалдарын алу. Ин-ттың ғылыми зерттеулері мен жобаларының негізінде гипс шығаратын зауыттар Ақтөбе, Атырау және Түркістан қалаларында; құрғақ құрылыс материалдарының қоспасын шығаратын зауыт (Боралдай кентінде, Алматы обл), жоғары көміртегі феррохром қождары үйіндісінен беріктігі жоғары, от пен суыққа төзімді қиыршықтас шығаратын зауыт (Ақтөбе қаласында) іске қосылды. Институттың қалыптасуына үлкен үлес қосқан ғалымдар: М.С. Жуковский, М.Ф. Назаренко, С.М. Зубаков, А. Жақышев, Б. Пәрімбетов, т.б. болды. Ин-тта Қазақстан ҒА-ның академиктері: А.А. Глаголев, Ө. Аяпов, техн.ғыл. докторы, профессорлар: А.И. Минас, Қ. Қуатбаев қызмет етті. Қазір ин-та Қазақстан ҒА-ның академигі В.И. Соловьев, техн. ғыл. докторы., профессорлар Қ. Нұрбатыров,

Қ. Сайболатов, А. Шырдабаев, А. Қуатбаев және т.б. жұмыс істейді.

**400-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндап беріңіздер**.**

**401-тапсырма.** Мәтін бойынша төмендегі тезистерді толықтырыңыздар.

| Тезис | Қажетті мәтіндер |
|---|---|
| Құрылыс материалдары ғылыми-зерттеу және жобалау институтының құрылуы | |
| Негізгі жұмыс бағыты | |
| Институт негізінде пайда болған зауыттар | |
| Институттың қалыптасуына үлес қосқан ғалымдар туралы | |

**402-тапсырма.** Мәтінді оқып, тірек сөздерді мәтін бойынша дұрыс орналастырыңыздар.

Бөлімшесі болды
Институты атанды
Іске қосылды
Атымен аталады
Ретінде құрылған
Құрылыс материалдарын алу
Қызмет етті
Жұмыс істейді

**403-тапсырма.** Мәтіннен құрылысқа қажетті шикізаттарды теріп жазыңыздар.

**404-тапсырма.** Абай өлеңдерінен берілген үзінділерді оқып, жаттап алыңдар.

Ақыл бітсе дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке.
Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

**405-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыздар.

Құрылыс материалдары ғылыми-зерттеу институты, қазақ бөлімшесі, шикізат өндіру, өнеркәсіп қалдықтары, гипс шығаратын зауыттарды іске қосу, үлес қосу.

**406-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.

ұлттық мүдде
салт-дәстүр
мәдени мұра
жастардың санасы
жаман қылық
нарықтық заман
мықты азаматтар
үмітін ақтау

**407-тапсырма.** Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыздар**.**

1931 жылы құрылыс материалдары мен ғимараттар ғылыми-зерттеу ... ретінде құрылған. Алматы ... орналасқан. 1956 жылдан Қазақстан ҒА-ның құрылыс және ... ... институты атанды. 1957 жылдан КСРО құрылыс және архитектура академиясының ... бөлімшесі болды. Құрылысқа қажетті шикізаттар негізінде қабырғалық керамика және силикат материалдарын алудың тиімді ... тәсілдерін жетілдіру. Гипс ... зауыттар Ақтөбе, Атырау, Түркістан қалаларында бар.

**408-тапсырма.** Мәтіндегі ойды түсініп оқыңыздар. Адам өміріндегі тілдің орнын әңгімелеңіздер.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті. Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады. Асыл адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды.

*(Ғ.Мұстафин)*

**409-тапсырма.** Термин сөздерді жаттаңыздар.

құрылыстық бөлшек – деталь строительная
мөлшерлегіштер – дозаторы
ағаш талшықты тақта – древесноволокнистая плита
темірлену – железнение
май ұстағыштар – жироловки
ауа-жылулық перде – завеса воздушно-тепловая
құламалар салу – заложение откосов
қалайтын бұйым – закладное изделие
лай – ил
күрделі құрылыс – капитальное строительство

**410-тапсырма.** Мәтін мазмұнымен танысыңыздар.

**Құрылыс өндірісі технологиясы, құрылыс сметасы**

Құрылыс өндірісі технологиясы – құрылыс құрастыру жұмыстарын орындау әдістерінің жиынтығы, осы әдістердің тиімді жолдарын зерттейтін ғылыми пән. Құрылыс өндіріс технологиясы құрылысқа пайдаланылатын материалдар мен шала өнімдердің немесе тұрғызылатын құрастырымдық элементтердің түрлеріне қарай алуан түрлі технологиялық үрдістерге бөлінеді. Құрылыс өндіріс технологиясындағы үдерістер әр түрлі жұмыстардан, ал бұл жұмыстар өз кезегінде түрлі әдістерден құралады. Үйлер мен ғимараттар, т.б. құрылыстар салу үшін оның жер асты, жер үсті бөліктерін тұрғызуға арналған құрылыс-құрастыру және өңдеу жұмыстары орындалады.

Құрылыс сметасы, құрылыс сметалық құны – кәсіпорынды, жекелеген үйлер мен ғимараттарды не олардың кешендерін салу, қайта жаңғыртумен байланысты жұмсалатын барлық шығындардың мөлшері; құрылыстағы өнімнің бағасы. Сметалық нормалар, сметалық баға, мөлшерлемелер мен тарифтер негізінде есептеледі. Құрылыс-құрастыру жұмыстарының құнын, жабдыққа жұмсалатын шығындарды, өзге де күрделі шығындарды қамтиды. Оның негізгі бөлігі – құрылыс құрастыру жұмыстарының сметалық құны – шығындар, үстеме шығыстар, жоспарлы құралымнан құралады.

Жобаланатын нысананың сметалық құнын анықтау үшін технологиялық жоба бойынша орындалатын жұмыстардың жалпы құнын айқындайтын жиынтық смета; жекелеген нысандар мен жұмыс түрлеріне, жабдық сатып алуға жән оны құрастыруға арналған смета; жекелеген шығын түрлеріне арналған есептер; материалдардың, көлік шығыстары мен басқа да шығыстардың калькуляциясы; жобалау және іздестіру жұмыстарының сметасы жасалады. Құрылыс сметаларын жасау үшін қажетті бастапқы материалдар: жобаланатын үйлер мен ғимараттардың тізбесі, олардың құнының есебі; жабдықтың, такелаж бен құрал-сайманның, сызбада келтірілген материалдардың сипаттамасы; тасымалдың қолданыстағы бағасы мен тарифтері; каталогтар мен басқа да сметалық-нормативтік материалдар; үстеме шығындардың мөлшері және құрылыс құрастыру жұмыстарының құнына енгізілетін түзетулер; құрылыс бойынша өзге де шығындардың шамасын айқындайтын нормативтер, т.б.

**411-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақ дайындаңыздар.

**412-тапсырма.** Мәтіннің негізгі идеясын ашатын сөйлемді табыңыздар.

**413-тапсырма.** Мәтіннен құрылыс өндірісі технологиясына және құрылыс сметасына қажетті сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

**414-тапсырма.** Мәтін бойынша берілген сөйлемдердің бос орындарын толтырыңыздар.

Құрылыс өндірісі технологиясы құрылысқа пайдаланылатын ... мен ... ... түрлеріне бөлінеді. Үйлер мен ғимараттар салу үшін жер асты, жер үсті ... тұрғызуға арналған құрастыру-өңдеу жұмыстары орындалады. Құрылыстың ... құны – кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды салумен қайта жаңғыртумен жұмсалатын шығындардың мөлшері. Сметалық нормалар, сметалық баға, ... мен тарифтер негізінде есептеледі.

**415-тапсырма.** Мына сөздердің синоним, антонимдерін табыңыздар.

| | Синоним | Антоним |
|---|---|---|
| Орындау<br>Құрастыру<br>Мағлұмат<br>Бүгінгі таңда<br>Қаржыландыру<br>Қомақты<br>Жабу<br>Өңдеу<br>Салу<br>Жаңғырту<br>Қыруар | | |

**416-тапсырма.** Берілген сөздердің жиі қолданылатын тіркестерін тауып, қай кезде қолданылатынын түсіндіріңіздер**.**

Өндіріс_____
Смета_____
Кезең_____
Дәуір_____
Ғимарат_____
Шығын_____

**417-тапсырма.** Мақалдарды оқып, мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Анасын танымаған, Алласын танымас. 2. Баласы отынға барса, бабасы көшеге сыймас. 3. Баласы атқа мінсе, анасы тақымын

қысар. 4. Әке жүрегі таудан үлкен, ана жүрегі теңізден терең. 5. Анасын сүйгеннің баласын сүй. 6. Ананың басқан жерінде бейіш бар. 7. Ана баулыған бала епті, әке баулыған бала есті.

**418-тапсырма.** Берілген жағдаят бойынша өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

1. Құрылыс өндіріс технологиясының тиімді жолдарын атаңыз.
2. Құрылыс сметасының қажеттілігі неде деп ойлайсыз?
3. Бас жобалаушы болсаңыз.
4. Құрылысшы болсаңыз.
5. Құрылыс саласының бас маманы болсаңыз.

**419-тапсырма**. Термин сөздерді есте сақтаңыздар.

аспалы төбе – подвесной потолок
табандық – поддон
терезе алды тақтайлар – подоконные доски
құрылыстық көтерім құю – подъем строительный полив
жобаның байламы – привязка проекта
құрылыс өнімі – продукция строительная
құрастыру ойығы – проем монтажный
шөкпе – просадка
ісіну – пучение

**420-тапсырма.** Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтайтын сөздерді теріп жазыңыздар.

## Құрылыс экономикасы

Құрылыс экономикасы – құрылыс дамуының экономикалық заңдылықтарын, оның тиімділігін зерделейтін ғылым. Құрылыс экономикасы құрылыстың шаруашылықтағы орны, оның басқа салаларымен өзара байланысы, даму деңгейі мен қарқыны, құрылыстың экономикалық және ұйымдық құрылымы мен құрылыс-құрастыру ұйымдарын басқару жүйесі, құрылысты жоспарлау тәртібі мен тәсілдері, құрылыс өндірісін

ұйымдастырудың неғұрлым тиімді түрлерін экономикалық жағынан негіздеп, талдау жұмыстары, құрылыс маркетингісімен шұғылданады.

Сонымен қатар құрылыстағы материалдық-техникалық жабдықтау ісінің ұйымдастырылуы, құрылыстың негізгі және айналым қорларының құрылымы, құрылыста еңбек өнімділігін арттыру, өзіндік құнды кеміту, пайдалылықты өсіру факторлары мен резервтері, еңбекке ақы төлеу, материалдық көтермелеу мен ынталандыру, баға белгілеу жүйелерін жетілдіру жолдары, құрылысты қаржыландыру жүйесі, құрылысты – құрастыру, ұйымдарының қаржы қызметін зерттейді.

Құрылыс экономикасында – құрылыстарға сапалық талдау жасаумен бірге сандық талдау, ұйымдық-техникалық шешімдердің тиімді нұсқасын таңдау және экономикалық нормативтердің ғылыми негізделген жүйесін жасау үшін әр түрлі көрсеткіштердің арасындағы сандық байланыстарды анықтау маңызды рөл атқарады. Осыған орай, құрылыс экономикасында зерттеудің экономикалық-математикалық тәсілдері және электронды-есептеуіш техникасы кеңінен қолданылады. Құрылыс экономикасы басқа экономикалық ғылымдармен, сондай-ақ құрылыстың өндірістік-техникалық жағын зерттейтін ғылымдармен тығыз байланыста дамиды.

*Т.Баяхметов*

**421-тапсырма.** Мәтінде айтылған «құрылыс экономикасы» жайында әңгімелесіңіздер.


**422-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, мәтінді жоспар бойынша баяндаңыздар.

**423-тапсырма.** Мәтіндегі мына сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

| | |
|---|---|
| 1. Экономикалық заңдылық<br>2. Ұйымдық құрылым<br>3. Басқару жүйесі<br>4. Жоспарлау тәртібі<br>5. Құрылыс өндірісі<br>6. Материалдық-техникалық жабдықтау | |

| | |
|---|---|
| 7. Еңбек өнімділігі<br>8. Қаржыландыру жүйесі<br>9. Тиімді нұсқасын таңдау<br>10. Өзіндік құнды кеміту | |

**424-тапсырма.** «Экономика» сөзі арқылы сөз тіркесін құрастырыңыздар.





**425-тапсырма.** Мәтіндегі «Құрылыс экономикасы» атауына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

**426-тапсырма.** Төменде берілген сөз тіркестерінің сыңарын сәйкестендіріңіздер.

| | |
|---|---|
| 1. Құрылыс<br>2. Даму<br>3. Ұйымдық<br>4. Талдау<br>5. Белгілеу<br>6. Тиімді | |

**427-тапсырма. «**Экономика» сөзіне жұрнақ жалғап, сөйлем құрастырыңыздар.



## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. *Байсенова Ә., Карпеков Қ.* Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Атамұра, 2004. 216–234 бб.

2. *Бектаев Қ.* Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. – Алматы: Алтын қазына, 2001.

3. *Жолдасбаев С.* Ежелгі және орта ғасыр тарихы. – Алматы: Мектеп, 1992.

4. *Керейбаева Т.Х.* – Алматы, 1999. 14–45 бб.

5. *Қапан А.Қ., Баймағанбетов С.К.* Алматы архитектурасы мен қала құрылысы. – Алматы, 1998.

6. *Қасиманов Е.* Қазақтың қол өнері. – Алматы: Өнер, 1978.

7. Қазақ совет энциклопедиясы. 10 т. Алматы, 1983.

8. Қазақ күнтізбесі. Алматы, 1990.

9. *Момышов М.Н., Таубекова Ғ.К., Махамедова Б.Ж.* Қоршаған ортаны қорғау және табиғи қорларды тиімді пайдалану. – Алматы, 2002. 10–11 бб.

10. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Сәулет-құрылыс. Павлодар, 2006.

11. «Маңғыстау» энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997.

12. *Күзекова З., Қарақұсова Г.* Қазақ тілі. – Алматы: Қаржы-қаражат, 1997. 172 б.

13. Строительство дома от А до Я. –М.: РИ-ПОЛ классик, 2007.

14. Ақылдың кені. – Алматы: Қазақстан, 1991.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе ..... 3
Фонетика..... 5
Лексика..... 8
Грамматика..... 9
Сәулет өнері және оның зерттелуі..... 48
Ғимараттар мен имараттар түрлері..... 52
Сәулеттік құрылыс жүйелері..... 55
Тас өңдеу өнері..... 61
Ақыртас..... 65
Архитектура..... 70
Қолөнер – мол өнер..... 73
Ағаш шеберлері..... 77
Салауатты өмір және оның ғылыми негіздері..... 81
Темір дәуіріндегі сәулет және құрылыс ісі..... 83
Алтын адам..... 88
Бекет ата - сәулетші..... 94
Түркі дәуіріндегі сәулеттік құрылыс..... 96
Ежелгі қамал-қалалар..... 100
Сумен жабдықтау..... 101
Құрылыс машиналары..... 104
Көне түркі ескерткіштер..... 110
Алаша хан кесенесі..... 113
Қараханит кезіндегі сәулет құрылысы..... 117
Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштері..... 119
Құрылыс ісінің даму қарқыны..... 125
Тарихи шолу..... 127
Қожа Ахмет Яссауи кесенесі..... 128
Түркі дүниесінің кемеңгер ойшылы..... 132
Құрылыс материалдары өнеркәсібі..... 135
Республикамыздағы құрылыс ісі..... 139
Құрылыс материалдары..... 143
Мәдени-тарихи құрылыстар..... 149
Тәуелсіздік монументі..... 151
Пирамида..... 154

«Қазақстан» қонақ үйі..... 156
Опера және балет театры..... 158
Бас қаланың бойтұмары..... 160
Медеу мұз айдыны..... 162
Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1907-1985)..... 165
Уәлиханов Шота Ыдырысұлы..... 168
Алматының алғашқы сәулетшісі
А.П. Зенков жайында ..... 171
Қазақстанның жеті кереметі..... 173
Әлемнің жеті кереметі..... 175
Мысыр пирамидалары..... 179
Құрылыс акустикасы, алаңы, индустриясы..... 183
Құрылыс механикасы..... 186
Құрылыс материалдары ғылыми зерттеу және жобалау
институты..... 194
Құрылыс өндірісі технологиясы, құрылыс сметасы..... 197
Құрылыс экономикасы..... 200
Библиографиялық тізім 203

Оқулық басылым

Карамендина Мағжан Өміртайқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

(050729,050731,050420 мамандықтары
бойынша оқитын студенттер үшін)

Оқу құралы

АБО РБ бастығы *З. Ғұбайдулина*
Редакторы *Т. Жақсыбаева*
Компьтерде беттеген *А.Н. Оразалиева*

Басуға қол қойылды 09.11. 2012 ж.
Таралымы 300 дана. Пішімі 60х84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.
Есепті-баспа табақ 13,0. Шартты б.т. 12,0. Тапсырыс № 840
Бағасы келісімді

Қ.И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университетінің басылымы
Ақпараттық-баспа орталығы, Алматы қ., Сәтбаев к., 22

ISBN 978-601-228-338-9